Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Кәсіпқор» Холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

**Б.М.ЖАМЕКОВА, К.С.МУКУШЕВА, Н.Ж.ОМАРОВА,
Б.Қ.ТОҚАЖАНОВА**

«ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНА ИНТЕГРАЦИЯЛАУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

0111053 «Өзін-өзі тану мұғалімі» біліктілігі бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім жүйесі үшін өзектендірілген үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары бойынша оқу құралы ретінде әзірленген

Нұр-Сұлтан, 2019

УДК 159.9
ББК 88.52
О 24

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын білім беру саласына интеграциялау жөніндегі нұсқаулық /Б.М.Жамекова, К.С.Мукушева, Н.Ж.Омарова, Б.Қ.Тоқажанова/ – Нұр-Сұлтан: «Кәсіпқор» Холдингі» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, 2019 ж.

ISBN 978-601-333-709-8

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын білім беру саласына интеграциялау жөніндегі нұсқаулық оқу құралы техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің 0111000 «Негізгі орта білім» мамандығының 0111053 «Өзін-өзі тану мұғалімі» біліктілігі бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейін білім беруге арналған өзектендірілген үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары негізінде әзірленді.

Оқу құралы рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын оқу үрдісіне интеграциялау жолдарын жүзеге асыру бойынша практикалық қызметті жүргізетін білім беру ұйымдарының педагогтеріне, педагогикалық университет пен колледж студенттеріне көмекші құрал ретінде жазылған.

УДК 159.9
ББК 88.52

Рецензенттер

- «Білім» бейіні бойынша оқу-әдістемелік бірлестік «М.О. Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК;
- «Позитив-НС"ЖШС.

«Оқулық» Республикалық ғылыми-практикалық орталығымен ұсынылған

© «Кәсіпқор» Холдингі» КЕАҚ, 2019 ж.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ..... 4
І. «ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ 6
1.1. Адам – қоғамның қозғаушы күші..... 6
1.2. «Өзін-өзі тану» пәнін оқу-тәрбие үдерісіне интеграциялаудың философиялық алғышарттары..... 14
1.3. Рухани-адамгершілік тәрбиесінің педагогикалық негіздері мен қағидаттары..... 24
ІІ. «ӨЗІН – ӨЗІ ТАНУ» ПӘНІ МЕН БАСҚА ПӘНДЕРДІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ 34
2.1. «Өзін-өзі тану» пәнін интеграциялап оқыту – рухани-адамгершілік тәрбие берудің қайнар көзі..... 34
2.2. «Өзін-өзі тану» пәнінің гуманитарлық пәндермен интеграциясы.. 41
2.3.«Өзін-өзі тану» пәнінің жаратылыстану ғылымдары бағытындағы пәндерімен интеграциясы..... 50
ІІІ. СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРАЛАРДЫ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ МҮМКІНДІКТЕРІ 59
3.1. Сабақтан тыс іс-шараларда «Өзін - өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын ұйымдастыру ерекшеліктері..... 59
3.2. Үйірме, клуб т.б жұмыстарды рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасымен интеграциялау жолдары..... 70
IV. «ӨЗІН – ӨЗІ ТАНУ» РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ - КӘСІБИ ТӘЖІРИБЕДЕ 85
4.1. «Өзін – өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын интеграциялау бағытында сабақ жоспарларын құру кезеңдері мен үлгілері..... 85
4.2. Білім беру ұйымдарында «Өзін-өзі тану» пәні бойынша мониторинг жүргізудің жолдары..... 99
ҚОРЫТЫНДЫ…….. 106
ГЛОССАРИЙ..... 107
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР……... 112

КІРІСПЕ

Қоғамдағы рухани құндылықтардың табиғаты, мәні және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттелудің адамгершілік пен руханилық мәселесімен тікелей байланысты қарастырылып, осы кезге дейін күн тәртібінен түспеуі жеке тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелей отырып оқытудың аса қажеттілігін байқатады.

Оқу құралы «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын білім беру саласына интеграциялау жөніндегі нұсқаулық» ретінде 0111000 – «Негізгі орта білім» мамандығының 0111053 «Өзін-өзі тану мұғалімі» біліктілігінің техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын ескере отырып дайындалды. Оқу құралының мазмұны «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын білім беру кеңістігінде, гуманитарлық және жаратылыстану бағытындағы пәндермен, білім беруді толықтыру мақсатындағы сыныптан тыс шараларда интеграциялау мүмкіндіктері теориялық және практикалық іс жүзінде танысуға бағытталған.

Әр тақырыптың соңында студенттердің білімін бекіту, қорытындылау, іздендіру мақсатында сұрақтар мен тапсырмалар берілген.

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын білім беру саласына интеграциялау жөніндегі нұсқаулық» оқу құралы бойынша **оқыту нәтижелері:**

1. Мемлекеттік жалпы білім берудің стандартын, «Өзін-өзі тану» пәнінің оқу бағдарламасын, жоспарын талдап, түсіне алады;
2. Оқу үрдісінде «Өзін-өзі тану» пәнін және аталған пәнді интеграциялай оқытудың әдістемесін игереді;
3. «Өзін-өзі тану» пәнінің оқу-әдістемелік кешенін талдай алады;
4. «Өзін-өзі тану» РАББ бағдарламасы мазмұнын интеграциялау бойынша ұзақ мерзімді, орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспар құрылымдай алады;
5. Білім беру бағдарламасын сырттай және іштей интеграциялауды ажырата алады;
6. «Өзін-өзі тану» РАББ бағдарламасын интеграциялау бойынша оқытудың тиімді технологиялары мен әдіс-тәсілдерін іріктей алады;
7. Пәндерді оқыту және сыныптан тыс білім беру барысында интеграциялау кезеңдерінің ерекшеліктеріне назар аударады;
8. Жеке тұлғаны қалыптастыруда талантты және дарынды балаларды анықтау әдістерін қолдана алады, сынақтан өткізу үшін дескрипторлар құра алады;
9. Гуманитарлық бағыттағы пәндерді интеграциялай отырып, бөлімдері мен тақырыптары бойынша қалыптастырушы және жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыра алады;
10. Берілген дәйексөзге талдау жасауға, оларды талдау үшін сұрақтар құрылымдауға үйрету әдістерін қолдана алады;

11. Сабақтың тақырыбына, өткізілу түрі мен типіне орай материалдарды іріктей алады;

12. Сабақтың өн бойында жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығару үшін әдістерді таңдай біледі;

13. Әңгімелеу ретінде берілетін қызықты оқиғаны таңдап, оны жеткізу және түсіндіру жолдарын біледі;

14. Сабаққа және білім беруді толықтыру мақсатындағы сыныптан тыс іс-шараларда «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын интеграциялау бойынша сабақ және іс-шара жоспарын құра алады;

15. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын интеграциялау бойынша сабақ жоспарына талдау жасай алады;

16. Сөйлеу мәдениетін сақтауды біледі;

17. Интеграция жасай отыра, оқушылардың зерттеу жұмыстары мен жоба қорғау жұмыстарын ұйымдастыра алады;

18. Интеграциялаудың тиімді әдіс-тәсілдерін игереді т.б.

1-ТАРАУ. «ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН БІЛІМ БЕРУ КЕҢІСТІГІНДЕ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ МҮМКІНДІКТЕРІ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ

1.1 Адам – қоғамның қозғаушы күші

Адам – бұл ақыл-парасаты бар, сонымен бірге әлеуметтік-тарихи қызмет пен мәдениеттің субъектісі болып табылатын әлеуметтік болмыс. Ол жер бетінде эволюциялық процестің нәтижесінде пайда болды. Адам өзін және айналасындағы әлемді зерттейді, өзгертеді, мәдениетті және өзінің тарихын жасайды.

Сонымен қатар адам – философияда, психологияда, медицинада, педагогикада, әлеуметтану және тағы басқа ғылымдардың нысаны бола бермек. Адам – өзінен-өзі қоғамдық өмір жемісі болатын сананың таратушысы дейміз. Адам мәселесі, оның пайда болуы, өмірде алатын орны, тіршілігінің мәні мен мақсаты адамзат танымының формалары – мифологиядағы, діндегі, философияның, ғылымның ең негізгі мәселесі [1].

Ежелгі грек философы, Платонның шәкірті, «Адамзаттың бірінші ұстазы» Аристотель өз еңбегінде: «Адам өмірінің мақсаты бойындағы рахымшылдық сапаларын дамытса, онда ол мейірімділік мінез көрсетеді», - рақымшылдығы басым адам өзін үнемі дұрыс ұстай білетіндігін, ол табиғатынан мейірімді, адамгершілікке бейім ұстайтындығын айтады. Әл-Фараби философиялық ойларында ақыл, қайрат, жүрек жайлы түсінік беріп: «Жүректі басты мүше, оны дененің ешқандай мүшесі билей алмайды. Содан кейін ми келеді. Ол да басты мүше, бірақ үстемдігі бірінші емес», - деп өзінің әлеуметтік және рухани құндылықтарының негізіне тұлғаның ішкі сана-сезімінің даму ерекшеліктерін алды. «Тек өзіндік еркін әрекеттене алатын белсенді адам ғана қоғамға пайдалы қызметі мен жеке бақытын жасай алады, - «Бір халық басқа халықтан табиғи үш қасиетімен ерекшеленеді: болмысы, мінезі мен тілі». Ғалым әртүрлі халықтың музыкасын, тілін, мәдениетін, болмысын, әдетін, мінезін зерттеп, рухани құндылықтарға зор мән беріп, адамның осы қасиеттерінің одан әрі дамуына ерекше көңіл қойды.

И.Т.Фролов пен В.Г.Борзенков «Жаңа философиялық энциклопедияда» «адам» ұғымын анықтауда төмендегідей түсінік берген:

1. Адам – тірі әлемнің шеңберінен шығатын және белгілі бір дәрежеде оған қарама-қарсы тіршілік иесі ретінде;
2. Адам – «адам баласы» мағынасында;
3. Адам – жеке тұлға ретінде.

Қазіргі таңда жастарды тәрбиелеуде адамның ішкі жан дүниесі мен рухани әлемін тану, дамыту, жетілдіру бағытында көптеген ғалымдар Х.Т.Шерьязданова, Б.Қ.Дамитов, Т.А.Левченко, М.Х.Балтабаев, Е.Е.Бурова, А.А.Семченко, Л.К.Көмекбаева, З.Б.Мадалиева тағы басқалар үлкен ізденіс үстінде. Бұл «Өзін-өзі тану» ілімінің философиялық негізін салған ғалымдар Г.Г.Соловьева, А.Н.Нысабаев өз еңбектерінде ұстанған басты қағида – адамның кісілік келбеті мен адам деген атқа лайықты бола білуін қалыптастыру, адамның табиғатпен және әлеммен үйлесуі, рухани мәдениет,

халықтық дәстүр негізінде келер ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесін жоғары сатыға көтеру міндеттерін жүзеге асыруды көздейді [1].

Философия ғылымы адамды толғандыратын басты сұрақтарға жауап іздеуге тырысып: «Адам деп кімді айтамыз?», «Адамның әлемдегі орны мен рөлі қандай еді?», «Адам өмір сүруінің мақсаты мен мағынасы неде?». Психология жауап беретін сұрақтар қарапайым: «Адам психикасы қалай құрылған?», «Адамда қандай психикалық қасиеттер бар?», «Адамдар бір-бірімен немен ерекшеленеді, несімен ұқсайды?», «Қалай ойлаймыз, әрекет етеміз және сезінеміз?». Әрбір адам – өзінің ішкі әлемінің психологы. Адам жан-жақты, оның рухани әлемі сезімдердің, махаббаттың, эмоциялар мен эмоционалды толқулардың пайда болуына, сонымен қатар басқа адамдар үшін құндылықтардың қалыптасуына әсер ете алатын түрлі өнер түрлерінің туындыларын құруға ықпал етеді.

Ал адам тәрбиелеу жөнінде Сократтың: «Егер адам өз жағдайына көңілі толмаса, оны екі жолмен: өз өмірінің немесе жан дүниесінің жағдайын жақсарту арқылы өзгертуге болады. Біріншісі әрдайым болмағанымен, екіншісі әрдайым өз билігіңде», – деген даналық сөзі бар.

Әдепті адам теориясын Әл-Фараби өзіне тән гуманистік тұрғыдан қарастырған. Оның еңбектерінде кездесетін адамды «хайуани ақли» (ақылды жан) деп анықтау кейінгі батыс ағартушылықтағы Homo sapiens-ке сабақтас. Ақылды жанмен бірге Әл-Фараби еңбектерінде адамды «Хайуани мадани» (мәдениетті жан) деп анықтаудың да терең мағынасы бар. Осындай тұлғалық деңгейге, ең алдымен, ел басшысы көтерілуі керек. Ол өзінің аңдағыш қасиеті арқасында кемеңгер, дана, философ және парасат иесі болып шығады, оның қиял қабілетіне қасиет дарыған адам пайғамбар, сәуегей және өмірдегі оқиғаларды білгір, түсінгіш болып көрінеді, - міне, осының бәрі оның тәңірлікті танып білетін болмысының шарапаты. Мәдениетті адам тәрбиелеу мәселелерін Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Бақыт жолын сілтеу», «Ақылдың мәні туралы», «Данышпандықтың інжу-маржаны», «Бақытқа жету жайында» және т.б. трактаттарында жан-жақты талдаған. Соның дәлелі ретінде төмендегі өлең жолдарынан үзіндіні алсақ:

Бауырым, сен теріс жолға түскен жандарға ерме,
Олардан аулақ жүр, қашан да әділдік жағында бол.
Бұл дүние – біз мәңгі тұратын мекен-жай емес,
Әлемде ешкім өлімді жеңе алмайды.
Адамдар әлде құмға түскен із бе екен?
Біз соншалықты дәрменсіз болғанымыз ба?
Бір рет самал соқса-ақ, бәріміз
Мына өмірден ұшты-күйлі жоғалып кетеміз бе?
Адамға бір сәттік қысқа ғұмыр берілген.

Әл-Фарабидің бұл өлең жолдарында адамзат мәдениетіне қосқан үлесі зор екенін жақсы байқауға болады.

Өзін ұғыну төрт керемет мүмкіндікті ашады: өзін білу; өзін бағалау; өзін өзгерту; өзін қабылдау.

Өзін қалай білуге болады? Қарапайым кеңес: бақылау және талдау. Адаммен қарым-қатынас жасай отырып - өзіңізді бақылаңыз. Не сезінесіз? Басқа адамның сөзіне және әрекетіне қалай жауап бересіз? Қандай ойлар пайда болады? Қарым-қатынастағы серіктестігіңізді бақылаңыз: ол сізге қалай жауап береді? Қандай да бір жағдаятты талдаңыз, не және қалай жасайсыз. Бәрі ойдағыдай болады ма? Сіздің жетістігіңізді басқалар қалай бағалайды? Жұмыс үдерісі барысында және аяқталу бойынша не сезінесіз? [2].

Бұрын өтіп кеткен оқиғаларды және осындай сұрақтарды талдай отырып, әркім өзі туралы қорытынды жасауға болады.

Ақиқатты тануға ұмтылыс адамды өзіне мынадай сұрақтар қоюға итермелейді. Мен кіммін? Менің өмірдегі мақсатым не? «Өзімнің ішкі «Менімді» қалай тани аламын?

Рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының авторы С.А.Назарбаева өзінің «Өмір әдебі» атты еңбегінде: «Руханияттың кәусар бастауына апаратын жол іздеу – бүгінгі таңда өмір сүріп жатқан адамдардың әрқайсысының және баршамыздың басты міндетіміз екеніне сенемін, тіпті егер қаласаңыз, оны адам туралы білімдер көмбесіне апаратын жол деп санауға болады» - деген [2].

Өзінің «Мен»-інің ашылуы - адам өмірінің маңызды ашылуларының бірі. Өзін ұғыну өз өмірімізді және өзінің басқа адамдармен қарым-қатынасын неғұрлым мағыналы, басқаруға икемді етуге мүмкіндік береді. Өзінің ішкі әлемін зерттеу – қызық тапсырма. Зерттеу ерекшелігін әрбір адам өзі жасай алады.

Өзін-өзі тану ұғымына психологиялық тұрғыда В.В.Краевский: «Адам жаны өзін-өзі тек өз іс-әрекеттері үстінде ғана тани алады, оның өзі туралы білімі, сыртқы табиғат құбылыстары туралы білік секілді қадағалаудан құралады», - деп түсініктеме береді.

Әрбір адам – қайталанбайтын ерекше, нақты тұлға. Адамдар жаны мәнділігімен ерекшеленеді, олар тек сырттай ұқсас. Қаншалықты өзіңмен өзің болсаң, соншалықты өзіңді түсіне бастайсың, соншалықты өзінің болмысына тән қасиеттері айқынырақ болады.

А.Печчеидің: «Адамның өзін өзгерту керек. Өндірістің ұлғаюын тежеп, тұтынушылық идеологиясын рухани жетілуге қайта бағыттау тиіс. Мәселе – адамның өзінде», - деген пікірі жеке адамның ізгілікті саналы қарым-қатынасының қалыптасуы, оның өзін-өзі тану қажеттілігі мен рухани жетілуінің негізгі факторы екендігін дәлелдейді. Адамзаттың жаһандық мәселелердің рухани-адамгершілік сипаты – бұл жалпы рухани-адамзаттық құндылықтарға негізделген жаңаша даму бағытына көшуге меңзейді. Ал бұл жол – ізгілік жолы, адамдарды жарқын болашаққа апарар даналық жолы.

Әр тарихи кезеңнің өзіндік құндылықтар жүйесі қалыптасып, оның өзегіне адам өмірінің мән-мазмұны, дүниеге деген көзқарасы алынатыны белгілі. Қазіргі таңда тәрбиенің басты мақсаты – болашақ ұрпақтың тұлғалық қасиеттерін рухани-адамгершілік бағытта дамыту [3].

Білім алушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын өзін-өзі тану арқылы қалыптастырудың әдіснамалық негізі ретінде оқыту жүйесіндегі адамгершілік көзқарастар мен тұлғаның шығармашылық, кәсіби дербестігін дамыту туралы идеялар қарастырылуда. Адамзат жинақтаған тәжірибені келесі ұрпаққа беру, дамыту және қалыптастыру мақсатын сақтап, оқытуды ізгілендіру үдерісінде негізгі бағдарды жеке тұлғаның азаматтық белсенділігін арттыруға, рухани-адамгершілік қуатын қалыптастыруға назар аударылуда. Оның себебі, алдымен, еліміздің тарихи даму жағынан Шығыс пен Батыс, Еуропа мен Азия мәдениеті халықтарының даму кезеңдерінен өтуі, қазақи мәдени құрылымына түрлі мәдени әдет-ғұрыптарды бойына сіңірген көп ұлтты Қазақстан халқының қалыптасуы. Екіншіден, қазіргі заман талабына сай жаңа мыңжылдықтың көкжиегін ашатын, ұлттық мәдени рухани менталитетін сақтай отырып дамытатын, негізгі тәлім-тәрбие өзегі болатын, жаңа модель қалыптастыру. Үшіншіден, еліміздің әлемдегі бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына ену үшін, жаңа педагогикалық инновация мен технологияны меңгеруге қабілетті, жан-жақты интеллекті дамыған, рухани дүниесі бай көзі ашық тұлғаны қалыптастыру қажет.

Адамды адам ететін – рух пен нұрланған қасиет. Ұждансыз адамның жүрегін ешбір ғылым, ешбір өнер тазарта алмайды. Рухани-адамгершілік білім, ар ілімі, риясыз сүйіспеншілікке апаратын жол іспетті тіршілікте таза болу, адам баласына қылдай қиянат жасамай, адам – ғалам бірлігінде мінсіз өмір сүруге жетелейді. Ар ілімі - ол рухани тазалық жолы.

Адам өміріндегі ең қадірлі нәрсе табыс емес, сүйіспеншілік. Сүйіспеншілікті қарапайым сөзбен айтып жеткізе алу мүмкін емес... оны іспен ғана білдіре аласың... себебі ол сезімнің бір бөлшегі... ол адамдар арасындағы жылуды ұялатады... үлкен сезімдерге бастау береді... сүйіспеншілік жек көрушілік жоқ жерде ғана ұшқын алады...

Рухани-адамгершілік білім берудегі дұрыс әрекетке үйретудің мақсаты - рухани-адамгершілік құндылықтарға бағытталған, ойы, сөзі мен ісі бір жерден шығатын, жетілген мінезі бар адамды қалыптастыру. Рухани-адамгершілік сана-сезімі оянған адам ғана мәңгі құндылықтарды уақытша құндылықтардан, шынайылықты жалғандықтан ажыратып, бақытты болып, өзгелерді бақытты етеді.

Адам – Ақиқатты түсіне алғанда ғана, жақсыға ұмтылғанда ғана, Дұрыс әрекет жасағанда ғана, жүрегін Сүйіспеншілікке толтырғанда ғана ішкі Тыныштыққа жетеді. Адамның жан дүниесі тынышталса, оның отбасында да тыныштық болса, қоғамда да тыныштық болады. Нұрлы, жылы жүз, күлім көз, жібектей жағымды дауыс, жылы жүрек, үздіксіз мейірім, нұрлы ақыл, таза көзқарас – бұлар ішкі тыныштығы орнаған тұлғаның белгілері болып табылады. Тек қана діндер, ұлттар мен адамзатты бір отбасындай біртұтас еткен бірлік идеясы өзін-өзі тануға мүмкіндік береді. Біртұтас Рухани бастау барлық діндер мен ұлттық мәдениеттерде, жалпыадамзаттық құндылық ретінде бірдей көрінеді, сондықтан «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының мазмұны осы мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарды ашуға негізделген. Қиянат жасамау – Ақиқаттың,

Сүйіспеншіліктің, Дұрыс әрекеттің және Тыныштық тәжірибесінің тәтті жемісі болып табылады.

Рухани құндылықтың сапасы жан дүниесінің дамуы, сана-сезімінің деңгейі, білімділігі, өнерлілігі, ақылдылығы, мәдениеттілігі т.б. көптеген сапалары арқылы өлшенетін болса, адамгершілік құндылық адамның адами қасиеті (*Дұрыс әрекет*), бір-біріне деген қайырымдылық көрсетуі (*Қиянат жасамау*), мейірімділік сезімі (*Сүйіспеншілік*), іс-әрекеттегі адалдығы, әділдігі (*Ақиқат*), өмір сүру салтындағы туыстық, достық қарым-қатынасымен бірігу (*Тыныштық*) идеясымен ерекшеленетіні белгілі. Ал құндылықтық қатынас әрқашан да субъектінің бойында белгілі бір эмоцияларды – қуану, сүйсіну, таңдану, табыну т.б. қамтып дүниетаным ықпалымен қалыптасып келген. Заманауи технологиялардың қарқынмен дамығаны соншалықты, адамның әлі де шексіз дамуына мүмкіндігі бар. Адам дамыған сайын ол әлемнің жаратылуынан бірге өмір сүретін табиғаттан алыстап барады. Біз прогреске қол жеткіздік, бірақ әлі күнге дейін жалпыға ортақ бақыт жоқ. Бұл мақсатта адамгершілікті жоғалтпау өте маңызды, өйткені көптеген адамдар бар, бірақ Адамды табу қиынға соғады.

Әдебиеттерде құндылықтарды топтастыру әртүрлі берілген:

- философиялық тұрғыдан витальды (өмір, денсаулық, игілік, экология және т.б.);
- әлеуметтік (әлеуметтік статус, жағдай, байлық, отбасы, тәуелсіздік және т.б.);
- діни (Құдай, сенім, ғұрып, шіркеу және т.б.);
- моральдық (қайырымдылық, достық, сүйіспеншілік, парыз, адалдық, әділеттік және т.б.);
- эстетикалық (сұлулық, идеал, үйлесімділік, және т.б.);
- саяси (заңдылық, мемлекеттік, Ата Заң, азаматтық еркіндіктер және т.б.). Осылайша құндылықтар жалпы динамикамен сипатталатын мәдени реттеушіліктің қозғалмалы саласын білдіреді [4].

Ресейлік ғалымдар Т.И.Петракова мен Т.И.Власовалар ұсынған құндылықтар жүйесіне тоқталсақ, оларға:

- *табиғи құндылықтар* – бұл адамның табиғи күйі, жан дүниесінің қабілеті, яғни ақыл-ой, сезімі, күш, жігері;

- *жүре пайда болатын құндылықтар* – әдептілік, сыпайылық, сыйластық, жаңашырлық;

- *абсолюттік жалпыадамзаттық құндылықтар* – уақытқа бағынбайтын, ешқандай ортамен, қоғаммен шектелмейтін бүкіл адамзат үшін маңызы зор құндылықтар.

Абсолюттік жалпыадамзаттық құндылықтарды оқыту процесіне енгізу адамның ізгілікті қасиеттерін ашуға, оның рухани дамуына ықпал етсе, адам бойындағы мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығару ізглікке жол ашады.

Т.И.Петракова құндылықтарды үш түрге бөледі (1.1-сурет). Табиғи және жүре пайда болатын құндылықтар тәрбие жүзінде адам бойында қалыптастады.

1.1- сурет. Құндылықтардың жіктелуі

Жалпыадамзаттық құндылықтар – адамның ішкі жан-дүние қасиетінің өлшемі, адамның жақсылыққа ұмтылуы, басқаларға жанашырлық білдіруі, айналадағы адамдарға қайырымдылығы, өмір сүруге талпынысы, өмірді дұрыс сүру мәселелері жайында ізденуі, өзін-өзі танып, өзін-өзі бағалап, сол арқылы дүниені, әлемді тануы деп түсінеміз.

Осы негізде ішкі үйлесімділікке әсер ететін жалпыадамзаттық құндылықтарға: Ақиқат – зияткерлік аспект, Сүйіспеншілік – адамгершілік аспект, Дұрыс әрекет – физикалық аспект, Тыныштық – эмоциялық аспект, Қиянат жасамау – рухани аспектіге жатады.

Педагогикалық сөздікте: «Құндылық дегеніміз – адамның ішкі құқы, адамдармен қарым-қатынасы, ізгілігі, іс-әрекет кезіндегі көрсететін қайырымдылық тұрақтылығы, мейірімділік жүйесі» - деген. Бірақ осы құндылықтардың өмірдегі мәнін түсініп, талап және саралап қабылдайтын бұл – адам санасы. Адам санасында бірінші құндылықты анықтау үшін белгілі бір себепке байланысты қажеттілік оянады, содан қажеттілікті қанағаттандыру мақсатында алдына мақсат қойып, өзі үшін құндылық негізін анықтап алғаны жөн.

Педагогикалық тұрғыдан рухани-адамгершілік құндылықты тәрбие арқылы жүзеге асырамыз. Себебі адам жаратылысы өмірге, өзіне қарым-қатынасы, тұрмыс-тіршілігі саналы іс-әрекеті мен сезімі арқылы өлшеніп сараланады. Сондықтан ең жоғары құндылықтардың өзегі – бұл адами қасиеттер және адам екендігі қоғам дамуында дәлелденіп келеді.

Еліміздің қазіргі даму кезеңі қоғам өмірінің барлық саласындағы терең өзгерістермен сипатталады. Осыған орай, қазіргі заман адамға: өз іс-әрекетіне жауапты болу, әлеуметтік өзгерістер жағдайына тез бейімделе отырып, байыпты шешім қабылдай білу және тағы басқа жаңа талаптар қоюымен ерекшеленеді. Өркениетті қоғам үшін қымбат қазына – жеке тұлға, оның дамуы, қалыптасуы, бейімделуі мен өмірі. Студенттік шаққа аяқ басқан жасөспірімнің қалыптасуындағы түбегейлі өзгерістер сана-сезімнің дамуындағы сапалық өзгеріспен анықталады.

Тұлғаның ішкі әлемі, оның өзіндік санасы әрқашан да зерттеушілердің назарында болып келді. Сондықтан сана - сезімге байланысты әр зерттеуші әр түрлі анықтама берген. Өзіндік сана феноменін зерттеушілердің бірі И.С.Конның дәлелдеуінше, индивидтің өзін іс-әрекеттің субьектісі ретінде ұғынуына ықпал ететін психикалық үдерістердің жиынтығы өзіндік сана деп аталады да, ал оның өзі туралы көзқарастары, елестетулері белгілі «Мен» бейнесінде қалыптасады.

Г.А.Урунтаеваның зерттеуінше, өзіндік сана дегеніміз бұл - адамның өзінің жеке дара және тұлғалық қасиеттеріне, бастан кешіргендері мен ойларына саналы, ұғынымды түрдегі қатынасы. С.Л.Рубинштейн өз еңбегінде сана мәселесін зерттей келе, өзіндік сана дамуының бірнеше кезеңдерін бөледі. Бастапқысы өзінің денесін меңгеруі мен ырықты қозғалыстардың пайда бола бастауымен байланысты, ал екіншісі – басқа адамдармен қатынасындағы өзіндік еркінің көрінуімен, қоршаған ортадан өзін бөле алуымен байланысты. Осы кезден тұлғаның өзіндік санасы қалыптаса бастайды, алғашқы рет өзінің «Мені» туралы көзқарасы туындайды. Осыған байланысты болашақ маманның өзіндік санасы және «Мен» – тұжырымдамасын дамыту міндеті қазіргі күнде өзекті болып отыр.

Қорытындылай келе, абсолюттік жалпыадамзаттық құндылықтар тұлғаға рухани-адамгершілік білім берудің негізгі өзегі болып, адам бойына, тумысынан берілген сый және адамның барлық кезеңіне нәр береді.

Сұрақтар:

1. Адамның сана-сезімінің қалыптасуы қалай жүзеге асады?
2. Өз ішкі әлемді танудың мәні неде?
3. Өзге адамның ішкі әлемін білу мүмкін бе және оны қалайша жасау керек?
4. Адам санасы үш түрлі қызметіне сипаттама беріңіз. Оған әсер ететін факторларға тоқталыңыз.
5. Адамды неліктен біртұтас құбылыс ретінде қарастыру керек деп ойлайсыз?

Тапсырмалар:

1. Төменде берілген ұлағатты сөздерді оқып, топпен бірге талқылаңыздар:

- «Ең қиын іс – өзіңді өзің тану, ең оңай іс – басқаға ақыл айту» Фалес
- «Адамдар мені білмейді-ай деп қапаланба, мен өзім адамдарды білмеймін-ау деп қапалан» Конфуций

- «Адамға ең мұқият зерттейтін нәрсе ең алдымен - өзі. Өзінің жан дүниесі» Л.Н.Толстой
- «Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» Абай Құнанбайұлы
- «Ойлы адам оза береді, ойсыз адам тоза береді» Қазақ мақалы.

2. «Мен – шынайы және Мен-идеал».

Мақсаты - болашақ маманның өзін-өзі тануын, өзіне сенімділігін, эмоционалды тұрақтылығын, жағымды өзіндік қатынас және «Мен» тұжырымдамасын дамытуға бағытталған.

Қатысушыларға екі қағаз бен қарындаштар таратылады. Жүргізуші білім алушыларды өздерін екі образда бейнелеуді сұрайды: «Мен»-шынайы және «Мен»-идеал. Тапсырманы орындауға 10-15 минут уақыт бөлінеді.

- Қай кезде қысымды сезіндіңіздер, «Мен-шынайы» ма, әлде «Мен-идеал»-дыны бейнелегенде ме?
- Қалай ойлайсыздар, бұл екі образ бірдей болу үшін не істеу қажет?

3. «Өзіндік бағалау» жаттығуы.

Мақсаты - өзіндік бағалауды, ішкі қысымнан арылуға, адам өзінің тұлғалық және іскерлік қасиеттерін оң бағалауға, өзінің кедергілерді жеңуге бағытталған.

Барысы: Таза қағазды тік сызықпен екіге бөлу керек. Сол жақ бөлігіне рет-ретімен нөмірлей отыра, өзіңнің барлық кемшіліктеріңді жазу керек. Кемшіліктеріңізді тізіп, нөмірлеген соң, оң жақ бөлікке өтіңіз. Енді сол жаққа жазылған, сіздің ойыңызша, теріс қасиеттің әрбіреуін жағымды оң жаққа ауыстырыңыз. Нәтижесінде кемшілік қасиет қадір - қасиетке айналады.

4.Мен қандаймын? жаттығуы

Мақсаты - «Мен қандаймын?» деген сұраққа жауап алу. Білім алушылар арасында қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, күш-қуат жинау, өзін-өзі тану, құрметтеу, өзін еркін сезінуге көмектесу.

Қазір дәптерімізге «Мен қандаймын?» деген сұраққа жауап жазыңыздар. Жауап шынайы болуы керек. Студенттер жазып болғаннан кейін қорытындыны мұғалім оқиды. Әркім өзінің жауабын өзі ғана тыңдап отырады.

Егер жауап:

5-ке дейін болса, Сіз әрдайым тығылып жүресіз, ашылмайсыз. Өз-өзіңізді жақсы көріңіз. Он екі мүшеңіз сау, оқуға түстіңіз, осының бәріне «тәуба» деп, өзіңізді өзіңіз қабылдап, әртүрлі іс-шараларға қатысып, белсенді болуға талпыныңыз, ізденіңіз. Сіздің қолыңыздан бәрі де келеді.

Он және одан жоғары болса, өзіңіз туралы жоғары деңгейде ойлайсыз. Көпшілігін өзіңізден көруге, оларға жақсылық, бақыт тілеуден жалықпаңыз. Сіздің тілектеріңіз, күндердің бір күні өзіңізге қайтып келері сөзсіз. Кішіпейілділік, инабаттылық сіздің бойыңызда орын алу керек.

20-дан артық болса, Сіз өзіңізді өзіңіз алдадыңыз. Өзіңізді тануға, таланттарыңызды ашуға, көп кітап оқуға бейімделіңіз. Сонда бәрі де жақсы

болады. Өзіңіздің жақсы қасиетіңізді бойыңыздан іздеңіз. Сол бір жақсы қасиетіңіз үшін өзіңізді сыйлай біліңіз.

1.2 «Өзін-өзі тану» пәнін оқу-тәрбие үдерісіне интеграциялаудың философиялық алғышарттары

Қазіргі кезде көп айтылып жүрген интеграция, яғни салалас пәндердің өзара ықпалдасуы олардың мазмұндық, құрылымдық, ғылыми-теориялық және жалпы педагогикалық аспектілерінің кірігуімен ерекшеленеді. Кіріктірілген пәндердің өзара байланысын төмендегідей белгілеріне қарай сипаттауға болады:

- ықпалдасу негізділігінің пәндік мазмұнға, оқыту нысаны мен әдістеріне сәйкестігі;
- білім мазмұнын сұрыптауда білім, білік дағдыларының құндылықты, бағдарлы мәнділігін сақтау ұстанымының ескерілуі;
- білім алушының құзыреттілігінің, тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін жаңа технологиялық әдіс-тәсілдердің жиынтығы болуы қажет.

Интеграция – субъектілерді біріктіру, олардың арасындағы байланыстарды дамытып, өзара ынтымақты іс-қимылды тереңдету.

Өзін-өзі тану пәні мен басқа пәндердің интеграциясы – ықпалдастық, кіріктіру, біріктіру, шоғырландыру деген мағынаны білдіреді.

Осы тұрғыдан келгенде, білім беру жүйесіндегі «Өзін-өзі тану» пәнінің оқыту мен тәрбие үдерісіндегі орны өзгеше. Оның өзгеше болатын себебі, бұл пәннің мазмұнын басқа пәндердегідей ғылыми тұрғыдағы білім негіздері емес, керісінше руханилық бағдардағы тәрбиелік мәнді ұғымдар, білім алушының өзіндік «Менің» қалыптастыруға ететіндей дәрежедегі адамгершілік құндылықтарды қамтиды.

Қазіргі таңда таным процесінің анықтаушы тенденциясы – интеграция. Негізгі мәселе пәнді оқыту емес, пәнді оқыту арқылы тұлғаның рухани-адамгершілік дамуы. Өйткені рухани-адамгершілік білім берудің мақсаты: Сүйіспеншілік энергиясы – оқытушы үшін де, білім алушы үшін де ең негізгі ұстаным болып табылады.

Білім беру процесінің мақсаты: ойдың, сөздің, іс-әрекеттің бірлігі арқылы мінезді қалыптастыру және рухани құндылықтарға бағыттау болса, оқытушы мен білім алушы арасындағы өзара қатынасты: көмектесу, ынтымақтастық, сүйіспеншілік, түсінушілік, қабылдау, көмек беру және т.б. Олай болса, интеграция – бүгінгі таңда адамның ғылыми ойлауын және әлемдік көзқарасын анықтайды деген тұжырым айтуға болады.

«Өзін-өзі тану» пәнін оқыту арқылы бала санасында жақсы мен жаманды, қамқорлық пен қайырымсыздықты т.б өмір түсініктерін айыра білетін, өзін тану арқылы өзгені танитын, сол арқылы бүкіл әлемді танитын көкірегі ояу, шығармашылық ойы дамыған, жарқын өмірді қалайтын саналы ұрпақ тәрбиелей аламыз. Өзін-өзі тану рухани-адамгершілік білім беруді интеграциялау, ең алдымен, беріліп отырған білімді жандандыру, яғни оның рухани-адамгершілік мәнін айқындап беру.

Бұл барлық пәндерді мәңгілік бүкіл адамзаттық құндылықтар негізінде және алуан түрлі құбылыстарды бірлікте қарастыра отырып, тұтастай білім беру болып табылады. Білім беруде жалпыадамзаттық құндылықтар негізгі түп қазық болуы керек, яғни балаларға берілетін білім біртұтас, жүйелі болуы тиіс.

Интеграциялық оқытуды жүзеге асыру, оның ғылыми деңгейін арттыру – тұтастай алғанда, білім алушылардың танымдық ерекшелігіне тән дағдыларды қалыптастыру міндеті күн тәртібіне қойылған маңызды мәселелердің бірі. Осы мақсатта интеграция, интеграциялық оқыту мәселесі сан қырынан зерттелуде.

Оқыту мен тәрбиелеудегі интеграция мәселесін және білім берудегі интеграцияны әртүрлі негізде жасауға ғалымдар Н.В.Малахов, И.А.Лошкарева, И.Д.Зверев, В.Н.Максимова, Т.Г.Рамзаева, Н.Н.Светловская, М.Р.Львов, Н.Я.Виленкин, Л.И.Бурова, т.б. өз үлестерін қосты. Бұл педагог-ғалымдардың еңбектерінде интеграция туралы мәселе жан-жақты қарастырылады.

Білім берудегі интеграция – бұл адамдарда шығармашылық ойлауды дамытуға бағытталған механизм. Ол білім беру және танымдық белсенділікті жеделдету, мәдениет сауаттылығын меңгеруді жеделдетуге бағытталған. Білім берудегі әлеуметтік интеграция тек ғылымның әртүрлі салаларын біріктіруге, байланыстыру нүктелерін көрсетуге ғана емес, айналамыздағы әлемнің біртұтас екендігін түсіндіруге бағытталған. Бұл тәсіл бірнеше пәндерге де қолданылады. Бірнеше мектеп пәнінен ұқсас материал бастапқыда біріктіріледі. Содан кейін ол ақпаратты ашу мұғалімге беріледі. Бұл қолданылатын құрылымның тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Заманауи әлемнің толық бейнесін алғаннан кейінгі екінші маңызды нәтиже - оқу үдерісін жеделдету. Бұл уақытты айтарлықтай арттырады.

Интеграцияланған таным нәтижелері – жалпы ғылыми идеялардың, әдістемелік принциптердің, жүйелік талдау әдісінің мәнділігі қазіргі қоғамда артқандығы сондай – ғылыми интеграция өнімдерін үйрету оның негізгі міндеттерінің біріне айналып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, пәнаралық интеграцияны жүзеге асыру көкейкесті мәселе болып табылады. Өйткені ол оқу үдерісінің барлық құрылымдық элементтерін – білім берудің мазмұнын, формаларын, технологиясын біртұтастыққа біріктіре отырып, оның тиімділігінің артуына жағдай жасайды. Интеграция - білімнің игерілуін, іскерлік пен дағдылардың белгілі бір жүйеде қалыптасуын қамтамасыз етеді, ойлау іс-әрекетінің белсенді болуына, теориялық білімдердің студенттерге, оқу-өндірістік іс-әрекеттерінің тасымалдануының жүзеге асуына ықпал етеді. Интеграцияның жүзеге асуы білікті мамандардың кәсіби даярлығын кеңейтуді және олардың өзара байланысты кәсіптерін даярлауға мүмкіндік береді.

В.И.Вернадскийдің айтуынша, білім санының және сапасының өсуі ғылымның әртүрлі салалары арасындағы байланысты бәсеңдетуге ықпал етеді. Ал адамдар кейін нақты мәселелер бойынша мамандандырылады. Білім берудегі технологиялық интеграция барлық ғылымның жекелеген бөліктерін

кешенге біріктіруді қамтиды. Сол себепті, интеграция – әр түрлі нысандарда жүзеге асырылатын және теориялық білімді қамтамасыз ететін ғылыми пәндер аясын біріктіруді жүзеге асырады. Көп жағдайда интеграция ғылымның анықтамалары мен әдістерін басқа ғылым салаларында пайдаланудан басталып, зерделенген тақырып бойынша пәнаралық теориялар мен зерттеу бағыттарының пайда болуымен аяқталады.

Өзін-өзі танудың пәндік саласы – әр оқушының ішкі жан дүниесін байыту және өзіндік қайталанбас жеке даралығын пайымдауы арқылы табиғи қабілеттіліктері мен жасампаздық әлеуетін ашуға бағытталған мақсатты білім беру үдерісін ұйымдастыруды көздейді.

Интеграция ұғымының жалпы ғылыми мәні оның философиялық ұғымдарымен өзара байланысында қарастырылады. Әлемнің біртұтас бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік бере отырып, олардың әр түрлі оқу пәндерінің өзара байланысын саналы түрде түсінулеріне көмектеседі, адами құндылықтарды бойларына сіңірулеріне мүмкіндік туғызады. Адам өмірінің мәнді де мағыналы болуы тұлға мәдениетінің өзегі - оның жалпыадамзаттық құндылықтарының негізінде көрінеді. Сол себепті, интеграция, рухани – адамгершіліктің немесе оны қоршаған әлем туралы жүйелі түсініктің күшеюімен, ғылым мен ғылыми бағыттардың өсуімен, адамның рухани - адамгершілік дамуы мен жалпыадамзаттық құндылықтарды танып - білуге байланысты бізге жаңа адами - ғылыми әдіснама құру қажеттігі туындайды.

Мұндай әдіснама философия, педагогика және психология ғылымдарының интеграциялаудан туындаған метапән «Өзін - өзі тану» пәні болып отыр. Пән тек жоғарыда аталған ғылымдардың интеграциясын ғана емес, ол адамзаттың өркендеуі үшін қолданылып отырған ғылымдардың ешқайсысын назардан тыс қалдырмайды, олардың барлығын да қамтиды.

Білім берудің шынайы мақсаты – адамға белгілі бір білімді жеткізу ғана емес, сондай-ақ оның рухани-адамгершілік тұрғыдағы мәнін дамыту. Сондықтан «Өзін-өзі тану» пәні мен өзге оқу пәндерінің инновациялық әдіс-тәсілдер арқылы өзара сабақтастырып, интеграциялауды қажет етеді.

«Өзін-өзі тану» интеллектуалды және рухани-адамгершілік білімнің интеграциясы білім алушыларда келесі маңызды қасиеттердің дамуына ықпал етеді:

– кез келген өмірлік жағдайды және ғылыми проблеманы рухани деңгей тұрғысынан бағалау мүмкіндігі «Бәрі бір-бірімен байланысты, бәрі менде» деген ұғымды қалыптастыру;

– ғылымның аксиологиялық табиғатын және барлық білім түрлерінің ішкі бірлігін көре білу;

– мәңгілік адамгершілік және рухани құндылықтардың мәнін білу және олардың мета-қажеттіліктерін білу;

– жобалық зерттеу жұмыстарына адами құндылықтарды кіріктіру мүмкіндігі;

– өзін-өзі дамытудың ішкі күштерін ояту, интуитивті түсіну қабілеті;

– әлеуметтік белсенділік және қоғамға қызмет етуге дайын болу;

– жеке тұлғаның, қоғамның және табиғаттың өзара байланысты екендігін түсіну;

– позитивті ойлауды дамыту;

– мәңгілік және уақытша құндылықтар арасындағы айырмашылықты дамыту;

– іс-әрекетте ар-ожданның үнін басшылыққа алу мүмкіндігі;

– ойдың, сөйлеудің, мінез-құлықтың, шыншылдықтың тақуалығы;

– өзіне, ата-анасына, мемлекетке, адамзат алдындағы жауапкершілікті сезіну және өз міндеттерін орындау мүмкіндігі;

– мәңгілік мағыналар мен идеяларды іздестіру үшін рухани кеңістікке шығатын әлемдік мәдени мұраны білу және түсіну;

– басқа адамның жүрегін ерекше сүю, жанашырлық, қуаныш қабілетін сезіну;

– өзіне деген сенімділік, шыдамдылық, өзін-өзі тәрбиелеу, жағымсыз эмоциялармен анықтала алмау, оларды байқап, бақылауда ұстау;

– ішкі үйлесімділік, бірлік, жарқын махаббат сезімдерін сезіну.

Қай пән болмасын интеграцияланған сипатта қызмет ете алатындықтан, «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын өзге пәндермен интеграциялауда пәнаралық, пәнішілік байланыстар мен білім алушының іс-әрекеттік қызметін арттыруға баса назар аударылады.

Гуманитарлық, жаратылыстану-математика циклдеріндегі пәндердің мазмұнын «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім мазмұнымен интеграциялауға айтарлықтай мүмкіндіктер бар.

Қазіргі заманда жоғары рухани және адамгершіліктік қағидаға ие тұлғаны, төмендегіше сипаттауға болады:

- ✓ тұлғалық тәуелсіздіктің жоғары деңгейіне ие;
- ✓ қоршаған ортасына тәуелсіз;
- ✓ өз-өзіне сенімділіктің, өзіне сенудің, өзінің құндылықтарының жоғарғы деңгейіне ие;
- ✓ өзінің эмоциясын ұстай алуға және бақылауға қабілетті;
- ✓ өмірден өзіне не керек екенін жақсы түсінеді, нақты қойылған мақсаты бар, мақсатқа жетуде жоғары табандылыққа ие;
- ✓ әлемге лайланбаған көзқараспен, ақылмен және рухани теңдікпен қарайды. «Өзін-өзі тану» сабағында әрқайсысы тұлғаның өзіндік дамуынан өзін-өзі жетілдіруіне дейінгі жолда қызықты әрі шығармашылық жолдан өтуге тура келеді.

Ғылыми және этикалық білімдерді жинақтау идеясының өзі жаңалық емес, ол антикалық философияның дәстүрінен бастау алады. Сондықтан да болар «Өзін-өзі тану» пәні ойшыл-философ Сократтың есімімен тығыз байланысты. Сократ «Адам жаман іс-әрекетті білмегендіктен жасайды, мейірімділіктің не екенін білсе, онда ол ылғи соған ұмтылған болар еді», - деген. Антикалық білім беруде интеллектуалдық және рухани-адамгершілік білім беру үздіксіз бірлікте болған.

Өзін-өзі тану философиялық тұрғыда - бүкіл дүниені ойлау, оның шығу тегін білуге ұмтылу, адамның дүниедегі орнына үңілу, адамның ішкі дүниесінің сырын ашу, табиғат пен қоғамның негізгі заңдарын танып білу, адам өмірінің мәнін айқындауды жүйе ретінде қарастырылады. Бұдан шығатын қорытынды сол кездегі көзқарастарға тоқтала келе, өзін-өзі тану көзқарастарын зерделей отырып, оларды адамның ішкі дүниесі мен сыртқы дүниенің бірлігі үндестік тапқанда ғана табиғат пен қоғамның талабына сай тұлғаның қалыптасуына көз жеткізуге болады. Өзін-өзі тану арқылы тұлғаның өзіндік дамуына, білімдік және танымдық әрекеттеріне ықпал ету, өзара адамгершілік құндылықтары мен өзіндік бағдарын таңдауға мүмкіндік жасалу идеялары алынатындығы белгілі болды.

Аристотель: «Адамның өзінің рухани бастауының арқасында кемелденуге мүмкіндігі бар, бұл оның өміріндегі ең жоғары бақыты». «Адамның игілігі оның жақсылықтарымен үйлескен жан дүниесінің белсенділігінде, сол жанның жақсылықтары неғұрлым мол болса, соның ішіндегі ең үздігі аса кемел жақсылықтармен үйлесуі керек», – деп жазды. Адам ізгіліктердің ішіндегі ең кемелін ажырату немесе іс жүзіндегі даналық арқылы ненің мәңгілік, ненің уақытша, ненің ақиқат, ненің жалған екенін түсіне алады. Адам осы ізгіліктерді сезіну арқылы, жоғары бақытқа кенеліп, руханилыққа қол жеткізуге қабілетті. Көне қытай философы Лао Цзы: «Басқаларды білетін адам – ақылды, өзін танып білген адам – данышпан»–, депті. Ертедегі грек ойшылы Протагордың: «Барлық заттың өлшемі - адам» деген қанатты сөзі кең тараған. Гректің тағы бір белгілі ойшылы Фалестен: «Дүниедегі ең оңай нәрсе не?» деп сұрағанда, «басқаға ақыл айту» ал «ең қиын нәрсе? » - дегенде «Өзіңді танып білу» деп жауап беріпті.

Немістің ұлы философы Иммануил Канттың ойынша, адамның адамдығын айқындайтын нәрсе – парасат пен адамгершілік. Ендеше, адамгершіліктің өзі адамның еркіндікте екенін көрсетеді. И.Кант адамның рухани мүддесін мынадай философиялық сұрақтар арқылы тануға болады деген: Мен нені біле аламын? Мен не істеуім керек? Мен неден үміт етуге батылым барады? Адам дегеніміз кім?

И.Кант адамның өзін-өзі және жан дүниесін жетілдіру қажеттігін айта отырып, былай дейді: «Барлық көздеген мақсатыңа сай келуі үшін, өзіңнің рухани және тәндік күшіңді жетілдір, олар пайда болуы да мүмкін, бірақ қайсысы сенікі болары белгісіз». Қай мақсатыңа жететініңді ешқашан біле бермейсің, ол маңызды емес: ең маңыздысы бірегей моральдік заңды орындау еркіндігі.

И.Ньютон, Г.В.Лейбниц, Б.Паскаль, М.В.Ломоносов, Д.И.Менделеев және т.б. жаратушыны дүниенің бас сәулетшісі деп есептеп, ғылым мен рухани әлемді табыстыру көзқарасын ұстанды.

Капитализмнің қарқынды даму кезеңінде материалистік көзқарастың дамуы, материалдық құндылықтардың соңына түсу, уақытша қанағаттану сезімдерінің дамуы рухани құндылықтардың бағасын төмендетіп, адам тіршілігінің мәні туралы мәселені тығырыққа тіреді. Индустрияландыру, материалдық қажеттіліктерді қанағаттандыру рухы адамның рухани –

адамгершілік бастауын үзіп, оған қоса кез келген салауатты мемлекеттің және өркениеттің негізі – дәстүрлі қоғамдық қағидалармен әдет-ғұрыптың құндылығын төмендетті.

Тәңірлік философия нәтижесінде қазақтардың дүниетанымында руханилық пен «осы дүние», жан мен тән біте қайнасып, біртұтас дүниетаным қалыптасты, басқа да мәдениет пен сенім түрлеріне деген пайымды қарым-қатынас, көп алуандықтан тұтастықты таба алу қабілеттері пайда болды.

Әрбір тарихи кезеңде дамып, бірақ та осы уақытқа дейін адам санасында сақталып, оның дамуына өз үлестерін қосып отырған қазақ ойшылдарының құндылықтар туралы көзқарастарына тоқталсақ, бүгінгі күні Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаевтардың моральдық-имани көзқарастарын Қазақстан жастарын тәрбиелеу теориясының негізі және теориялық - әдістемелік бастауы болып табылады деп толық мағынасында айтуға болады.

Ағартушы-демократ, қоғамдық қайраткер әрі ойшыл, реалист-ақын, алғашқы педагог Ы.Алтынсарин, білім берудің бірнеше мәселелерімен қатар өз еңбектерінде мектеп пен отбасы тәрбиесінің адамгершілік негіздерін көрсетіп, халық ағарту ісінің рухани-имандылық негіздерін жасап берді.

Ұлы Абай адам проблемасына, оның табиғи және әлеуметтік жақтарының арақатынасын, адамгершілік, кемелдену, гуманизм идеяларын өзгеше пайымдайтын сананы тудырды. Өсиет сөздерін еске түсірсек: «Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерімен айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті. Сонда ғылым бұл үшеуінің сөздерін тыңдап болып, былай деп жауап беріпті: Сен үшеуің басыңды қос, бәрін жүрекке билет. Тек жүрек қана мейірімділік пен сүйіспеншіліктің жолын таңдайды, зұлымдыққа қызмет жасамайды» [5]. Сонымен Абай: Ақыл мен Қайратты шынайы тәрбиелеу - жүрек тәрбиесі: «Адамның ақыл-парасаты, ізгілікке деген сезімі Сүйіспеншілік арқылы шексіз жетіледі», - деді. Өкінішке орай, қазіргі өзгермелі заманда ғылым мен білім жүрекке емес, ақыл мен қайратқа жұмыс жасайды. Сондықтан бүгінгі күннің негізгі мақсаты – ғылым мен білім беруді өзінің бұрынғы қалпына қайтару.

Ғұламаның жарық дүниеге келген адам баласының маңдайына жазылған тағдыры жайлы, оның дүниеден алатын орны мен рөлі жайлы философиялық пайымдауында, сан қилы да күрделі адам болмысын жан-жақты әлеуметтік қарым-қатынасы адамдарды түзу жолға түсіреді, – деп тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарына адамның адами қасиетінің дамуын негізге алып, келер ұрпаққа бір сөзбен «Адам бол!» – деген ойларынан нағыз адам болу үшін тек қана өзіңді тану арқылы сыртқы мәдениетке, тілге, дінге мән бере отырып дамуға сол арқылы адамгершіліктің негізгі принциптері - қайырымдылық, биік талғам, шындық, әділдік негіздерін қабылдауға итермелейді немесе «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның өзінің замандастарының бәрі кінәлі» деп рухани-адамгершілік құндылықтың келесі жағы қарым-қатынас құндылығын суреттесе, өзінің отыз жетінші қарасөзінде: «Мен заң қуаты қолымда бар кісі болсам, «адам мінезін түзеуге болмайды» деген кісінің тілін кесер едім немесе «Адам

баласы бір-бірінен ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады» – деп келесі рухани-адамгершілік құндылықтарына мәдени-этикалық құндылықтардың мәнін ашып көрсетеді**.**

Көрнекті философ Ғ.Есім Абайдың Риясыз махаббат туралы пайымдауларын былайша зерделейді: «Абай айтқандай толық адам болу үшін, ең бастысы ізгі іс жасау керек. Оны Отыз сегізінші қара сөзінде де айтады. «Біз айтқан үш сүю бар. Осы үш сүю – адамның толық адам болуының ең басты тірегі». Өлең жолдарында Абай өз тыңдаушыларын риясыз сүйіспеншілікке шақырады.

1.2-сурет. Адамгершілікті өрбітетін игіліктер

Абай өз тағылымдарында: адамның өзін-өзі тану арқылы адамгершілікті өрбітетін игіліктерін атап кеткен (1.2-сурет).

Тыныштық қуаты – жүректе,

Келісім қуаты – қайратты, ерікті, иманды кісіде.

Адамның кісілігі – әсерлі, әдепті, табысты өнерінде;

Адамның ең биік қасиеті – Адам бола білу;

Таза өмірдің бастауы – адамгершілікті өрбітетін бұл адам бойындағы келесі қасиеттер: адамшылық, адалдық, әділеттілік, білімділік, еңбеккерлік, терең ой, кісілік, рахымдылық, махаббат, арлылық, намысқойлық, сертке беріктік, татулық, тәуекелшілдік, имандылық т.б. жатады.

Ал осы адамгершіліктің дамуына кері әсерін тигізетін адам бойындағы кездесетін: арамдық, азғындық, арызқойлық, сараңдық, сайқалдық, әділетсіздік, әдепсіздік, пәлеқорлық, өсекшілдік, надандық, менмендік, еріншектік, жалақорлық, залымдық, жылпостық, қанағатсыздық, жиіркеніште мінез-құлық т.б. бөліп көрсетеді.

Абайдың рухани-адамгершілікті өрбітуге байланысты осындай көрсеткіші ақыл мен білім, рухтың тазалығы әрбір адамның санасына, тәрбиесіне пайдаланса, болашақ жастарымыздың ақыл-парасаттылығы мен ой тазалығы мүдделеріне сай келетініне көз жеткізуге болады.

Одан кейінгі ұлттық тәлім-тәрбиенің көрнекті өкілдері Ш.Құдайбердіұлы, М.Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов, С. Қалиев, Ш.Майғаранова т.б. өздерінің педагогикалық шығармаларында адамгершілік, парасаттылық идеяларын кеңінен уағыздап, мәдени, рухани-адамгершілік туралы көптеген құнды деректер қалдырған.

Шәкәрім Құдайбердіұлы әдеби-көркем шығармалары өзін-өзі тану бағдарламасының мазмұндық өзегін құрай отырып, адамгершілік құндылықтарды жетілдіруге бағытталған. Ш. Құдайбердіұлының «Үш анық» шығармасы жан мен тәннің өзара байланысын көрсете отырып, ақылдылыққа, ынсаптылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу, ақыл мен мінез үйлесімділігін қалыптастыру сияқты парасаттылыққа шақырады. Шәкәрім рух пен нәпсі, ақыл мен ой, сенім мен махаббат, ақиқат, жүрек жылуы сияқты рухани ілімді талдап берді. Адам өміріндегі мақсаты – өзін-өзі танып, ақылына салып, ақ пен қараны ажыратып, тура жолын, өмірдегі өз орнын таба білу рухын өсіріп, нәпсісін тыйып тәрбиелеу Шәкәрімнің басты қағидасы болды. Яғни, адамның кез келген іс-әрекеті ол – жаны мен тәнінің ықыласынан туындайды, адам парасатты болу үшін ол өзінің ішкі жаны мен тәнінің тылсымын түсіну қажет екендігін өз ойларында дәлелдейді. Бұдан біздер, тұлғаның ақыл-ойы, сана-сезімі биік адамгершілік тұрғыда көтерілгенде ғана соны тұлға өзін-өзі танып, өз бойынан көре білгенде ғана, іс-әрекет түрінде жүзеге асыра алады - деп ұғынуға болады.

Ал, рухани сананың мақсаты – өмірдің құндылығын түсіну, ақыл-ой арқылы үнемі адамгершілік тұғырлары шындықты, ақиқатты іздеу; сезім арқылы сұлулықты сезініп, түсіну; ерік арқылы мейірімділікке, рахымдылыққа ұмтылу болып табылады.

Рухани-адамгершілік білім беру мен мектепте оқытудың интеграциясына М. Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығы жақсы мысал болады. Г.Ж.Есмағұлова, М.Жұмабаевтың шығармашылығын зерттей отырып, М.Жұмабаев марксизм философиясын қабылдамайды, оның көзқарасы жалпыадамзаттық және тиянақты құбылыстарға негізделеді деп қорытындылаған [3].

М.Жұмабаев адамды тән мен жанның бірлігі, оның ішіндегі жанның адам үшін маңыздылығын, адамды адам ететін жан екеніне тоқталады. М.Жұмабаевтың көзқарасы бойынша адамның жаны – микрокосм, яғни рухани атом. Ғалым сананы (жанды) тәннің (мидың) қызметі деген материалистік ұстаныммен келіспейді және жанды материалистік әлемдегі жан мен тән көріністерінің жиынтығы деп қарастырмайды. Ғылымда жанның пайда болуы туралы деректің жоқтығын, ал адамның рухани әлемінің құпия екендігін атап көрсетеді. Жанның көрінісін үш топқа бөледі: ақыл-парасат құбылысы, ішкі сезім, ерік-жігер.

М.Жұмабаев білім берудің басты мақсаты - ақылдың дамуын, ішкі сезімді, ерік-жігерді кірістіру арқылы жанды тәрбиелеу деген. Көрнекті педагог өзінің тәрбие тұжырымдамасында адамның мәні болып оның сүю және жақсылық жасау қабілеттілігі саналады деген. Адамның ізгі ниеті Отанына, адамзатқа рахымдылық тілеумен байланысты. М.Жұмабаев адамдарды нағыз адам болу үшін өзін және жақындарын ғана сүйіп қоймай, бүкіл адамзатты сүюге шақырады.

М.Жұмабаевтың таным тұжырымдамасының ерекшелігі – таным үдерісінде әсемдіктен рахаттанып ләззат алатын ішкі сезімдер, яғни қиял, сүйіспеншілік, әдеміліктер негізгі рөл атқарады. Мағжанның Ақиқатты тануы

Абай мен Шәкәрімнің Ақиқатты тануына сәйкес – бұл мәңгілік мұрат, заттардың мәңгілік болмысын білу. Тек ақиқатқа адал болу ғана адамды тәуелсіз етеді.

Қазіргі ғалым – философтар А.Н.Нысанбаев, Г.Г. Соловьеваның пайымдауы бойынша, батыста ғылым бағдары тарихи дәстүрлі прагматикаға, жетістіктерге жетуге, өмірлік құнды нәтижеге, кәсіби білім және ілім алуға бағытталып, бірінші орынға қойылған. Ал шығыс мәдениетіндегі бағдар адамның руханилығына, адамшылығына бағытталған. Қазіргі біртұтас ғаламшарлық жалпыадамзат және әлем мәдениеті қалыптасып келе жатқан кезеңде, осы бағдарлардың арақатынасын өзгерту қажеттілігі пайда болды: руханилық пен адамшылық бағдары алғы шепке шықты. Қазіргі позитивтік ғылым мен технологиялар, коммуникациялық және ақпараттық желілер, тектік инженерияның мүмкіндіктері, жаһандану – осылардың барлығының ғылыми нәтижелері рухани-адамгершілік тұрғысынан бақылауға алынуы керек.

Сұрақтар:

1. Адамның өзін-өзі тану мәселесін философиялық тұрғыдан пайымдаудың негізгі тарихи кезеңдері қандай?
2. Кун-Цзы құрған «моральдың алтын ережелерін» (адамгершілік императив) атаңыздар.

3. Қазақстандағы өзін-өзі тану мәселелерін зерттеудің қазіргі деңгейі қандай?
4. Өзін-өзі тану және басқа пәндердің интеграциясының мәні дегенді қалай түсінесіз?
5. Ағартушылық философиясының адам туралы пайымдаулары қандай?

Тапсырмалар:

1.Ұлағатты сөздерді оқып, топпен бірге мағынасын ашыңыздар.

- «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы» деп айтқан Әбу Насыр Әл-Фараби.

- «Өзіңді-өзі тәрбиелеу үшін алдымен өзіңді-өзің қатал әрі әділ сотыңа тарта білуің керек» Н. Островский
- «Егер естілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәрте, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір өзіңнен-өзің есеп ал. Сол алдағы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен... өзің өкінбестей қылықпен өткізіпсің бе? Жоқ болмаса, не қып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?» Абай Құнанбайұлы

2. Өсиет әңгімені оқып, жұппен кейін топпен өз ойларыңызды талқылаңыздар, ортақ шешімдеріңізді көпшілікке ұсыныңыз.

«Өміріміздегі 1 мен 0-дер»

Физмат факультетінің профессоры бір күні студенттеріне өмірлік бір сабақ үйрету ниетімен тақтаға үлкен 1 санын сызады да, студентеріне қарап: «Бұл – адамгершілігіңіз. Өмірлеріңізде болуы керек ең маңызды қасиет» деп түсіндіреді. Сосын 1-дің қасына 0 санын жазады да: «ал бұл болса, жетістіктеріңіз. Бойыңыздағы адамгершілікке табыс қосылса, адам 1-ден 10 бола қалады. Тағы бір 0 – тәжірибеңіз. Тәжірибесі болса, адам 10 емес, енді 100 болады» деп, кезек-кезек 0-дерді қоса береді: зеректік… тәртіптілік… сүйіспеншілік…. Қосылып тұрған әрбір 0 саны адамды 10 есе байытатынын түсіндіреді. Бір кезде профессор сандар тізбегінің ең басында тұрған 1 санын өшіреді. Сонда тақтада тек 0 сандар қалады. Сонда профессор студенттеріне: «Адамгершілігіңіз жоқ болса, қалғанның бәрі түк те тұрмайды».

3. Рухани-адамгершілік тәрбие ұғымын одан әрі өз білім, білігіңізге сүйене отырып толықтырыңыз.



4. Кестені пайдалана отырып, оқушылардың бір пән негізінде рухани-адамгершілік тәрбиесінің қалай жүзеге асатынын көрсетіңіз:

Пән	**Пән бойынша сабақтан тыс іс-әрекетпен байланыс**	**Әлеуметтік ортамен байланыс**	**Отбасы, ата-аналардың қатысуы**

5. Рухани-адамгершілік білім беру туралы идеялар матрицасын құрыңыз.

Автор	пікірі	ұқсастығы
Аристотель		
Лао-Цзы		
И.Кант		
А.Құнанбайұлы		

1.3 Рухани-адамгершілік тәрбиесінің педагогикалық негіздері мен қағидаттары

Қазіргі қарыштап дамыған елде, ең алдымен, ұрпақ тәрбиесіне аса мән беріліп отырғаны белгілі. Себебі ұлттың бүгіні де, болашағы да өскелең ұрпаққа байланысты. Осы тұста мектептің алдына қоятын басты мәселелерінің бірі-өркениетті, азаматтық – адамгершілік қасиеті мол, сондай-ақ ұлттық құндылығын жоғалтпаған, бәсекеге түсе алатын биік, өрелі, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу.

Тәрбие дегеніміз – қоғамдық үздіксіз үдеріс, қоғам мен жеке тұлғаның қарым-қатынасындағы басты жүйе. Оның негізгі өлшемі - өмірге қажетті тұлғаның жеке қасиеттерін дамыту.

Қоғам талабы жаһанда болып жатқан әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени жаңалықтарға байланысты оқу үдерісін ұлттық сипатта ұйымдастырады.

Ұлттық тәрбиенің негізгі түйіні – адамгершілік пен имандылық, ақыл-ой мен еңбек, эстетика мен этика, дене тәрбиесі мен шеберлік, отбасы тәрбиесі мен ұқыптылық, қайырымдылық пен әділеттілік сияқты ізгі қасиеттерді бала бойына сіңіруге бағытталған. Әр халықтың өзіне тән дәстүрі, мәдениеті осы оқу-тәрбие үдерісіне тікелей байланысты. Қазақ халқы өзінің бай тарихи мұрасын, өнері мен тілін, салт-дәстүрін, әдеп-ғұрпын, рухани-адамгершілік тағылымдарын ұрпағына мұра етіп қалдырған. Сондықтан оқу-тәрбие үдерісінде қолданылатын әдіс-тәсілдер, деректер ұлттық психология ерекшеліктерін ескеру қажет. Біздің мақсат – өскелең ұрпаққа тәрбие беруде күнделікті тұрмыс кәсібін ұлттық арнада ұйымдастырып, рухани-адамгершілік тағылымымен ұштастыру.

«Адамгершілік» – адам бойындағы «ізгілік», «сыйластық», «инабаттылық», «кісілік» сөздерімен мәндес. Халықтық педагогикада адамның жағымды мінез-құлықтарын осы ұғымдардан таратады. Мінез - құлық пен қарым-қатынастағы келесі әрекеттерді атап өтуге болады: адамды сыйлау, ар-ұятын сақтау, мейірімділік таныту, кішіпейілділік көрсету т.б.

Рухани-адамгершілік тәрбие дегеніміз – білім алушының жоғары моральдық-рухани табиғатын ашуға ықпал ететін және ой, сөз, іс-әрекет бірлігінде өмір сүріп, кемел мінезді тұлға болып қалыптасу мақсатын көздейтін, білім беру мазмұнына жалпыадамзаттық құндылықтарды енгізу арқылы белсенді оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастырудың және ынталандырудың мақсатты түрде бағытталған педагогикалық үдеріс.

Адамгершілік тәрбие мәселесі негізінен ұлттық құндылықтарға сүйене отырып, тәрбие берудің әдістемелік жолдарына негізделеді:

- Ұлттық дәстүрлер арқылы оқу-тәрбие үдерісінде адамның рухани мәдениетін қалыптастыру.
- Ұлттық дәстүрлер арқылы адамның психологиялық ерекшеліктерін зерттеп, дамыту.
- Салт-дәстүрлер негізінде, ұлттық психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, рухани-адамгершілік құндылықтарды тәрбиелеу.

Міне, осы тұста қоғамға жан - жақты білімді, жоғарғы мәдениетті, еңбекқор, іскер, ізденімпаз, қабілетті, шығармашыл тұлға қажет. Ондай тұлғаны орта және білім беру мекемелері тәрбиелейді.

Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды педагогикалық шарттары – білім алушылардың белсенді өміршіл, саналық көзқарасын, сөз бен істің бірлігін адамгершілік нормаларынан ауытқуларына жол бермеуді қалыптастыру. Ол баланың жеке басының қалыптастырушы дамудың аса маңызды бір саласы. Бұл арқылы Отанға, еңбекке қатынасын айқындайды. Ұстаз шәкірттерге жан-жақты тәрбиені осы адамгершілік тәрбиесінен бастайды. Себебі бұл оның адамгершілік сезімін, сенімін белгілі бір мақсатқа жетелеу іс-әрекетін ұйымдастыруды жетілдіреді. Сонда ғана ұстаз шәкірттерінің ізгілігін, адалдығын, кішіпейілділігін қалыптастырады [6].

Ізгілік отбасынан бастау алады, оған ата-ананың берген тәрбиесі, тұрмысы ықпал етеді. Халқымызда: «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» дегендей, адамгершілік тәрбиенің негізі отбасында қалыптасатыны белгілі. Халық ауыз әдебиеті адамгершілік-эстетикалық тәрбие беруде баланың ой-өрісін дамытады. Олардың тіл байлығы және шексіз шешендік мүмкіндіктерін арттырады.

Білім алушыларды кішіпейілділікке, адамгершілікке тәрбиелеуде қазақ халқының тәлімдік тиімді құралының бірі – мақал-мәтелдер. Оларда халықтың тұрмыс - тіршілігі, әдет - ғұрыптарының дәстүрлері, бақыт жолындағы күресі, баланың өзара қарым-қатынастары – өз халқына, Отанға, туған жеріне, оның табиғатына сүйіспеншілігін бейнелеген. Мәселен:

«Жақсы сөз – жарым ырыс»,– деп адам қасиетін білдірсе,
«Ұлық болсаң – кішік бол», – кішіпейілділікті,
«Әдепті бала – арлы бала,
Әдепсіз бала – сорлы бала», - деп көрегендікті,
«Шешеннің тілі ортақ,
Шебердің қолы ортақ», – деп адам бойындағы өнер жалпы халықтың қазынасы екендігін уағыздайды.

Білім алушылардың рухани-адамгершілік тәрбиелеу мәселесі әрбір ата-ананың, қоғамның және жалпы мемлекеттің алдында тұрған негізгі мәселелердің бірі, себебі қоғамда жас ұрпаққа рухани тәрбие беру мәселесіне қатысты күрделі мәселелер қалыптасты. Қазіргі таңда өскелең ұрпаққа арналған нақты өмірлік бағдарламаның аз болуы, қоғамдағы рухани-адамгершілік ахуалдың төмендеуі, балалармен бос уақыттағы мәдени жұмыстарының әлсіздігі, балалардың физикалық дайындығының нашарлауы

және тағы басқа өзекті мәселелерге айналды. Білім беру жүйесі тұлғаның рухани дамуына жоғары деңгейде кепіл бола алмайды, өйткені тәрбие – бұл күнделікті өмірдегі адамның әрбір адамға деген құрметі мен сыйластығы негізіндегі басқа адамдарға деген қарым – қатынасын анықтайтын тұлғаның сапасы.

К.Д.Ушинскийдің айтуынша: «Тәрбиелеудің басты міндетін адамгершілік әсер етуден құрайды», - десе, дана Абай: «Ақпейіл және ықыласты жүрек адамды жетелеуі тиіс, сонда ғана оның еңбегі және табыстылығы ерекше мәнге ие болады. Адам болып дүниеге келу жеңіл, бірақ адам болу қиын», – деген болатын. Тәрбиенің маңыздылығы сондай, біздің болашақ ұрпағымыз тәрбиеден ғана рухани байлық алып, тәрбие арқылы ғана Адам болып қалыптасады.

Адамның адамгершілік негіздері болмаса, ол еркінен, өмірлік бағдарынан тез айырылып, тағдырдың ойыншығына немесе қылмыс әлемінің құрбанына айналады. Ондаған, мыңдаған нашақорлар, маскүнемдер, қаңғыбастар, қамқорсыз балалар, жетімдер – бұл күннің шындығы. Әсіресе, балалар мен жасөспірімдер кері жолға бейім болады [7].

Әрине, әр адам өз өмірінің қожасы және ол өз өмір жолын өзі таңдайды, басқа адамдармен қарым-қатынас жасайды, қателіктерге бой алдырады. Сені қоршап тұрған жағдайды өзгертуге болады, бірақ өзіңнің ішкі әлеміңнен қашып құтыла алмайсың. Сонымен қатар, егер адамның жаны немесе рухы сырқат болса, онда ешқашан сау бола алмайды. Сондықтан адамның қандай рухани құндылықтарды игергені өте маңызды. Адамгершілік тәрбиесі оқу тәрбие үдерісінің барлық саласында, оқыту, білім беру және еңбекке баулу үдерісінде жүзеге асады. Тәрбиелі болу үшін адамгершілік қасиеттерді жатқа білу жеткіліксіз, оның терең ой елегінен өткізу, бастан кешіру, мінез-құлыққа бекіту керек.

Тәрбие ісі нақты кезеңнің ерекшеліктерін сақтай отырып, болашаққа бағдар береді, жеке тұлғаны соған дайындайды. Жеке тұлғаның адамгершілік құндылықтары өмірге келген күнінен басталады. Мектепке дейінгі жаста балалардың бастапқы адамгершілік қасиеттері мен ұғымдары, мінез – құлықтың қарапайым дағдылары қалыптасады. Баланың мектеп жасына дейінгі қалыптасқан мінез-құлықтары болашақта ересек қоғамда және құрбы-құрдастарымен қарым-қатынасқа түскенде көріне бастайды. Бастауыш сыныпта адамгершілік көзқарастардың, мінез-құлықтардың, сезім мен сананың жаңа түрлері одан әрі дамытылады.

Мектеп оқушыларын адамгершілікке тәрбиелеу, ең алдымен, оқыту үдерісінде қалыптасады. Әр түрлі пәндерді оқыту кезінде бастауыш сынып оқушыларының достық, жолдастық, өмірге деген белсенді көзқарас, Отан туралы ұғымдары қалыптасып дамиды. Үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету, ата-аналарды қадірлеу, еңбектенуге үйренеді. Бұл жаста балалар сапалы тәртіпке, жолдастық өзара көмекке, адамның көңіл-күйін түсіне білуге дағдыланады. Олар мектептегі оқу әрекетіне деген өзіндік қатынастарын, отбасында, қоғамда өзін-өзін ұстауды біледі. Соның нәтижесінде мектеп

оқушыларында дербес және қоғамдық мінез-құлық, адамгершілік қарым - қатынасы дамиды.

Білім алушылардың бойына тәрбие негіздерін дарыту мектепте оқытылатын барлық пәндерге бірдей жүктеледі. Әсіресе, білім алушының адамгершілікке тәрбиелейтін пәннің бірі – өзін-өзі тану»пәні. Пәннің басты міндеті – өзінің дүниетанымына үңілу, өзіңді сүю мен сыйлай білу, өз ісіне жауапты болу, өз арыңмен келісімде өмір сүру, өзіңнің жаныңа жақын іспен айналысу, адамдарға мейірімділік таныта білу, ізгілікті болу. Тәжірибе көрсеткендей, өзін-өзі тану білім берудің құнды мәнін нығайта отырып, тұлғаның шексіз сүю, өз ісіне және жеке күшіне сену, ізгілікті іс жасау, көп білу және өзін-өзі жетілдіру, физикалық, психикалық, рухани дамуда үйлесімдікке қол жеткізу дағдыларын қалыптастырады.

Заманауи өзін-өзі тану – адамның бойына тумысынан салынған мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарды аша отырып, оны адамгершілік қасиеттер арқылы жарыққа шығарады.

Білім алушыларға тәрбие беру тек жеке пәндерде ғана емес, сыныптан тыс іс-шараларда, үйірме жұмыстарында рухани құндылықтарға баулуға болады. Рухани тәрбие өзінің әрбір құбылысынан алуы мүмкін. Олай болса, кез-келген оқу пәні оқушылардың адамгершілігін, жақсы мінез-құлқын қалыптастыру құралы бола алады [8].

Жасөсіпірімдерді адамгершілікке тәрбиелеуде өмірде кездесетін түрлі жағымсыз жағдаяттардан сақтану мәселесі де ескерілуі қажет. Көбіне көптеген отбасыларында күнделікті тірлік қамымен балалардың рухани қажеттіліктері ескерілмей, екінші орынға жылжиды. Бала дұрыс, адамгершілік іс- әрекеттерді, салауатты өмір салтын, жақсы мен жаманды айыра білу, өзін-өзі жетілдіруге деген ынтасын қалыптастыруы керек, қажет кезде өз бетімен шешім қабылдап, дұрыс таңдау жасауы үшін кішкентайынан өз дегенін іске асыруға баулу керек. Ал бұл дағдылардың барлығы жанұяда қалыптасады.

Балаларды адамгершілікке тәрбиелеуде ата-ананы оқу-тәрбие үдерісіне қатыстыру, олармен тығыз байланыс орнату мәселесі басты назарда болуы тиіс.

В.А. Сухомлинский өз сөзінде: «Егер баланы тәрбиелеген дәрежеге жеткізудің сәті түссе, адамгершілік тәрбиесі жеке адамды жетілдіруге тиімді ықпал жасайды» дей отырып, «Егер біз балаға қуаныш пен бақыт бере алсақ, ол бала дәл сондай бола алады», – деген болатын.

Рухани дүниесі бай, қажеттіліктері мен қызығушылықтары, талғамы, ой-өрісі кең адамдарды толық қалыптасқан, мінезі тұрақты адам дейміз. Мінездің тұрақтылығы адамның рухани-адамгершілік түсініктерінен туындайды. Ендеше, білім алушыларды рухани-адамгершілік тәрбиесі арқылы толыққанды жетілген азамат етіп тәрбиелеу – қоғамымыздың басты мақсаты. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу барысында мұғалім оқушыны тұлға ретінде танып біліп қана қоймай, оның дамуында кешегіні, бүгінгіні, болашақты көре білуі қажет.

Рухани-адамгершілік тәрбие – бұл адамның туғаннан басталатын және өмір бойы жалғасатын, адамдардың мінез-құлық нормаларын игеруіне бағытталған үздіксіз үдеріс. Оның мазмұны оқушының жеке тұлғалық қасиеттерінің қалыптасу шеңберінде дамиды. Сондықтан оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыруда оқушылардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеру маңызды орын алмақ.

«Өзін-өзі тану» пәні мен басқа пәндерді интеграциялау процесі кезінде мына қағидаттар басшылыққа алынады (1.3-сурет):

1.3-сурет. «Өзін-өзі тану» пәні мен басқа пәндерді интеграциялау қағидаттары

1.Жалпыадамзаттық құндылықтар қағидасы. Құндылықтар сезім мен ақыл-ойдың ұштасуын, сол арқылы адамның іс-әрекет бағдарын белгілейді. Құндылықтар тек объективті, яғни шынайы ғана болады, ол адамға тәуелді емес, солай бола тұра, субъективті, өйткені ол адам санасында орын алады. Құндылықтар сезім арқылы қабылданады, ал сана арқылы оны түсінуге болады, соның нәтижесінде тұлға құндылық бағдарды игереді де, іс-әрекет етеді.

Рухани-адамгершілік құндылықтарды өзін-өзі тану арқылы қалыптастыру бір-бірімен тығыз байланыстағы ішкі құрылым жағдайында өзара ықпалдасса, өзара дамыта алатын субъектілік қарым-қатынастар арқылы жүзеге асырылады.

Рухани-адамгершілік құндылықтарды философиялық, педагогикалық, психологиялық жағынан терең талдап, оларға жекелеген анықтама жасай отырып, рухани-адамгершілік құндылыққа жалпы біріктіре келіп анықтама береміз. Сонымен рухани-адамгершілік құндылық дегеніміз – адамның өзінің табиғи жаратылысы мен өзін-өзі тану, қабылдау, сезіну арқылы сарапқа түсіп

дамыған, сыртқы ортаның ықпалы нәтижесінде қалыптасқан, тұлғаның тұрақтылығы мен жетілу деңгейін, қоғамдағы орнын, даралық қасиеттерінің сипатын айқындайтын ішкі құрылымдық элемент деп білеміз.

Мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар–сүйіспеншілік, ақиқат, тыныштық, парыз, қиянат жасамау, мейірімділік, жанашырлық мәңгі, тарихи шоғырланбаған, рухани болмысы бар, әлеуметтік, саяси, ұлттық, ғылыми, тұлғалық және басқа да құндылықтардың өзгермелі жүйелерінің тұрақты бөлігі болып табылады. Осы құндылықтар әр адамның бойында және Әлемнің материалдық құрылымында болмысынан бар. «Мейірімділік, әсемдік, сенім, үміт, сүйіспеншілік – ойдан туындаған нәрсе емес, болмыстың ішкі заңдары. Адам болмыстың терең құпиясына бойлай отырып, оны материяның танымдық заңдарымен бүркемелеуі керек. Бұл заңдар да маңызды, алайда олар болмыстың тек беті ғана. Ең маңызды сұрақтардың жауабын адам өзінің ішкі дүниесінде ұстайды және де «қарапайым» сенім, үміт, Сүйіспеншілік, мейірім осы жауаптарды құрайды. Олар рух пен материя заңының мәні; олар болмыспен біртұтас». Міне, осылар рухани-адамгершілік білім мен зияткерлік оқыту интеграциясының бірегей ықтимал негізін жасайды.

Егер интеграцияны дұрыс жолға қойсақ, «Өзін-өзі тану» пәні уақыт өте келе тұтастықты, адамшылықты және руханилықты қамтамасыз ететін білім берудегі өзекті пән, яғни метапәнге айналуы тиіс. Ол үшін мектептің білім беру мазмұнын, оқу пәндерін рухани-адамгершілік құндылықтармен интеграциялау керек. Сол кезде оқушылардың пәндік білімін қалыптастыруда адамның ішкі болмысына тән қасиеттері ашылып, өздерінің іс-әрекетінде шындық, парыз, Тыныштық, Сүйіспеншілік, Қиянат жасамауы байқалады.

Жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі білім мазмұнындағы интеграциялық ұстанымның негізі болуы қажет. Бұл жағдайда материалды іріктеу кезінде материалдың танымдық мәні ғана емес, оның тұлғаның дамуына және рухани-адамгершілік қасиетін анықтау мен дамытуына ықпалының қаншалықты екені назарға алынады. Сонымен білім берудің мазмұнының негізін құрайтын мәңгілік ақиқат (құндылықтар) оның өзегі болуы керек.

Оқыту үдерісінде тұлғаның өзін-өзі айқындау және өзін-өзі дамыту қағидаты. Адамның өз бойынан шығатын жоғары рухани мәнін анықтауға бағытталған рухани-адамгершілік білім беру – бұл ішкі білім. Бұл жағдайда білімді дайын күйінде бермейді, ол оқушының даму бағдарын сыртқы әлемді тану арқылы өзінің ішкі шексіз әлемінің әсемдігін ашуға бағыттайды. Оқушы өзінің ішкі әлемін ашып, саналы түрде өздігінен даму жолына түсіп, өзіне қажетті білімді ашады, өз ар-ұжданының ішкі дауысы оның мәңгі рухани ұстазы болады. Сондықтан да рухани-адамгершілік білім адам бойына бастапқыдан бар процесті анықтап, ашып жетілдіруге мүмкіндік береді. Осы орайда білім алушыларға төмендегідей тапсырмалар беру ұсынылады. Мәселен, өсімдік ұрығын алайық, ұрықта болашақ өсімдік туралы ақпарат бар, адам өсімдікті қалыптастырмайды, оның ұрығында оны қалыптастырып

дамытатын ішкі күш бар. Бірақ та адам оның ішкі даму күшіне жағдай тудырып немесе кедергі келтіруі мүмкін. Сол тәрізді мұғалім де әр оқушының ішкі өзін жетілдірудің ішкі күштеріне қолайлы немесе кедергі келтіретін жағдайлар жасайды.

Бұл қағидат оқыту үдерісінде өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі тану қабілеттерін, шығармашылық мүмкіндіктерін белсендіруді дамытуды көздейді. Педагогикада сыртқы тәрбиелеу үлгісінен ішкі әлемді тәрбиелеу үлгісі біртіндеп жүзеге асырылады, тұлғаны қалыптастыру мен дамуына ықпал ететін дәстүрлі факторлардың шығу тегі, орта, тәрбие, іс-әрекет, қарым-қатынастан басқа өздігінен дамудың ішкі күші жарыққа шығады: тек болмыс қана сананы анықтамайды, ең алдымен, сана болмысты анықтайды.

Бірлік қағидаты. Барлығы бір-бірімен тығыз байланыста және бірлікте болуы. Әлем құрылымының кішкентай бір бөлігінен тұтастың контурын көруге болады. Бұл жерде мұғалімнің өзі өзара байланыс және бірлік қағидатын саналы түсінуі тиіс, мысалы ежелгі даналар былай деген: «Жұлдыз көп – аспан біреу, сиыр көп – сүт біреу, зергерлік бұйым көп – алтын біреу, адамдар көп – адамзат біреу». Білім алушыларды көп бейнеліктен бірегейлікті көре білуге дамыту керек, олар өздерінің бүкіл адамзатпен байланысын сезіне білуі керек. Бүгінгі мектептің негізгі мақсаты: «оқушыларды ойлай білуге оқыту». Ойлай білу дегеніміз – стандартты есептерді стандарттық әдіспен шешу емес, қазіргі өзгермелі кезеңдегі ғылым мен өмірдің кездейсоқ жағдайында стандарттық емес нәрсені анықтай білу және күтпеген шешім қабылдай білу. Сонымен бірге қазіргі жағдайда адамдар қабылдайтын шешімдер табиғаттың, басқа адамдардың, ғаламшардың рухани-адамгершілік ахуалын жақсартуды ескеруі тиіс. Сонымен, санасын кеңіткен адам кеңістік пен уақыт шектеген шектеуден көтеріліп, өзін және өмірдегі жағдаяттарды бағалап, мәңгілік ақиқат тұрғысынан мәселелерін шешіп, шынайы ой мен жетілген шешімнің тууына мүмкіндік туғызады.

Оқушылардың ғылыми-зерттеу шығармашылығына шабыттандыру қағидаты. Бұл қағидат алдыңғы қағидатпен байланысты. Білім алушылардың ойлау қабілетін дамытады, «барлығы бір-бірімен байланысты осының бәрі «Мен» рухани деңгейде кез келген жағдаятты және ғылыми мәселені бағалай білуге үйрете отырып, олардың ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытып, шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік туғызады.

Оқушыларды өздерінің жалпыадамзаттық құндылығының бағытталуы негізінде ғылыми-зерттеу іскерлігіне, ғылыми-рационалдық білімнің барлық түрлерінің бірлігі мен өзара ішкі байланысын бейнелейтін, пәнаралық жобалар зерттеулер ұйымдастыруда шабыттанудың маңызы зор. Оқушылардың жаратылыстану, экономикалық, саяси тақырыптардағы ғылыми жобаларын адамгершілік, этикалық құндылықтар туралы олардың көзқарастары тұрғысынан талдап, бағалау маңызды. Білімді интеграциялау үдерісінде алған білім жанды және тәжірибелі болады, ол оқушыларға жалпыадамзаттық құндылықтарды біріктіретін бастауды әлемнің ғылыми суретінен, ғылыми зерттеулерден және қоршаған өмірден көруге, ал болашақ

мамандарда бірегей рухани-материалдық тұтас әлемнің бірлігін қалыптастыруға көмектеседі және ұрпақтан-ұрпаққа зияткерлік қана емес, рухани - адамгершілік құндылықтарды табыстауға рұқсат береді.

Әлеуметтік ынтымақтастық немесе қоғамға қызмет ету қағидаты. Білім берудегі басымдылықтың дұрыс құрылмауына байланысты, жақсы дамыған талантты оқушылар бағдарламаларға сәйкес тиісті білім қорын игергенімен, оны алға дамытуға, қоғам игілігіне жаратуға дайын емес болып шығады. Қоғамда дүниеге келген адам сол қоғамның игілігі мен дамуы үшін қызмет етуі тиіс. Қазіргі қоғамға білімді, ашық жүректі, ақыл-ойы кең, риясыз қызмет етуге қабілетті адам қажет. «Қарапайым өмір мен жоғары тұрғыдан ойлау», – міне, осы білім берудің идеясына айналуы тиіс. Өкінішке орай, бүгінгі күннің идеясына «жоғары деңгейдегі өмір мен төмен тұрғыдан ойлау» айналған. Қазіргі білім алушылар – болашақ ғалымдар, саясаткерлер, қоғам қайраткерлері, кәсіпкерлер – олардың өздерінің кәсіби қызметтеріне қандай қағидаттарды басшылыққа алатыны біздің бүгін олардың игеретін білімдерін қандай құндылықтармен толтыруымызға байланысты.

Қоғамдағы өтіп жатқан барлық үдерістің білім алушылар үшін жат болмай, алған білімін халықтың тұрмысын жақсарту үшін қолдануға болатын тұстарын көре білуінде. Бұндай жоспар үшін олар бір топ болып жұмыс жасауды, өмірлік міндеттерін тұжырымдауды және іс жүзінде шешуді үйренуі тиіс.

Позитивтік қағидат. Бұл қағидатты жүзеге асыруды өмірдің барлық салаларында мейірімділік, өзара көмек және ынтымақтастық ахуалдарын тудыруға бағытталады. Сабақ барысында сүйіспеншілік пен сенім ахуалы тудырылған оқыту үдерісі тұлға үшін өте маңызды болады және ол оқушылардың өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі тәрбиелеуінің ішкі күшін оятады. Сабақ үстіндегі ахуал сүйіспеншілік энергиясымен толыққанда, білім алушылардың ең жақсы қасиеттері көрініс береді. Олар оқыту үдерісі кезіндегі өздерінің адамгершілік қылықтарынан қуанышқа бөленіп, оның дәмін сезеді. Оқушылардың шындыққа, саралап ойлауға жағымды қатынасын, табиғаттың бастауына, басқа адамға, тұтас әлемге құндылық қатынасын дамыту өте маңызды. Жағымды ойлау дегеніміз – өзіне, адамдарға, әртүрлі жағдаяттарға жағымды қатынасты дамыту. Жағымды ойлаудың күші психологиялық әдебиеттерде сипатталады. (А.Г.Маслоу, К.Роджерс, С.Л.Рубинштейн). Жағымды ойлау не нәрсені де терең түсінуге көмектеседі. Шындығында, барлығы бір-бірімен байланыста болса және сыртқы оқиғалар адамның дүниесін бейнелесе, онда өмірде жағымсыз оқиға болған кезде, бұл жағдаятты жағымды не, оның мәнін және одан адам қандай сабақ алатынын ойлану керек. Ажырата ойлау – Ақиқат пен мәңгілікті бірінші орынға қою арқылы, ақиқат пен жалғанды, уақытша мен мәңгілік құндылықтарды саралау қабілеттілігі.

Мәдени сәйкестілік қағидаты. Бұл қағидат барлық халықтардың мәдениетіне құрметпен қарау, оқыту үдерісін әлемдік мәдени мұралардың әсемдігімен және даналығымен байытуды қарастырады. Адам өмірінде

мәдениет болмаса, өмір мағынасыз болады, сол себепті мәдениет – өмір салты. Шынайы мәдениет – ол сүйіспеншіліктің арнасын кеңейту, тар ойлаудан аулақ болу, әлемді ауқымды түрде көруді дамыту. Нәтижесінде біздің өзіміз де, айналамыздағы қоршаған адамдар да шынайы қуанады. «Мәдениет пен өркениетті ажырату – адам санасындағы өмірдің рухани және материалдық аспектілерінің бөлінуінің нәтижесі. Тіршілікте рух пен материя өзара ажырамайды, бірақ олар өмірде сезілмейді. Адам өмірге өзін-өзі тану үшін, сол арқылы рухани әлем мен материалдық әлемнің аспектілерін біріктіру үшін келеді, табиғат сүйіспеншілікпен жасайтын пендеге мұқтаж». Мәдениет әлеміндегі өнер, білім көздері, жоғары ұғымдар, бейнелер мен түрлі идеялардың барлығы адам санасының туындысы ретінде интеграциялану үшін аса маңызды мәңгілік құндылықтар қатарына жатады.

Интеграция процесінде даналықтың көзі болып саналатын қазақтың ұлттық мұрасын, туған жерге деген сүйіспеншілігі мен адамдарға риясыз қызмет етуге ұмтылуын пайдалану өте маңызды. Әл-Фараби, Ж.Баласағұн, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш. Құдайбердіұлы, М.Жұмабаев және басқалардың шығармаларында көрсетілген Қазақстандағы рухани бай мұралар мен жоғары адамгершілік идеялар адам мінезін тәрбиелеуге арналған өмірлік үлгілердің көзі болып табылады.

Табиғи сәйкестілік қағидаты. Тұлғаның жас және дара ерекшеліктерін, психикалық өзіндік ерекшеліктерін және әрқайсысының жеке тәжірибесін барынша тіркеп, физиологиялық қалпын және психикалық саулығын болжайды. Осы тұста Л.С.Выготскийдің: «Ұстаздың әртүрлі деңгейде дамыған оқушылардың барлығына бірдей материалды баяндауы, барлығына бірдей талап қоюы және бір өлшеммен бағалауы орынсыз, ол психологиялық шындыққа жанаспайды» - деген сөздерін есте сақтауымыз қажет.

Әр оқушының жас ерекшелігінен басқа өзіндік психологиялық ерекшеліктері де болады. Сондықтан да мұғалімдер оқушылардың барлық іс-әрекет салаларындағы дербестік белсенділігін арттыруға ықпал ететін ізгілікті әдістерді міндетті түрде пайдаланулары қажет [9].

Сонымен, «Өзін-өзі тану» пәні мен бүкіл мектеп өмірінің интеграциясы оқу үдерісіндегі рухани-адамгершілік дамудың жоғары маңыздылығымен түсіндіріледі. Интеграцияны жүзеге асыратын материалдар қазіргі ғылымдағы заманауи жаңалықтар мен философия ғылымындағы жаңа парадигмадан құралады. Егер, интеграцияны дұрыс жолға қойсақ, «Өзін-өзі тану» пәні уақыт өте келе тұтастықты, адамшылықты және руханилықты қамтамасыз ететін білім берудегі өзекті пән, яғни метапәнге айналуы тиіс. Ол үшін мектептің білім беру мазмұнын, оқу пәндерін рухани-адамгершілік құндылықтармен интеграциялау керек. Сол кезде оқушылардың ішкі болмысына тән қасиеттері ашылып, өздерінің іс-әрекеттерінде шындық, парыз, тыныштық, сүйіспеншілік, қиянат жасамауы байқалады.

Сұрақтар:

1. Адамның ой, сөз, іс бірлігінде мінсіз өмір сүруі үшін бойында бар жақсы қасиеттерді қалайша дағдыға айналдыру керек?

2. Адам өзінің тұлғалық даму барысында қандай негізгі кезеңдерді бастан кешіреді?

3. Тұлғалық өсу үдерісінің мәнісі неде және оның өзін-өзі танумен байланысы қандай?

4. Адам өзіне үңіліп, іздене бастаған сайын оның алдынан білімге деген мұқтаждық шығады. Өзін-өзі тану мен білім арасында қандай байланыс бар?

5. Осы өмірде әр адамның жасаған барлық іс-әрекеті жаңғырып болып өзіңе қайтып келетінін білгендіктен, адам өзін тек жақсы іс-әрекеттер жасауға, туыстарына қамқоршы, таныстарына мейірімді болуға, әркез әділ, сабырлы болуға дағдыландыра алады ма? Қалайша?

Тапсырмалар:

1. «Сәйкестендіру». Сөздер мен жауаптардың орындары ауыстырылып беріледі. Сөздер мен жауаптарды бір-бірімен сәйкестендіріп, дұрыс жауаптарын табыңыздар.

«Өзін-өзі тану» пәнінің қағидаттары:	**Жауаптары**
Жалпыадамзаттық құндылықтар қағидаты	кез келген жағдаятты және ғылыми мәселені бағалай білуге үйрете отырып, олардың ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытып, шығармашылық әлеуетін ашуға мүмкіндік туғызады.
Оқыту үдерісінде тұлғаның өзін-өзі айқындау және өзін-өзі дамыту қағидаты	сүйіспеншілік, ақиқат, тыныштық, парыз, қиянат жасамау, мейірімділік, ұлттық, ғылыми, тұлғалық және басқа да құндылықтардың өзгермелі жүйелерінің тұрақты бөлігі болып табылады.
Оқушыларды ғылыми-зерттеу шығармашылығына шабыттандыру қағидаты	өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі тану қабілеттерін, шығармашылық мүмкіндіктерін белсендіруді дамытуды көздейді

2. Ізгі-педагог Ш.А.Амонашвилидің бір еңбегі туралы пікір жазыңыздар.

3. «Өзін-өзі тану» пәнінің қағидаттарының ішкі мазмұнына сипаттама беріңіз.

Қағидаттар	***мәні***	***ұқсастықтары***

4. Күнделікті өмірдегі қиянат жасамау тәжірибесі мен ерекшелігінің сипаты туралы топпен талқылаңыздар.

5. «Шынайы шындық – бұл ар» тақырыбына өлең немесе эссе жазу.

2-ТАРАУ «ӨЗІН – ӨЗІ ТАНУ» ПӘНІ МЕН БАСҚА ПӘНДЕРДІҢ ИНТЕГРАЦИЯСЫ

2.1. «Өзін-өзі тану» пәнін интеграциялап оқыту – рухани-адамгершілік тәрбие берудің қайнар көзі

Қай заманда болмасын адамзат алдына тұратын ұлы мұрат-міндеттердің ең бастысы – өзінің ісін, өмірін жалғастыратын салауатты, саналы ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпақ тәрбиесі – келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени-ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу – біздің де қоғам алдындағы борышымыз. Ел болашағын ойлап, оның кемелденуі мен алға жылжуы үшін бала тәрбиесіне баса назар аудару қажеттілігі бүгінгі күні ғылыми тұрғыдан да, тәжірибе жүзінде де қарастырылып жүр. Олай болса, ұлымыз ұлықты азамат, қызымыз қылықты бойжеткен болу үшін ұлтымыздың рухани-адамгершілік қасиеттерін жалпыадамзаттық құндылықтар арқылы бойларына сіңіру өзекті мәселе екенін білгеніміз жөн.

Халық келер ұрпағын өзіне дейінгі қоғамда қолы жеткен тәрбиелік жақсы дәстүр атаулыны жинақтап пайдаланып, шынайы адамгершілік қасиеттерге баулуды мақсат еткен. Бірде-бір адамзат қоғамы өзінен бұрынғы аға буынның ақыл-ойын, тәрбиелік тәжірибесін пайдаланбай өмір сүрген емес. Сондықтан болашақ педагог маман ретінде жас жеткіншектің жалпыадамзаттық рухани мұраға деген ізгілікті қатынасын дамытуда рухани ұстаздардың іс-тәжірибесіне сүйене отырып жүзеге асыру міндеті жүктеледі. Рухани ұстаздардың, Сократ, Платон, Аристотель, Төле би, Әйтеке би, Қазыбек би, Әл-Фараби, Ж.Баласұғұн, Абай, Шәкәрім, Ж.Аймауытов, Б.Момышұлы, т.б.ұлы да ұлықты тұлғалардың ой-пікірлері, өмірге деген көзқарастары, ойдың, сөздің және істің бірлігі сияқты қайнар көзі, таусылмас асқақ идеялары білім алушыларды шабыттандыру үшін қашан да бізге үлгі болмақ. Түркі әлемінің ойшылы Қожа Ахмет Йассауи «Даналық» кітабында: «Рухани бастауды танып білу, өзіңді-өзің танып білу»- дегенді айтады.Адамның басты мақсаты – ақиқатқа жету. Адам өзін-өзі танып білу арқылы, жетілу арқылы адамдық биікке көтеріледі. Ол адамды ұстамдылыққа, өзін жетілдіруге шақырады. Сол шынайы қасиеттер арқылы сүйіспеншілік пен махаббат идеясын ұсынады.

Рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы жеке тұлғаның әлеуетін барынша ашуға бағдарланған. «Өзін-өзі тану» пәнін интеграциялай отыра оқыту білім берудің басты ерекшелігі пәнді жете түсінетін ұстаздың рөліне байланысты болып табылады. Рухани-адамгершілік білім беру үдерісі жалпыадамзаттық құндылықтарды күнделікті өмірде қолдану арқылы ғана нәтижелі болады. Ол үшін ұстаздан құндылықтардың мәнін түсіне отырып, өз пәнінің мазмұнына интеграциялауы, оның мәнінің біртұтас екенін көре отырып, тәжірибеде қолдана алуына, сонымен қатар өмірмен байланысын аша түсуін қажет етеді. Білім беруде ізгілендіру педагогикасының негізін қалаушы Ш.А.Амонашвили: «Балаға білім ұшқынын сыйлау үшін, мұғалім жарық сәулесімен өзі нұрлана білуі керек» – дейді. Мұғалімнің мұндай үлгісі

баланың белсенділігін арттырып, білімге деген құштарлығын еселей түседі. Ізгілікті педагогика Манифесінде «Мұғалім – нұр себуші, нұр таратушы, бала – сол нұрды іздеуші, сол нұрға ұмтылушы»-деп жазылған. Ал нұрлы балаларға қандай педагогика керек? Оларға сүйіспеншілік, мейірімділік, түсіністік, шабыттандыру, құлшындыру, жанашырлық, қорғаныш т.б жеке тұлға ретінде өмірге бейімдеуші педагогика керек. Мұндай педагогика оқушыларды тектілікке, бекзаттыққа, кеңпейілділікке, олардың танымдық белсенділіктерінің өсуіне, сонымен қатар өздерінің өмірлік бағытын ізденуіне бағыт-бағдар береді. [10]

Жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің әдіс-тәсілдері мен жолдарына тілдік қарым-қатынас жасау тренингтері, оқу процесіндегі пікірталас, ойындар, әңгіме, түрлі белсенділікті қажет ететін жұмыс түрлерін орынды қолдану өскелең ұрпақтың мінез-құлқын қалыптастырып, адамгершілік қадір-қасиеттерге баулуда айрықша мәнге ие, оны қай уақытта да заман талабы айқын көрсетіп отыр. Бүгінгі күні шынайы өмірді қабылдай білу көқарасымыз түбегейлі өзгеріп отыр, жаңартылған білім мазмұнына орай, пәндік білімді өмірде дағдыға айналдыру, рухани кедейліктен сақтандыру қажеттігі туындап отыр. Жастайынан балаларды өзін-өзі сыйлай білуге, адамзат өміріндегі құндылықтарды біліп, оларды бағалай білуге, басқа адамдарды түсінуге, өз тағдырын болжай отыра, өмір сүруге бейімдеуге үйретуде «Өзін-өзі тану» пәнін оқыту жеткіліксіз. Сондықтан аталған мәселелердің болашақ педагогтерді тәрбиелеуде оқу-тәрбие үрдісіне түбегейлі интеграция жасауға үйрету міндеті тұр.

Білім – руханилық негізі. Бүгінгі қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, ұлттық сана, психология мен тәлімдік дәстүр мұраларын бойына сіңіре өскен, парасатты болашақ ел азаматы – жас ұрпақтың адамгершілік мінез-құлықтық тәрбиесін дамыту қоғамдық қатынастарға, қазіргі заман талабына сай өткізілуі тиіс. Жалпы адамға және халыққа деген сүйіспеншілік бала тәрбиесінде ұштасып жатуы қажет. Адамды жан-жақты дамытумен қатар балаға адамгершілік тәрбие беру керек.

Адамзат баласы жұмыр жер бетін мекен ете бастағаннан бері өзін-өзі тануға, ғаламдағы орнын анықтауға, өзара қарым-қатынасын реттеуге ұмтылып, тек дамуға талпынуда екені айқын. Адамзаттың ақыл-ойы тарихының бүкіл өн бойындағы сан-салалы пікірталастарға арқау болған негізгі мәселелердің бірі – «Адам» және оның мәні мен ортасы [11].

Алайда дүниедегі барша жақсылық та, жамандық та адам қолымен жасалынып келеді. Бұл әлемдік ауқымды алып қарасақ та, жеке ұлттың тарихи шеңберін зерделесек те айқын көрінеді. Кез келген қоғамның дамуы немесе құлдырауы сол қоғамда өмір сүрген адамдардың ой-парасаты мен іс-әрекетіне тікелей байланысты. Ал жалпыадамзаттық құндылықтарды толық түсіну адамның биік рухани болмысын жарыққа шығаруға мүмкіндік береді. Сондықтан білім берудің кез келген жүйесінде берілетін білім жеке тұлғаны рухани-адамгершілік жағынан жетілдіру арқылы тұлғаның үйлесімді дамуының ашылуына, өмір жолын саналы таңдауға ықпал етуге, жоғары «Мен» тұлғасын ұғындыруға және түсінуге бағытталуы үшін «Өзін-өзі тану»

рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын мүмкіндігінше интеграциялағанда ғана жұмыс өз нәтижесін берері анық.

Бұл жолда бізге нақты бағыт беретін әр уақыттың дана ойшылдары, ғұлама ғалымдарының еңбектері екені белгілі. Ұлы тұлғалардың төл туындыларына зер салсақ, қай-қайсысында да адам бойындағы адамгершілік қасиет, олардың қалыптасуы туралы кеңінен сөз болады.

Болашақ ұрпаққа рухани-адамгершілік білім беру және оны тәрбиелеу қазақстандық қоғамда жалпыадамдық, жалпыұлттық, этномәдениеттік, жеке тұлғалық құндылықтардың үйлесімді бірігуімен бағдарланған, олар қоғамға қызмет етуде өзін толық пайдалану, өзінің мәнін және өмірдегі тағдырын білуге мүмкіндік береді.

Адамды адам қылатын оның атақ-абыройы емес – намысы. Ар-намысы биік адам ғана «Нағыз адам» деген атқа лайық екенін бәріміз түсінеміз. Осындай қасиетті, ең алдымен, ата-анадан соң бала бойына қалыптастыруға көмектесетін тұлға – мұғалім. Қоғамның болашағы білім беру жүйесіне тікелей байланысты, өйткені біздің болашағымыз – мұғалім алдынан білім алатын жас жеткіншектер. Ал рухани-адамгершілік білімнің маңыздылығы осыдан бірнеше ғасыр бұрын өмір сүрген ұлы қазақ классиктерінің де еңбегінде көрініс тапқан.

2.1-сурет. Нағыз адам қасиеттері

Нағыз адамға тән басты қасиеттерді қазақ әдебиетінің классигі, ұлы гуманист, кемеңгер, ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлы: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын – адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек (2.1-сурет). Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ. Мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық ақ жүректен шығады. Ал арлы, ақылды адам қиянатты, зорлықты, өзімшілдікті, мақтануды білмейді және істемейді. Осы үшеуінің басы қосылса, адам жақсы өмір сүріп, бірімен – бірі тату тұруында сөз жоқ», - деп жазды.

«Бала кезден бастап адам бойында жоғары ар-ұят, өзін-өзі сыйлау сезімдерін тәрбиелеу айуандық инстинкттен аулақ болуға, зиянды құмарлықтарды жоюға көмектеседі» - деп санады [12]. Абай атамыздың мына сөздерін де ескеруге болады: «Рахымдылық, мейірбандылық, әр түрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игі еді

демек, бұлар – жүрек ісі. Асықтық та – жүректің ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды».

Айтылған пікірлерді талдай келе, шынайы білім ой, сөз және істің бірлігіне бағытталуы тиіс. Яғни ақыл, қол және жүректің өзара әрекеттесуі. Қазіргі заманауи білім ақыл-ой мен қол қажеттіліктерін қанағаттандырады, дегенмен жүрек елеусіз қалып жатады. Біздің заманауи біліміміз баланы материалдық табысқа бағыттайды, бірақ «Адамның шынайы бақыты деген не?» екенін ойлануға үйретпейді.

Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасында айтылғандай, білім беру жүйесін жаңғыртудың маңызды міндеттерінің бірі зияткерлік ұлтты қалыптастыру болып табылады, оның өкілдері бәсекеге қабілетті білімге, креативті ойлауға ғана емес, сонымен қатар жоғары азаматтық принциптерге, патриотизм мен әлеуметтік жауапкершілік сезіміне ие болуы тиіс. [11]. Ал мұндай қасиеттерді төмендегідей Шәкәрім Құдайбердиев сияқты ұлы адамдардың өлеңдерінің мән-мағынасын түсіндіре отырып қалыптастыру тиімді. Мысалы:

ЫнсапЫнсап, рахым, ар, ұят, сабыр, сақтық

Талапқа алты түрлі ноқта тақтық.

Алтауының ішінде ынсап әділ,

Өзгесінің тізгінін соған ұстаттық,- деген.

Өмірдегі жақсылық та, жамандық та, жеке адамның бойындағы арлылық пен арсыздықтан, қасиет-кемшіліктерден бастау алады. Ал кемшіліктің үлкен-кішісі болмайды, оның бәрі – адамдықтан айрылуға, ардан аттауға бастар жол.

Білім беруде дұрыс қойылмаған басымдықтардың нәтижесінде дамыған дарынды оқушылар бағдарлама бойынша қойылған барлық білім мен дағдыларды ала алады, бірақ жинақталған білімді өзінің одан әрі дамуы және қоғам игілігі үшін пайдалануға дайын болмайды. Сондықтан ар-ождан мәселесіне мән беру қазіргі кезеңнен бастау алуы қажет.

Ар – адам санасының негізі екендігін өз өлеңдерінде ақындар баса айтқан және әр ғылымының озуын қалайды. Өйткені осы қасиет арқылы жамандық, залымдық, мансапқорлық, дүниеқоңыздық және т.б. жаман қасиеттерден арылу мүмкіндігін айқын көрсетеді. Мысалы:

1. *Арсыз адам, асығыс айлакерлік,*
   Мұның бәрі шайтанның досы болмақ.
2. *Ақ жолдан айнымай, ар сақта оны біл!*
3. *Сөз, мінезі құбылса,*
   Ар-иманы жоқ деп біл.

«Өзін-өзі тану» пәнін интеграциялап оқыту барысында әрбір тұжырымды ойдың түйінін таба отырып, орынды жерінде болашақ жеткіншекке жеткізу үшін, алдымен, мұғалім – болашақ маман иесі берілетін ұғымды түйсіне білуі шарт. Сондықтан аталған бағдарламаны жүзеге асыруды шартты түрде үшке бөлген дұрыс. Олар:

1. Болашақ мұғалім «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының психологиялық-педагогикалық және әдіснамалық негіздерін түсіне білуі;

2. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын іс-тәжірибеге енгізу тетіктерін анықтау, яғни интеграциялау жолдарындағы тиімді жақтарын игеруі және болашақта жетілдіру бағытында жұмыстануы;

3. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын интеграциялауда іс-тәжірибе тарату және оның жетілдіре түсу жолдарын қарастыру.

1-кезеңінде тәрбие мен білім беруші тұлға бағдарламаның философиялық түйінін түсіне отырып, оны психологиялық тұрғыдан қарастыра білуі шарт. Әр жастың өзіндік ерекшелігін, әсіресе бала психикасының даму кезеңдерін жете түсіне отырып, қабылдау, қызығушылық тудыру, зейінін шоғырландыру, түсіну және т.б. психикалық процестердің жүзеге асырылуын білгені жөн. Сонымен қатар аталған бағдарламаның философиялық түйінін де жете түсінгені абзал. Психологиялық білім негізінде балаларға қандай жолдармен, қалай жеткізе аламын деген сұрақтың жауабын табу мақсатында педагогикалық және әдіснамалық білім негіздерін ажырата білуі қажет. Пәнді интеграциялауды дамытуға бағытталған білімділік мақсатын ажырату, оны сабақтың өн бойында жүзеге асыру орындарын ажырата білуді игергенде ғана жұмыс нәтижелі болмақ. Интеграцияны жүрекпен сезіне отырып, терең деңгейдегі мазмұн-мағынада және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде жүзеге асыру әрбір ұстаздың басты мақсаты болмақ. Егер ұстаз өзі үнемі ізденіп, рухани-адамгершілік тұрғысынан дамып, жетіліп отырмаса, қоршаған ортаның біртұтас екенін ұғынбаса, онда пәнді ұғыну да, интеграциялау бағыты да жүзеге асырылуы екіталай. Барлық атқарылатын жұмыс қағаз бетінде көрініс табуы жеткіліксіз екенін ұққан жан ғана айтулы нәтижелерге қол жеткізетіні анық.

Бағдарламаны жүзеге асырудың 2 және 3-кезеңі барлық білім беру жүйесіндегі «Өзін-өзі тану» пәні бүгінгі таңда ұрпақтың жан-жақты үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге бағытталғандығына мән берілуі қажет. Мұғалім әрбір білім алушының жеке тұлғалық ұғымдарын түсіну, өзін-өзі тануы, өмірдегі ұстанымының қалыптасуын, дүниетанымдық көзқарасын анықтай алатын құндылықтар сапасын игеруге бағыт-бағдар береді. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының мақсаты – біртұтас, рухани, білімді адамды, сонымен қатар жаһандану ғасырында өмір сүре алатын, өмір бойы білім алу дағдысы бар, қоршаған әлемді қорғай, сақтай алатын, өзінің ұлттық сана-сезімі бар тұлға ретінде қалыптастыру. Ойы, ісі, сөзі бір жерден шығатын тұлға қалыптастыру бағытында жұмыстарды нәтижелі жүргізу үшін аталған білім беру бағдарламасын бірыңғай білім беру үрдісіне енгізу бағытында жұмыстану қажеттігі туындайды. Сонымен қатар бағдарламаның негізгі идеялары тыңдаушының жеке және кәсіби өмір тәжірибесінде жүзеге асырылуы тиіс. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік

білім беру бағдарламасын іс-тәжірибеге енгізу тетіктерін анықтау барысында мұғалім-білім алушы, білім алушы-білім алушы, мұғалім-мұғалім арасындағы оқыту әрекеттерін интеграциялауды атқару арқылы тиімді әрі тиімсіз жақтарын анықтауға мүмкіндік туады. Ол үшін төмендегідей бағытта жұмыстар жүргізіледі:

1. Білім беру бағдарламасының түйінді идеяларын сабақта интеграциялау бойынша жоспарлау және өткізу;
2. Рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын интеграциялау бойынша оқу-әдістемелік бірлестікте, семинарлар мен дөңгелек үстелдерде талқылау жұмыстарын жүргізу;
3. Нәтижеге қол жеткізу бағытындағы жұмыстарды жандандыру;
4. Мұғалімдердің өзара әдістемелік көмек көрсетуі;
5. Білім беру кеңістігіне «Өзін-өзі тану» пәнін интеграциялау бағытында білім алушыларға эссе, шығарма жазғызу, сурет салғызу, шығармашылық тапсырмалар орындату;
6. Бұқаралық ақпараттық құралдарда өз тәжірибелерімен бөлісе отырып, кері байланыс орнату жағын қарастыру;
7. Интеграциялау бағытында курстық жұмыстар, дипломдық жобалар мен ғылыми жобалар жазу және қорғау және т.б.

Ең бастысы, білім беру бағдарламасын үнемі интеграциялай отыра, «Жанды білім» берудің нәтижесімен бөлісе отырып, салыстыру, талдау жұмыстары арқылы мониторинг жүргізу қажеттігі туындайды.

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім берудің пәнге интеграциясы - бұл, ең алдымен, білімді жандандыру, оның басты мәнін анықтау, бұл тұтас білім, мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар мен әр алуандықтағы бірлік көрінісі негізінде барлық пәндерді синтездеу (жинақтау):

- жалпыадамзаттық мәңгілік құндылықтар білім берудің фокустық нүктесі болуы тиіс, басқаша айтқанда, біз үйрететін нәрсемен біртұтас тұтастықты құрауы тиіс.
- «Өзін-өзі тану» – білім беру процесінің тұтастығын, адамгершілігін және жандылығын қамтамасыз ететін метапән.

Кез келген пән балаларды рухани-адамгершілік тәрбиелеудің құралы бола алады, оны өмір тәжірибесі дәлелдей білді. «Өзін - өзі тану» білім беру бағдарламасы – бұл балабақшадан бастап, жоғары оқу орнына дейінгі кезеңдегі өзін-өзі тану мәселесінің барлық сабақтармен өріле отырып берілуі. Бұл жол адамзаттың адамгершілік тәжірибесін ұғыну, аға ұрпақтың, өз халқының мәдени, рухани дәстүрлеріне баулу, жалпы алғанда, қоғамның рухани дамыған жеке тұлғасын қалыптастыру болып табылады.

Сұрақтар:

1. Психологиялық-педагогикалық ғылымда «рефлексия» ұғымының әр түрлі түсініктерінің болуы немен байланысты?
2. Кәсіби құзыреттіліктің компоненті ретінде «кәсіби мәдениет» ұғымына анықтама беріңіз және оны өмірмен байланыстыра отырып,

мысалдармен дәлелдеңіз. (Кейбір білім алушылар мәнжазба ретінде де қорғай алады)

3. Болашақ «Өзін-өзі тану» пән мұғалімі біліктілігінің кәсіби-тұлғалық әлеуетінің қалыптасу ерекшеліктерін анықтап, өз жобаңызды ұсыныңыз.

4. Кәсіби құзыреттілік мұғалімнің қандай психологиялық қасиеттерімен сипатталады?

5. Неге кәсіби өзін-өзі тану педагогтің кәсіби мәдениетін қалыптастыру процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады?

Тапсырмалар:

1. Болашақ мұғалім «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының психологиялық-педагогикалық және әдіснамалық негіздерін түсіне білуін презентациялау:

- ✓ «Интеграция» ұғымын теориялық тұрғыдан дәлелдеу жолдары;
- ✓ «Өзін-өзі тану» пәнін интеграциялап оқытудың қажеттілігі;
- ✓ «Өзін-өзі тану» пәнін интеграциялап оқытудың психологиялық негіздері;
- ✓ «Өзін-өзі тану» пәнін интеграциялап оқытудың педагогикалық негіздері;
- ✓ «Өзін-өзі тану» пәнін интеграциялап оқытудың әдіснамалық ерекшеліктері және т.б.

2. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын іс-тәжірибеге енгізу тетіктерін анықтау, яғни интеграциялау жолдарындағы тиімді жақтарын анықтау бағытында презентация даярлау:

- ✓ Жалпыадамзаттық құндылықтардың ерекшеліктерін көрсету;
- ✓ «Ақиқат» ұғымының сабақ барысындағы көрінісі;
- ✓ «Сүйіспеншілік» құндылығының өмірмен байланыстылығы;
- ✓ «Дұрыс әрекет» құндылығы – өз түсінігіңде;
- ✓ «Тыныштық» құндылығын интеграциялау арқылы жарыққа шығару жолдары;
- ✓ «Қиянат жасамау» құндылығының көрінісі және т.б.

3. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын интеграциялауда іс-тәжірибе тарату және оның жетілдіру жолдарын қарастыруды презентациялау:

- ✓ Дәйексөз таңдаудың интеграциялауға қатысы;
- ✓ «Мұғалімнің сыйы» қажеттілігін дәлелдеңіз;
- ✓ Сабақтағы шығармашылық жұмыс түрлері;
- ✓ Ән орындаудың сыры неде?
- ✓ Әңгімелерге байланысты сауалнама әзірлеу жолдары және т.б.

Негізінен, тапсырмалар білім алушыдан шығармашылық бағытта іздену деңгейлерін арттыру мақсатында болғандықтан, жұмыстарын түрлендіру жүйесіне шектеу қойылмайды. Алған тақырыптарын презентациялау барысында бейнежазба, сауалнама, оқушы жұмыстарын кіріктіре отыра орындауларына рұқсат етіледі.

Ал презентацияларын бағалау барысындағы критерийлерді білім алушыларға алдын - ала тапсырма ретінде беруге немесе қорғау жұмысын бастар алдында бірлесе отырып құруларына болады.

4. Төмендегі тақырыптар бойынша эссе жазу:

- ✓ Жақсылық менен басталады
- ✓ «Өзін-өзі тану» РАББ бағдарламасын интеграциялаудың маңызы
- ✓ Интеграциялау барысындағы қиындықтар
- ✓ Ізгі педагог еңбектерінің рухани құндылығы
- ✓ Ізгілік педагогикасының классиктері
- ✓ Мені шабыттандырады...
- ✓ Мен шабыттандырамын және т.б.

5. Кәсіби тәжірибе барысындағы интеграция туралы рефлексивті есеп жасап, оны қорғаңыз. Қорғау жолы шығармашылық бағытта болуы ескерілсін.

2.2. «Өзін-өзі тану» пәнінің гуманитарлық пәндермен интеграциясы

«Интеграция» ұғымына философиялық сөздікте мынандай түсінік береді: әр текті бөліктер мен элементтердің бірігуімен байланысты даму. Интеграция процесі (латын тілінен аударғанда integratio – қалпына келтіру, толықтыру, integer-ден тұтас) бірін-бірі толықтыратын, бір-бірімен байланысты жеке ұғымдарды біртұтас етіп біріктіру. Сөздіктер бойынша берілген түсініктерді сараптай келе, интеграция жалпы қазақ тілінің «толықтыру» ұғымымен синонимдес екендігін байқауға болады. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы – бұл бәрінен бұрын білімнің жаңаруы, кез келген пәннің тәрбиелік мәнін анықтауы. Бұл білім түрі – барлық пәндердің жалпыадамзаттық негізгі құндылықтарын біріктіру.

«Қалай интеграциялауға болады?» деген сауалға жауап іздер болсақ, бүгінгі білім беру жүйесінде рухани-адамгершілік бағдарламасын екі түрлі жолмен интеграциялауға болады:

1. Сыртқы интеграция – бұл өзін-өзі танудың әдістемелік тәсілдерін кез-келген сабақта қолдану (жағымды көңіл-күй, дәйексөздер, әңгімелеу, шығармашылық іс-әрекет, хормен ән айту, сабақтың қорытынды сәті).
2. Ішкі интеграция – бұл биологиялық және әлеуметтік табиғатқа ғана емес, сондай-ақ жоғары рухани табиғатқа да ие адам мен әлемнің тұтас түсінігіне негізделген интеграция. Бұдан шығатын тұтас білім адам тұлғасының барлық аспектілерін қозғайды – ақыл-ойдың, қол мен жүректің үйлесімді дамуы; теңдестірілген тұлғаны дамыту; адамға тән адамгершілік-рухани қасиеттерді анықтау және оларды өмір тәжірибесіне енгізу. Басты мақсаты – ой, сөз және іс бірлігінде көрінетін мінезді тәрбиелеу. Жалпы кез келген пәнді оқыту барысында сол пәннің мазмұнына жалпыадамзаттық құндылықтарды қосып, жарыққа шығару.

Интеграцияланған оқытудың мақсаты:

1. Әртүрлі пәндерді интеграциялау негізінде оқу процесінде оқушылардың ойлауын дамыту үшін оңтайлы жағдай жасау.

2. Оқыту процесінің кейбір қайшылықтарын жеңу.

3. Сабақта оқушылардың танымдық және шығармашылық қызметін жандандыру .

Интеграция – бұл тұтас бөлшектерге біріктіру, терең ену, бір оқу материалында жалпыланған білімнің сол немесе басқа саладағы бірігуі. Интеграцияланған сабақтар танымдық белсенділікті дамыту және оқу пәндеріне қызығушылықты арттыру құралдарының бірі болып табылады. Шындықтың әртүрлі құбылыстарын оқшаулап қараудан өзара байланысты әрі кешенді зерттеуге мүмкіндік береді.

«Өзін-өзі тану» пәні – өскелең ұрпаққа рухани және адамгершілік қасиеттерді үйретететін басты пәндердің бірі. Ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс іс-әрекет, ішкі тыныштық, қиянат жасамау сияқты жалпыадамзаттық бес құндылық арқылы жүзеге асырылады. Бұл құндылықтар жалпы білім беру жүйесінің кез келген сабақтарына кірістіріліп, білім алушыға алатын білімді меңгеруге көмектесіп қана қоймай, сонымен қатар дұрыс моральдық және адамгершілік ұстанымдары бар тұлғаны тәрбиелеуге көмектесуі керек. «Өзін-өзі тану – физика», «Өзін-өзі тану – тарих», «Өзін-өзі тану – биология» және т.б. интеграцияланған сабақтар оқылатын материалды түсінуге көмектеседі, оны түсіну үшін қолжетімді етеді.

Сабақта интеграцияның артықшылықтары:

- балаларды қоршаған әлем олардың әр алуандығы мен бірлігінде танылады;
- себеп-салдарлық байланыстарды ұғынуға және табуға ынталандыру;
- логиканы, ойлауды, зейінді, есте сақтауды, коммуникативтік қабілеттерін дамыту;
- салыстыру, жалпылау, қорытынды жасау біліктерін жетілдіру;
- оқушылардың назарын жоғары деңгейде ұстау;
- әртүрлі қызмет түрлеріне ауыстыру есебінен оқушылардың шаршауын алып тастау;
- танымдық қызығушылықты арттыру;
- өзін-өзі көрсету, мұғалімнің шығармашылық мүмкіндігі.

Мұғалім білім берудің екі аспектісінің үйлесімді дамуына айрықша мән беруді білгені жөн. Олар: сыртқы білім беру, ішкі білім беру. Зияткерлік білім ақылға арналған білім болса, ал рухани - адамгершілік білім беру жүрек үшін білім беру болып табылады. Аталған білім түрлерін интеграциялап, яғни кіріктіре берсек, нағыз жанды білім болатынын ұғыну қажет. Аталған екі білім түрінің басты айырмашылығын 2.1 - кестеде айқын аңғаруға болады. Кестеде көрсетілгендей, екі білімнің айырмашылығы бойынша нақты «Ақылға арналған сыртқы білім» мен «Жанға арналған ішкі білім» арасындағы байланыс пен ерекшеліктері ажыратылып көрсетілді. Кесте мазмұнына толық талдау жасай отырып, болашақ маман иесі пәнді интеграциялаудың маңызын ұғынады.

2.1– кесте

Екі білімнің айырмашылығы

Ақылға арналған сыртқы білім	**Жанға арналған ішкі білім**
Сыртқы интеллектуалды	Мен кіммін?
Кітап білімі	Практикалық маңызы
Жеке тәжірибесінің жоқтығына қарамастан, сыртқы әлемді зерттейді	Ішкі әлемді жеке тәжірибесі болмай тұра тану мүмкіндігі болмайды
Сыртқы әлемге тартылып, тілек-қалауын оятады	Әрбір адамның жүрегінде жасырын жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтайды
Әлемде аман қалу үшін қажет	Өмір мақсатына байланысты
Интеллектін дамытады	Түйсікті дамытады
Ақыл мен денеге қараған	Жүрекке қараған
Сыртқы білім-ақпараттың мақсаты	Ішкі білім берудің мақсаты-өзгерістерді трансформациялау
Интернет	Интернет - ішкі байланыс
Аллергия тудырады	Өмірдің мәні мен қуатын береді
Әлемде не бар?	Неге бәрі бар?
Бұл қалай құрылған?	Өмір сүрудің мақсаты мен мәні неде?
Есептеу	Интуиция, терең ойлау, ажырату
Жансыз, бытыраңқы, қозғалмайтын білім	Жанды, тұтас, білімді сүйетін

Мишель де Монтень: «Мейірімділік ғылымын игермегендерге, кез келген ғылым тек зияндық келеді»,- деген пікірінен барлық ғылым негізін балаға меңгерту жанды білім беру негізінде жүзеге асырылса ғана, нәтижелі білім болмақ. Бүгінде адамдар барлық ғасырлар мен кезеңдердегідей рухани - адамгершілік тәрбиені жоғары бағалайды. Қазіргі қоғамда терең әлеуметтік-экономикалық өзгерістер болған кезде, біздерге Қазақстанның болашағы, оның жастары туралы ойлану қажеттігі туындайды. Қарқынды өзгеріп отыратын әлем жағдайында «Өзін-өзі тану» пәні әрбір балаға табысты өмірлік және білім беру траекториясын анықтау мен іске асыру үшін нақты құндылықты бағдарлар мен мінез-құлық стратегияларының кең ауқымын игеруге көмектеседі. Балаларда рухани-адамгершілік түсініктерді қалыптастырудың оңтайлы жолдарын іздеу оқу пәндерінің интеграциясы сияқты салаларға негізделеді. Интеграция идеясы «Өзін-өзі тану» пәні бойынша жасалған. Бұл туралы «Өзін-өзі тану» пәні бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында айтылған. «...Қазіргі әлемдік білім беру кеңістігінде жастардың бойында әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруға, руханилыққа, имандылыққа деген қызығушылықты оятуға ерекше көңіл бөлінеді...» Білім беру кеңістігінде негізгі рөлді орындауға арналған «Өзін-өзі тану» интеграцияланған пәні

гуманистік дүниетанымның негізін қалайды. Барлық басқа білім беру салалары тұтас гуманитарлық білімнің бөлігі болып табылады...»

Балалардың өз бетінше ойлануына және мәселені бірлесе шешуге мәжбүр ететін, табысты орындалған жалпы жұмыстан қанағаттанушылық пен қуанышты сезінетін сабақтар олардың адамгершілік тәрбиесіне ықпал етеді. «Өзін-өзі тану» пәнінен білім берудің оқу-тәрбие үдерісіне интеграциясы – бұл, ең алдымен, оқушылардың рухани-адамгершілік ұғымының мәнін анықтау. Ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, қиянат жасамау сияқты жалпыадамзаттық құндылықтар, тыныштық білім берудің фокустық нүктесі болуы тиіс, басқаша айтқанда, біз үйрететін барлық нәрсемен біртұтас тұтастықта құралуы тиіс.

Әрине, өзін-өзі тануды басқа пәндермен интеграциялау пән мұғалімдеріне қиындық туғызады. Бірақ қазіргі заманғы ғылымды дамыту барысында адамзатты сыртқы әлем құрылымы мен адамның ішкі әлемі, оның ойлары, сөздері, істері арасындағы тығыз өзара байланыстың болуын түсінуге әкеледі. Интеграцияның нәтижелі болуы мұғалімнің дүниетанымына тікелей байланысты. Өз пәніне және балаларға деген сүйіспеншілік, мұғалімнің ашық жүрегі, жаңа нәрсеге деген қызығушылық, өзінің шынайы табиғатын жетілдіруге және тануға ұмтылу – өз пәні мен «Өзін – өзі тану» пәнін интеграциялаудың қажетті алғышарттары. Біз, ересектер, өзімізге мына сұрақтарды жиі қоямыз: - Неге біздің балалар оқығысы келмейді? Бірақ балалардың туғаннан бастап танып-білу қабілеттерінің жоғары екенін білеміз, олар жаңа нәрсені білгісі келеді, осы әлемді зерттеуге тырысады. Жауап өте қарапайым: балалар білімді қалайды, бірақ олар «Жанды білімді» қалайды. Оқыту үрдісіндегі ең маңыздысы белгілі бір білім көлемін жинақтау емес, ар-ожданның ішкі дауысына сәйкес өмір сүретін жақсы сипаты бар лайықты тұлғаның қалыптасуы болып табылады.

Білім өмір үшін болуы керек. Бүгін білім берудің екі аспектісін үйлесімді дамыту қажет – интеллектуалдық (сыртқы, ақылға арналған білім) және адамгершілік-рухани (ішкі, жүрек үшін білім). Білім мен өмірді бір тамаша үйлесімге біріктіру қажет. Қазіргі сабақтың мақсаты позитивті ойлай білетін, өзін-өзі тануға ұмтылатын, жауапкершілік сезіміне ие, үнемі өзгеріп отыратын әлемге шыдамды және оны рухани байытуға қабілетті адамды тәрбиелеу болып табылады.

«Өзін-өзі тану» пәні мен басқа да пәндердің интеграциясы не береді? Интеграцияның негізгі мақсаты: мектеп бағдарламасының әртүрлі пәндерінің тығыз өзара әрекеттесуі арқылы әлеуметтік-құндылық, адамгершілік-психологиялық, әлеуметтік-психологиялық, тұлғалық, психофизикалық құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін жағдай жасау.

2.3– сурет. Ш.А.Амонашвилидің сабақ өткізу сәтінен көрініс

Білім берудің ізгілендіру технологиясының негізін қалаушы Шалва Александрович Амонашвили: «Барлық білім беру үдерісі жеке адамға деген құрметке және оның адамгершілік дамуына ықпал етуге тиіс», - деп атап өтті (2.3-сурет). Ең бастысы, пәнді оқыту емес, пәндік білім беру арқылы рухани-адамгершілік дамуы. Ғалымның іс-тәжірибесін көре келе, нағыз ізгіліктің нұрын шашатын мұғалім қандай болуы керек екеніне көзіміз жетті. Болашақ мұғалім мамандығын таңдаған жастарымыз ұлы педагогикалық жолда табысқа жеткен тәжірибелі ұстаздар мен ізгілік педагогикасын жасаушы ғалымдардың еңбектерімен жақынырақ танысу арқылы да рухани-адамгершілік білім беру жолдарымен толық танысуға мүмкіндік алады.

Интеграция жолдары:

1. Ұлы ғалымдардың өмірінен және ғылымның даму тарихынан шабыттандыратын мысалдар.

2. Қазіргі ғылымның ашылуымен танысу.

3. Әрбір оқу пәнінің мазмұнында жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау.

«Өзін-өзі тану» пәні мен гуманитарлық пәндердің интеграциясы оқу пәндерін жанды сезімдермен толтырумен сипатталады, өйткені берілген құрғақ ақпараттың орны бейнелік біліммен ауыстырылуы қажет. Басты мақсат өсіп келе жатқан тұлғаның адамгершілік тұрғыдан дамуы, пәнді үйрету ғана емес, өз тәрбиесін жетілдіру болып табылады. Адамгершілік-рухани білім беру бағдарламасының пәндерге интеграциялануы – бұл мектеп білімін жандандыру, рухани құндылықтар мен бірлік пен әр алуандықтың көрінісі негізінде пәндерді біріктіру, яғни біз үйрететін нәрсемен біртұтас бүтін құруымыз керек. Гуманитарлық бағыттағы пәндерді интеграциялаудағы мақсат өте нақты және қолжетімді: оқушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту үшін оңтайлы жағдай жасау. Әрине, терең адамгершілік мазмұнда сұрақтар қоя отырып, біз білім алушыларды ойлануға итермелейміз. Сократ бойынша әңгімелесу нәтижесінде мұғалім оқушылардың білімін қалыптастырмай, тек қана таныс ақпаратқа көңіл бөле отырып, оқушыларды белсенді ойлау іс-әрекетіне итермелейді, оның барысында оқушы өзі мәселені түсінеді. Сыни ойлау дағдыларын дамыту-

тұрақты өзгермелі әлем жағдайында адамның өзін-өзі жүзеге асыруына ықпал ететін функционалдық сауаттылықтың құрамдас бөлігі.

Гуманитарлық пәндерді интеграциялау – бұл оқытуды ұйымдастырудың жалпы құрылымын қайта пайымдауға, оқушыларды ақпаратты қабылдау, түсіну және ұғыну үдерісіне дайындауға, олардың бойында бүкіл әлемдегі барлық үдерістердің біртұтас ретінде өзара іс-қимылы туралы түсініктер мен түсініктерді қалыптастыруға ықпал ететін оқыту мен тәрбиелеудің ойластырылған процесі. «Өзін-өзі тану» пәнін гуманитарлық пәндермен интеграциялау сабақта ашылатын тақырыпта адамгершілік көзқарасты тереңдетуді, құнды құрамдауыштың мәнінің өсуін болжайды. Гуманитарлық пәндер мазмұны оқушылардың ішкі дүниесінің қалыптасуына әсер етеді. Оның құндылықтық әлеуетін күшейту (рухани-адамгершілік мәнінен, жеке тұлғаның оң ішкі қасиеттерін қалыптастыруға әсерін ескере отырып құндылықтық мәнінен оқу материалын іріктеу) оның тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Білім берудің гуманитарлық циклі оқу пәндерінің өзара байланысты үш бағытын қамтиды: лингвистикалық, эстетикалық және қоғамдық-тарихи. «Өзін-өзі тану» пәні мен лингвистикалық цикл пәндерінің интеграциясы оқушылардың тілін байытуға, өз ойларын ауызша және жазбаша түрде жеткізе білуге мүмкіндік беретін пәндердің тілдік тұжырымдамасын көздейді. Шығарма тақырыптарын, диктант мәтіндерін, оқу мен пайымдауға арналған мәтіндерді таңдау құндылық мәнге және рухани- адамгершілік бағытқа ие. «Өзін-өзі тану» пәні мен эстетикалық цикл пәндерінің интеграциясы көркемдік талғамды, эстетикалық қажеттілікті дамытады, оқушыға өзін-өзі танытуға мүмкіндік береді. Әлемді эмоциялық қабылдау интеллектуалды, бұл эстетикалық цикл пәндерін маңызды етеді. Осындай пәндер арқылы оқушылар әр түрлі халықтардың мәдениетімен, дәстүрлерімен танысады,өз еліне, табиғатына, қоғамға құрметпен қарауды үйретеді. Таным процесі шығармашылық, практикалық қызметте жүзеге асырылады. «Өзін-өзі тану» пәні мен қоғамдық-тарихи цикл пәндерінің интеграциясы оқушылардың бойында ұлттық және жалпы мәдени құндылықтарға, ел тарихына құрметпен қарауды, дүниетаным мен құқықтық мәдениеттің негіздерін қалауды, азаматтылық пен патриотизмге тәрбиелеуді қалыптастырады. Жеке адамның өмірі мемлекеттің өмірімен байланысты екенін көруге мүмкіндік береді. Тек оң мысалдар ғана емес, оқушыларды теріс фактілермен таныстыру керек. Өйткені адамгершілік сабақтары осындай жағдайлардан да алуға болады. Оқушылар фактілер мен күндерді үйреніп қана қоймай, қоғамдық-тарихи цикл пәндерін зерттеу арқылы құндылықтарды аша білуі тиіс.

Бүгінгі күннің нақтылығы мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарға деген қажеттілікті ашу және балаларды жан-жақты өсіру, яғни жақсы мінезді, таза ар-ожданмен, адамгершілік қасиеттері бар адамды өсіру тәсілдерін іздеу қажеттілігін талап етеді. Бұл құндылықтар ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, тыныштық және қиянат жасамау сияқты ақырында, мектеп адам тәрбиесінің барлық педагогикалық қызметінің мақсатына жетуге әкеледі. Мысалы, орта буында үш пәнді интеграциялаудың жоба-үлгісін ұсына

отырып, мұғалім сұрақ қоя отырып та, біршама мәселені шешуге болатынын аңғару қиын емес.

Музыка және бейнелеу пәндерінің «Өзін-өзі тану» білім беру бағдарламасымен интеграциясы

6-сынып. Тақырып: «Әлем ғажайыптар ретінде»

«Ән салайық» шығармашылық тапсырма (әр жанрдағы 7 әуен естіледі)

1. Музыканы естігенде сіз нені елестетесіз?
2. Қиялда қандай түстер пайда болады?
3. Бұл музыка қандай стильге немесе жанрға жатады?
4. Сіз қандай сезімдер мен эмоциялар сезінесіз?

«Бояулар патшалығы» ертегісі

Сіз осы патшалықта өмір сүргіңіз келе ме?

Неліктен?

Ал сіз бояусыз болғанын қалайсыз ба? Неліктен?

Осы ертегі мемлекетіне жарқын бояуларды бірге қайтарайық.

«Әлем ғажайыптар ретінде» коллаж құрастырайық. Берілген сұрақтардың мазмұны оқушыны ойландыратындай, шығармашылыққа жетелейтіндей болса, пәннің мазмұны да жүрекке бағытталатыны сөзсіз.

Дәйексөзді орынды таңдап қолдану – өзін-өзі тану және кез келген мектеп пәні интеграциясының бір әдісі. Олар оқушыларға жақсы көңіл-күй сыйлайды, ойландырады, ой қорытындысын жасай білуге итермелейді, оқытылатын пәнге танымдық қызығушылығын тудырады.

1. «Математика үйлесімділікке, тәртіп пен сапаға мән береді» Н. Г.Чеботарев
2. «Адам рухы құпия іздеумен өмір сүреді» В. Я. Брюсов
3. «Өткеннен күлді емес, отты ал» Ж.Жорес
4. «Мақсатқа жету үшін, ең алдымен, ойлану керек» О. Бальзак
5. «Математика тәртіпті, симметрияны және айқындылықты анықтайды, ал бұл – тамаша» Аристотель
6. «Сандардың арасында күн мен түнді олардың таңғажайып заңдылығымен ойластыру керек деген келісім мен кемелдік бар» С. Стевин
7. «Ең үлкен махаббат – халық махаббаты» Қадыр Мырза Әлі
8. «Ақиқат – бұл тек қана сөздегі емес, ойдағы шындық» М.Ганди және т.б.

Сабақта қолданылған дәйексөздің мән-мағынасын түсіне отырып, оны өз өміріне қолдана білуге итермелеу мұғалімге тікелей байланысты шешілетін мәселе. Ал дәйексөз сабақта қарастырылатын құндылыққа байланысты таңдалып, мағынасын ашу бағытында сұрақтардың дұрыс қойылуы, оны есте сақтау жүйесін білу пәннің әдістемелік жағын меңгеру екенін болашақ маман иесі жете түсінгені жөн.

Болашақ маман иелері жалпы адам өмірінің негізгі үш кезеңі: балалық шақ, ересек шақ, қарттық шақ деп бөлінетіні туралы біледі. Дегенмен басқа да ғылыми ұғымдарды байланыстыра отырып, берілген мәлімет қашан да білім алушының қызығушылығын тудыра түсетіні белгілі. Мысалы, Қытай

ғалымдары адам өмірін 7 кезеңге бөлген, «Қалаулы» жас деп 60-тан 70-ке дейінгі аралықты айтқан. Бұл – адамның рухани дүниесінің және даналығының дамитын кезеңі. Ал ертедегі Греция философы Пифагор адам өмірінің кезеңдерін жыл мезгілдерімен салыстырған:

Көктем – 20 жасқа дейінгі өмірдің бастамасы және дамуы;

Жаз – 20 мен 40 жас аралығындағы жастық шақ;

Күз – 40 пен 60 жас аралығындағы есею;

Қыс – 60 пен 80 жас аралығындағы қартаю.

Көктем – өмірдің бастамасы, өсіп-өнуі. Бала айналадағы жаңалықтарды және білімді қызыға қабылдап, сонымен бірге бәріне әлі ойын сияқты қарай отырып дамиды. Бала біртіндеп ашылған гүлдей жетіледі.

Жаз – есею шағы. Адам жайнап, жайқалып, оны әрбір жаңалық, әрбір сырлы құбылыс өзіне магниттей тартады. Бірақ адам әлі өзінің балалық көңілін жоғалтпайды.

Күз – адам есейді, байсалды болды, бұрынғы жастық алып-ұшпа, ұр да жық көңілі енді өзіне сенімділік пен салмақтылыққа ауысты.

Қыс – ойланып-толғану мен өмірді қорытындылау кезеңі. Адам өз өмірінің үлкен бөлігін жүріп өтіп қойды, енді оның нәтижелерін ой елегінен өткізіп, қорытындылайды. Ал мұндай сәттер жыл мезгілдеріне тоқталған сәтте ескеріліп отырылса, жас жеткіншек ойына ой қосары анық, яғни өмірдің әр кезеңін мәнді де сәнді сүруге бағыт береді.

Мысалы: «Қазақ тілі» және «Өзін-өзі тану» пәнін интеграциялайтын болсақ, ең алдымен, «Тіл – қарым-қатынас құралы»- дейміз, ал тіл төрт қатеге ұшырайды: өтірік айту, басқаларды айыптау, жаман сөз айту, ұрысуға бейімділік. Бұдан халық даналығына жүгінсек, «Егер біз үйлесімді қарым-қатынас жасауға тырысатын болсақ, мұның барлығын болдырмау керек. Сен – аузыңнан шықпайынша, өз сөзіңнің иесісің; ал сөзді айтқаннан соң, олар сенің қожайындарың». Тіл білімінде берілетін сөздің лексикалық мағынасы мен грамматикалық мағынасын грамматикалық ұғым деп білсек, әр сөздің иесі мен киесін ұғыну өмірдің мәні екенін түсінгеніміз дұрыс. Сонымен қатар тіл біліміндегі берілетін ғылыми грамматикалық ұғымдарды өмірмен шебер байланыстыра білу үшін ұстаздан асқан біліктілікті қажет ететін жағдай. Мысалы: көптік жалғауы жалғанған кезде, сөздің көпше түрге айналуымен қатар, сол заттың көпке ортақ екенін де білдіреді,- деп тұжырым жасауға баланы итермелеу қажет. Дұрыс бағыт беру үшін сұрақтарды айқын әрі нақты қою, берілетін ұғымнан кез келген жақсылықты тек жақыныңа ғана емес, барша адамзатқа жасауға ұмтылыс жасау қажеттігін аңғартуға болады. Ал тәуелдік жалғауы бір заттың екінші бір затқа тәуелді, меншікті екенін білдіреді. Сол сияқты «тәуелділік» ұғымынан адамның күні адаммен екенін ұғынса, бала өмірінің қай кезеңінде де адамдарға қол ұшын созу қажеттігін түсінеді.

Қазақ әдебиетіндегі ауыз әдебиетінің үлгілері мен ақын-жазушылардың шығармалары рухани-адамгершілік бағытқа икемді болып тұрары анық. Абайдың 45 қарасөзі арқылы қаншама тағылым-тәрбие беруге болатыны сөз парқын түсінетін адамға айдан анық. Шығармаларды оқыта отырып, кез

келген кейіпкердің іс-әрекетін талдату арқылы «өмірлік сабақ» беруді жолға қою мүмкіндігі туады.

Әрбір кезеңде адам түрлі жаңа нәрселерге ие болады, өз құндылықтарын қайта қарайды, қоғамдағы өзінің әлеуметтік орнын өзгертеді.

Қорытындылай келе, «ақылға арналған білім беру» және «жүрек үшін білім беру» интеграциясы кешенді түрде жүзеге асырылуы тиіс екенін ерекше атап өткен жөн, өйткені «интеграция» ұғымы біріктіруші бөліктер белгілерінің арифметикалық сомасын ғана емес, жаңа, жоғары сапаға ие болатын біртұтас ақыл мен жүректің бірігуін білдіреді.

Сұрақтар:

1. «Өзін-өзі тану» пәнін гуманитарлық пәндермен интеграциялау сабақтардың ашылатын тақырыптарына адамгершілік көзқарасты тереңдетеді дегенді қалай түсінесіз? (мысал арқылы дәлелдеңіз).
2. Гуманитарлық пәндер мазмұны оқушылардың ішкі дүниесінің қалыптасуына әсер ете ме? Нақты мысал келтіріңіз.
3. Лингвистикалық бағыттағы пәндерді «Өзін-өзі тану» пәнімен интеграциялаудың ерекшеліктері қандай?
4. Қоғамдық-тарихи пәндерді сырттай интеграциялауда қандай әдістерді қолдануға болады?
5. МЖМБС компоненттеріне талдау жасай отыра, стандарт мазмұнында рухани-адамгершілік білім беру мәселесінің қамтылуына талдау жасаңыз.

Тапсырмалар:

1. Бір немесе бірнеше дұрыс жауаптарды таңдау тапсырмалары. Осындай 5 тапсырманы әр білім алушы өз беттеріңізбен даярлаңыз.

Салыстырмалы шындық

A) сезімдерден жоғары (уақыт пен кеңістіктен тыс)
B) жаңа
C) жеке, өзгермелі
D) мемлекеттік тіл
E) сезімдер деңгейінде (логика)

Шындықтың жалпыадамзаттық құндылығы-бұл

A) шынайылық
B) адамның алғашқы табиғаты, бұл алғашқы шындықтың мәңгілік мәні
C) дәлелдемелерді талап ететін білім
D) білім туралы бастапқы табиғатта барлығы болса жақын, ақылға қонымды мәңгілік өмірдің барлық энергиясы
E) оқушылардың бірлік-тірлік, қабылдау, өзіне бөлінбейтін бөлігі тұтас, бәріне қатысы бар және Барлығы үшін жауаптар дұрыс

2. Қазақ әдебиеті пәнін интеграциялау бағытында ақын өлеңдерінің ерекшеліктеріне тоқталыңыз. Соның ішінде Сұлтанмахмұт Торайғыров шығармалары бойынша нағыз адамға лайықты қасиеттерді ашып беріңіз.

3. Ұлы ойшыл, фольклортанушы, этнограф, тарихшы, философ, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының өлеңдерін оқып, ұнаған тұстарынан үзінді жаттаңыз. «Бес құндылық»

өлеңінің мазмұнын талдап, «Адамзаттың рухани құндылықтары» тақырыбына эссе жазу.

4. Ш. Құдайбердиевтің «Үш ақиқат» шығармасын оқыңыз. «Оқылған туралы ойларым» немесе «Шәкәрім шығармаларындағы ар-ождан түйіндемесі» тақырыптарының біріне хабарлама әзірлеңіз.

5. Топпен жұмыс. Шоқан Уәлихановтың Орта Азия мен Шығыстың басқа да елдерінің тарихына, мәдениетіне арналған негізгі ғылыми жұмыстарын талдау, Азия халықтарының рухани-адамгершілік қалыптасуы идеясының мазмұнын анықтаңыз.

2.3. «Өзін-өзі тану» пәнінің жаратылыстану ғылымдары бағытындағы пәндерімен интеграциясы

Жаратылыстану ғылымдары–табиғатты зерттеумен айналысатын ғылымдардың жиынтық атауы; табиғат құбылыстары мен олардың дамуының жалпы заңдарын танумен шұғылданатын ғылымдар жүйесі екені белгілі. Қытай ойшылы, философ, тарихшы, мемлекет қайраткері, Қытайдың мемлекеттік дініконфуцийшілдіктің негізін салушы Конфуций: «Адам өзінің табиғаты бойынша мейірімді, адам табиғатының толық ашылуы білім беру арқылы өтеді», – деп ашық көрсеткен. Қазіргі заманауи мектептің де басты міндеті осы болып отыр. Оны тағы да біздің заманымыздың ұлы гуманисі, тамаша педагог Ш. А. Амонашвили былай деп аша түседі: «Мектеп – өзінің мақсаты бар жанды рухани тіршілік. Ол қоғамды жүргізеді, бірақ қоғамның қызметшісі емес» [13]. Бұдан ынтымақтастық педагогикасының тұтас тәрбиелеу ортасын қалыптастырудың шарты ретінде қолданылып отырғанын тәжірибе дәлелдеп отыр. Прогрессивті дидактика әрдайым гуманизм идеяларымен еніп, рухани және физикалық тұрғыдан мәжбүрлеуге қарсы тұрды.

Жаратылыстану пәні мұғалімінің дүниетанымы:

- ғарыш заңдары;
- кемелденуге апаратын эволюция оралмасы;
- «барлығы Біртұтас» принципі
- вибрация, ырғақ, резонанс;
- таным мен ой күшінің рөлі;
- себеп-салдарлық;
-синтез.

Дүниетаным – барлық әдістеменің негізі, мұғалім сол негізбен сабаққа кіреді. Күнделікті сабағын жоспарлау барысында сабақтың тәрбиелік мідетіндегі қасиеттер арқылы құндылық жарыққа шығады. Сондықтан жаңартылған білім беру мазмұнына орай қысқа мерзімді жоспарға енгізу:

- Сабақ мақсатына қосу;
- Сабақтың мақсаттарындағы дифференциацияда негізге алу;
- Тілдік мақсатқа қосу;
- Бағалау критерийлеріне қосу;
- Мұғалімнің рефлексиясына қосу. [14].

Оқыту үдерісінің кейбір қайшылықтарын жеңу. Бұл жерде, ең алдымен, баланың жалпыға міндетті білім беру стандарты мен жеке ойлау қабілеті бойынша білім көлемі айтылу керек. Түрткі (мотивация) сыныпта жағымды атмосферадан, тілектестіктен, сабақта шығармашылық әрекеттен туындайды. Топтық жұмыс, шығармашылық үдеріс, мұғалімнің дұрыс қойған сұрақтарына толық жауап беру, хормен ән айту, әрине, сабақта жағымды көңіл бөлуге ынталандырады. Интеграцияланған сабақты жоспарлай отырып, мұғалім, ең алдымен, оқушылардың жайлы жұмысы үшін кеңістік дайындауы керек. Бұл – сабақта табысты жұмыс жасаудың ең маңызды шарты. Ол үшін берілетін білім түрлерін салыстырмалы түрде қарайтын болсақ,

Сыртқы білім – ақылға арналған білім:

- сыртқы, интеллектуалды;
- сыртқы әлемді зерттейді;
-кітап білімі (жеке тәжірибесі жоқ);
- сыртқы қалауды оятады;
- интеллектін дамытады;
- сыртқы білім берудің мақсаты – ақпарат;
- интернет;
- олар көбіне жалықтырады.

Ішкі білім - жүрек үшін білім:

- ішкі, рухани-адамгершілік;
- ішкі әлемді зерттейді (мен кім?);
- практикалық маңызы (жеке тәжірибесі бар);
- әр адамның жүрегінде жасырын жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтайды;
- өмір мақсатына байланысты (не үшін өмір сүру);
- түйсікті дамытады;
- жүрекке жүгіндім;

– ішкі білім берудің мақсаты – құрылымдай білу;

- интернет;
- энергия береді.

Тұтас білім = сыртқы білім + ішкі білім

Адам тұлғасының барлық аспектілері – ақыл, қол және жүрек;

Үйлесімді даму қозғалды;

Теңдестірілген тұлғаны дамыту;

Адамға тән адамгершілік-рухани қасиеттерді анықтау және оларды өмір тәжірибесіне енгізу

Мақсаты – ой, сөз және іс бірлігінде көрінетін мінезді тәрбиелеу.

«Жансыз білім» деген ұғымда не бар?

- бұл оларды мүлдем білмейтіндігін білетіндер.
- бұл хабарланғаннан кейін бірден ұмытылған адамдар.
- жансыз білім - аяқтағы ауырлық

Жанды білім - олар:

- адамды жандандырады;

- ғылым көкжиегіне жетелейді;
- жаңаша өмір сүруге ықпал етеді;
- жаңа ізденістермен ойын шабыттандырады;
- ағартушылық пен эволюцияны көтереді;
- жанды білім оқушыны қанаттандырады. [15].

«Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім берудің оқу пәндеріне интеграциясы – бұл пәндік білімге жан бітіру, оның адамгершілік-рухани мәнін анықтау, біртұтас білім, мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде барлық пәндерді синтездеу және әр алуандықтағы бірлік көрінісі.

Кез келген пәнді интеграциялау барысында оқушының қызығушылығын тудыру мақсатында қызықты оқиғаларды әңгімелеп, баяндап беру және оның мазмұнына тереңірек үңіле білу үшін мұғалімнен іскерлік талап етіледі. Ал оқиғаны оқушылардың дұрыс қабылдауына бағыт беру үшін сұрақты нақты әрі жүйелі қоя білу білігі де қажет болады. Педагогтің кітапханасы, тікелей мағынада кітап қоймасы ретінде және бейнелі мағынада мұғалімнің естелігі ретінде, өзінің мазмұны мен ойлау, сөйлеу, адамгершілік, әділ әрекет ету ниетін тудыратын оқиғаларға толы болуы тиіс. Қызықты оқиға – бұл моральдық немесе діни ілімді (ақыл-ой) қамтитын өлеңдерде немесе прозада аллегориялық, қара өлең түрдегі, сюжеті адамгершілік-ғылыми мақсатта айтылған шағын оқыту әңгімесі.

Қызықты оқиғаның (притчаның) ерекшеліктері:

1. Әдетте, қызықты оқиғада кейіпкерлер атаусыз;
2. Уақыт, әрекет орны көбінесе түсініксіз.
3. Тікелей алу жоқ ;
4. Оның поэтикалық материалы адам өмірінен көрінеді.
5. Қойылған сұраққа жауапты әркім өзі беруі керек.
6. Хабарда оқырман меңгеруі тиіс арнайы мораль айтылады.
7. Дамудағы оқиғалар жоқ.
8. Оқиға суреттелмейді, хабарланады.

Сабақтағы тақырыпқа лайықты оқиғаны таңдай отырып, мұғалім бірқатар әдістемелік жағдаяттарды ескеруі керек. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне қарай қызықты оқиғалар таңдалады. Сонымен қатар бастауыш сынып оқушылары үшін оқиға ұзақ болмауы және олардың мазмұны оқушылардың өмірлік тәжірибесіне сай болуы керек. Ұл балалар динамикалық, қызықты оқиғаларды және фантастиканы жақсы көреді, ал қыздар өз кезегінде романтикалық реңкі және бақытты да сәтті аяқталатын өмірлік әңгімелерді ұнатады. Оқушылардың отбасылық, жеке жағдайы – мысалы, тұрмысы нашар, толық емес отбасыларының балаларына ауыр әсер алып, өздерін қабылдамаған немесе ұнамсыз сезінетін баланың өмірімен салыстырғанда, Бақытты отбасы өмірін көрсететін әңгімелердің теріс реакциясын тудырады.

«Өзін-өзі тану» пәнін оқыту әдістемесі тұрғысынан әңгіме:

- сабақтың тақырыбы болып табылатын құндылықты көрсету;
- мұғалім алдына қойған мақсатқа орай бағытта сұрақтар қойып, жауап беру;

- оқушының салауатты дамуы үшін құндылықтарды қабылдауға ықпал ету ғана емес, сонымен қатар оны шығармашылыққа ынталандыру.

Әңгіме көзіне әдебиеттер, оның әртүрлі жанрлары: фольклор (көбінесе - ертегілер), мифология, қызықты оқиғалар, әңгімелер, өлеңдер, тарихи кітаптар, Ұлы адамдардың өмірі, Ұлы пайғамбарлардың оқуы және рухани кітаптар жатады. Әңгімелердің тағы бір маңызды көзі – өмірлік жағдайлар.

Негізінен, қызықты оқиғаларды біз баспасөз, интернетте, адамдармен қарым-қатынаста, қоршаған ортаны бақылауда таба аламыз. Оқиғаны баяндау барысында театр қуыршақтарын, суреттер мен карточкалар, проектор, слайдтар немесе фильмнің, бейнефильмдердің бөліктері, магнитті тақта немесе тығыз картон материал (шағын өлшемді), теледидар, интерактивті тақта пайдалануға болады. Мұғалім оқиғаны кітап бойынша оқымай, өте әртістік, сынып ішінен немесе қажетіне орай жерлерде дұрыс орынды таңдай отыра, интонация мен үзіліс жасай отыра дауыс ырғағына мән бере отырып баядап беруі керек. Сонымен қатар әңгімеші тыңдаушылардың деңгейіне бейімделгені дұрыс. Оқиға оқушылардың санасына жетіп, оларды қызықтыруы үшін мұғалім оны жетік білуі және түсінуі тиіс, ол оқиға өзіне де ұнауы тиіс. Оқушылардың қиялын, ойлауына көмектесу үшін дауыс ырғағын мүмкіндігінше дұрыс пайдаланған жөн. Жанды және эмоциялық әңгіме оқушылардың ойын мазалауға итермелейді, оларды ойландыруға жетелейді.

Қызықты оқиғамен жұмыс істеу – шығармашылық сипатта болатын қызықты топтық жұмысты ұйымдастыру мүмкіндігін тудырады. «Екі қасқыр» оқиғасы бойынша жұмыс жасауға мысал келтіреміз.

Әңгімеден кейін мұғалім: «Қазір жетондардың көмегімен біз жұмыс істейтін ұғымды анықтаймыз (жетондар: қара және ақ жолақтар)». Оқушылар жақсылық пен жамандық туралы жорамалдайды. Мұғалім: - Кәнекей, оқушылар, «Қайырымдылық» сөзіне түсінік беру үшін түсіндірме сөздікке қарайық. Оқушылар анықтамалар тауып, оларды бірге талқылайды. «Жақсылық немесе қайырымдылық – барлық оң, жақсы істер, адамдар мен қоғамға пайдалы нәрсе, оны сақтауға ықпал етеді, жамандықты болдырмайды». «Зұлымдық – жаман, зиянды, қайғы, бақытсыздық, жағымсыз, ашулану. Ол адамдар арасындағы жеке тұлға мен қарым-қатынасты бұзуға әкеледі, жаман іс-әрекет жасауға итермелейді, араздықты қоздырады».

«Уақыт» өсиет әңгімесін тыңдау арқылы оқушылар «Егер басында құмыраны құмға толтырсаңыз, бұршақ түгілі тасқа да орын қалмайды. Өмірде де солай: ұсақ-түйекке уақыт жұмсасаң, бастысына уақытың жетпейді...» (талқылау, өз пікірін білдіру, ойлау).

Мейірімділік пен жамандық, адамгершілік ұғымдары туралы білімді кеңейту мақсатында шағын-тест өткізіледі. Мұғалім тізімнен «келесі әрекеттердің қайсысы жақсы іс болып табылады, ал қайсысы зұлым?» екенін таңдауды ұсынады. Өз пікіріңізді түсіндіріңіз:

1. Газондарда футбол ойнау;

2. Мектеп қабырғасына сурет салу;

3. Мектеп жанындағы өсімдіктерді отырғызу;
4. Достардан доп алу;
5. Қарт адамға көшуге көмектесу;
6. Автобуста орын беру.

Мұны ойын түрінде де өткізіп, жауап алуға болады. Ойын «аяқпен тарсылдату – қолмен шапалақтау» егер суретте бейнеленген іс жақсы болса – шапалақпен, жаман болса – зұлымдықпен тарсылмен белгі бере алады. Негізгі ойларды оқушылар өздері табу керек. Кейбір сөздерді жіберілген фразада ұсынуға болады: «Адамда зұлымдық пен мейірімділіктің болуы оның қылықтарына байланысты» сөйлемдегі жіберілген сөздерді енгізе отырып, адамгершілік сабақтарды тұжырымдау.

Ұлы ғалымдардың өмірінен және ғылымның даму тарихынан шабыттандыратын мысалдар немесе қызықты оқиғалар келтіру, әңгімелеу – рухани-адамгершілік білім мен өзін-өзі тану интеграциясының тамаша үлгісі.

Кей пәндердегі интеграция түрінен мысалдар келтіріп кететін болсақ,

1 - сынып. Математика. Тақырыбы: x + 20 = 40 теңдеуін шешу

Қорытынды: Өмірде де белгісіз, түсініксіз жағдайлар кездеседі, одан қорқудың қажеті жоқ, егер белгілі бір бағытты ұстанса, әрдайым жолды табуға болады.

7 - сынып. География. Тақырыбы: Мұхиттағы өмір

Мұхиттағы өмірдің таралуы географиялық ендік пен тереңдікке байланысты. Төменгі температура мен ұзын полярлық түннің салдарынан полярлық учаскелердің суы жануарларға кедей. Жылы кезеңде екі жарты шарда да қалыпты белдеулердің суларында тірі организмдер жақсы дамиды.

Қорытынды: Жүрек суық болған сайын, адам да соғұрлым қоғамнан алшақ, яғни достары аз. Біз қоршаған ортаға жылуды неғұрлым көп берсек, соғұрлым жылы шуағымызды таратып, жан-жағымызға жиналушылар көп болады.

7 - сынып. Геометрия, Тақырыбы: Нүкте, түзу, кесінді, сәуле, бұрыш. Үш нүктені белгілеңіз. Осы нүктелердің әр жұбынан тіке өтетін нүктелерді көрсетіңіз. Қанша тікелей сызық жүргізуге болады?

Қорытынды: өмірде де белгілі бір жолмен жүріп, нақты сипат, ой, сөз, іс бірлігі қалыптасады.

Білім беру үрдісінде жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығару бағытында оқытудың белсенді әдістерін қолдану тиімді. Өйткені мұғалім мен оқушының өзара тығыз әрекет жасауы арқылы берілген мәселелерді бірлесе шешу, қиын сұрақтардың жауабын бірге табу, алған білімдеріне орай өмірдегі іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру сияқты құзыреттіліктер қарастырылады. Оқыту әдістерін дұрыс таңдай білу кез келген пәннің оқыту мақсатын ашу үшін мұғалім мен оқушылардың ынтымақтастығына, білім беру үдерісіне қатысушы әр тұлғаның мейлінше ашылуына, белсенді болуына мүмкіндік берілетін әдіс-тәсілдерге басымдық берілгені жөн. Мұндай әдістер педагогикалық процеске қатысушылардың жоғары деңгейдегі қарым-қатынас жасау жылдамдығымен, әрекеттің алмасып отыруы әрі түрлі форматта болуымен, олардың шығармашылық

әлеуеттерінің ашыла түсуіне, рухани-адамгершілік бағытта өзін-өзі жетілдіре білуімен сипатталады.

Осы мақсатта қай пәнді интеграциялап оқыту барысында болса да, жиі қолданылатын әдіс-тәсілдерге: сабаққа алынған дәйексөздерді бірлесе талқылау, жағымды көңіл-күй сыйлау, тағылымдық әңгіме, оқиға, өсиет-аңыздар айту, талқылау, өмірлік, педагогикалық жағдаяттарды шешу, рөлдік, дидактикалық ойындар, рухани-адамгершілік тақырыбына поэзиялық мәтіндер, өлең жолдарын құрастыру, қойылымдарды сахналау, адамгершілік түйіні бар көркем композициялар құру, топпен ән айту, түрлі шығармашылық тапсырмаларды орындау және т.б. жатқызуға болады.

Интеграциялаудың мақсаты – барлық пәндердің мазмұнына мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарды енгізу.

Міндеттері: Ұлы ойшылдардың оқыту сөздерін түсіндіру арқылы жалпыадамзаттық құндылықтардың мәнін ашу, жалпыадамзаттық құндылықтарды әрбір пән мазмұнына біріктіру, пән мұғалімдерін өз пәнін сүйіспеншілікпен оқытуға бағыттау.

Автор Ирена Стульпинененің "Физика жүрек тілімен"еңбегінде сіз құрғақ әңгіме мен күрделі ғылыми тұжырымдарды таба алмайсыз. Физика заңдарын кітап авторы адаммен, әлеммен, руханилықпен байланыс арқылы қарастырады және оқушыларға ғылым туралы, бізге қамқорлық жасайтын, бізді сүйетін тірі өмір туралы әңгімелейді.

«...фактілер, тапсырмаларды шешуге әр түрлі талаптар қойылған, бірақ жоғары эмоциялар мен жылы сезімдер енбейтін сабақ бос қана болады. «Ең басты жаратылыстану сабақтарының трагедиясы» – адамға орын жоқ. Егер мұғалім суретшіге ұқсаса, ақыл-ойды жүрекпен, шығармашылықпен біріктірсе, онда тіпті физика пәні өзін-өзі танудың тірі ғылымына айнала алады…»

Биологиялық өмірді зерттеу бойынша ауқымды, нақты материал жинақтаған Виктория Бак «Биология жүрек тілімен» еңбегінде өмірді екі жақты рухани-материалдық табиғаты бар заңды ғарыштық құбылыс ретінде қарастырып, дамушы әлемнің ғарыш күштерінің жасампаздық іс-әрекетінің нәтижесі болып табылатын тірі затты зерделеудегі тұтас тәсіл қолданған.

Мысалы: «...Сіз тірі шегірткенің немесе мантистің көзіне тіке қарадыңыз ба? Жәндіктердің көзі бүкіл мұхиттың тереңдігі және бояуларымен құйылады, оларда шынымен де Мәңгілік көрініс табады және оны сөзбен жеткізу мүмкін емес. Әлемді басқа өлшеу иеленеді, оның тереңіне сүңгі отыра, өзге, көп өлшемді галактиканы сезінуге болады… Өзімнің ғылым тілінде сұлулық туралы айтып бере аламын ба? Әлемнің, гүлдердің формуласы мен жұлдыздардың құрылымы бір заңға немесе Марина Цветаеваның сөзіне негізделгенін көрсете аламын ба?»

Математика және өзін-өзі танудағы (бастауыш мектепте) кешенді сабақ мысалдары

1-мысал: Бақшаға 10 ағаш отырғызылды. Өткен жылы 8 ағаш шабылды. Балалар, жауабын мен таба алмай отырмын, қалай болар екен? Бақшада қанша ағаш болды?

Бұл жерде жауап табу үшін,
Ағаштарды санаудың қажеті жоқ.
Сегіз ағаш жоқ,
Демек, мұнда бақша да жоқ.
Неге бақша жоқ?- Ағашты ұрлап кеткен адамдар не істеу керек?

2-мысал: Анам дүкеннен үйге келе жатты. Оның қолында жалпы салмағы 8 кг екі сөмке болды. Дәурен оған ауырлау бір сөмкені жеткізуге көмектесті. Егер ананың қолындағы сөмкесі ұлының арқасында 4 есе жеңілдесе, онда бұл сөмкенің салмағы қанша болған? Ұлының әрекетіне баға беріңіз. Сізде баланың бұл әрекеті қандай сезім тудырады?

Өз туысқандарыңызға болмаса үлкен адамдарға көмектескен сәттеріңіз болды ма?

География (жаратылыстану) және «Өзін-өзі тану» пәндерінің кіріктірілген сабағының үлгісі

Түн мен күн – табиғаттың бір бөлігі: адам өмірінде қуаныш пен қайғы-қасірет бір-бірін алмастырады. Түн ұзағырақ болса да, ол міндетті түрде аяқталады, сондай - ақ өмірде де жамандық болғанымен, ол да міндетті түрде кетеді және жаңа жақсы күн туатынын есте сақтау керек. Ежелгі даналар айтқандай: «Бұл өмірде бәрі өткінші, бұл да өтеді».

Биология және «Өзін-өзі тану» пәнінің интеграциясы

Аралар мен шыбындар

Барлық жерлерде шырынды жинайтын бал арасына ұқсаңыз, лас, қоқыстарды іздейтін шыбын емес. Жақсы ортаны іздеңіз, бәрін жақсы көруді

үйреніңіз. Сіз қай жерде болсаңыз да, дана, ақылды адамдардың қоғамын іздеңіз, сізді қоршаған нәрседен сабақ алуды үйреніңіз. Жаман орта мен жаман әңгімелерден аулақ болыңыз.

Физика және «Өзін-өзі тану» пәнін интеграциялау үлгісі
Жарық және көлеңке

Біз жарыққа қарай жүрсек, көлеңке біздің артымызда қалады. Жарық көбірек болған сайын көлеңке азаяды. Жарықтан келе жатқанда, көлеңке біздің алдымызда жүреді. Жарық – бұл біздің жалпыадамзаттық құндылықтар, көлеңке – бұл біздің жағымсыз қасиеттеріміз. Көлеңке – жарықтың болмауы. Жарық бар жерде, көлеңке жоқ.

Тепе-теңдік

Біз теңдестірілген өмірге жол беріп, шектен, өмірдің шетінен аулақ болуымыз керек.

P=mgh

P - әлеуетті энергия, m - дене салмағы, h - денені нөлдік деңгейден көтеру. Адам жер, материалдық деңгейден жоғары болған сайын, оның әлеуетті, шығармашылық энергиясы да соғұрлым жоғары болады.

Қорытындылай келе, «Өзін-өзі тану» зияткерлік және рухани-адамгершілік білім беру интеграциясы оқушылардың келесі маңызды қасиеттерін дамытуға ықпал етеді:

- ✓ кез келген өмірлік жағдайды және ғылыми мәселені рухани деңгей тұрғысынан бағалай білу «Бәрі өзара байланысты, осының барлығы мен ұғымына тіреледі»;
- ✓ ғылымның аксиологиялық сипатын және барлық білім түрлерінің ішкі бірлігін көре білу;
- ✓ жобалық ғылыми-зерттеу қызметіне жалпыадамзаттық құндылықтарды біріктіре білу;
- ✓ өзін-өзі дамытудың ішкі күшін, интуитивті ойлау қабілетін ояту;
- ✓ әлеуметтік белсенділік және қоғамға риясыз қызмет етуге дайындық;
- ✓ жеке тұлғаның қоғам мен табиғаттың өзара байланысын сезінуі;
- ✓ оң ойлауды дамыту;
- ✓ мәңгілік және уақытша құндылықтар арасындағы айырмашылықты дамыту;
- ✓ іс-әрекетте ар-ождан дауысын басшылыққа ала білу;
- ✓ ой, сөйлеу, мінез-құлық, шындық;
- ✓ ата-аналар, мемлекет, адамзат алдындағы борышын білу, жауапкершілікті орындауға білдіреді;
- ✓ әлемдік мәдени мұраны білу және ұғыну;
- ✓ басқа адамның жүрегін сезіну, қайғыру, жанашырлық, ренжіту қабілеті;
- ✓ өзіне сенім, шыдамдылық, өзін-өзі ұстау, өзін жағымсыз эмоциямен күте білу, оларды бақылау және бақылауда ұстау;
- ✓ ішкі үйлесім, жан-жақты сүйіспеншілік сезімін бастан кешіру [16].

Сұрақтар:

1. Ш.А.Амонашвили: «Біздің міндетіміз - балаға өзіне сенуге көмектесу» - дейді. Сіздің пікіріңізше, айтылған ой дұрыс па? Дұрыс десеңіз, түсіндіріңіз. Ал өзіне сену деген не? Өмірлік мысалмен дәлелдеңіз.

2. Сіздің ойыңызша, өскелең ұрпаққа қандай құндылықтар қажет? Оны мысалмен дәлелдеп берсеңіз.

3. «Досыңа достық қарыз іс, дұшпаныңа әділ бол» деген Абай ақылын қалай түсінесің? Қай пәнге қандай тақырып төңірегінде сөз болғанда қолданар едіңіз?

4. «Таяқ сүйектен өтер, сөз сүйектен өтер»,«Тіл сүйексіз болса да, сүйектен өтеді» нақыл сөздерін жаратылыстану пәндеріне қалай байланыстырар едіңіз?

5. Өзіндік сана қалыптастырудың психо-физиологиялық негіздері дегенді қалай түсінесіз?

Тапсырмалар:

1. «Интеграция идеяларының аукционы» топпен жасалатын шығармашылық тапсырма: Жаратылыстану-ғылыми цикл және өзін-өзі тану сабақтарының (сіздің пәніңіздің) интеграциялануының мысалдарын ойлаңыз. Сіз интеграцияның қандай түрін пайдаланғаныңызды көрсетіңіз.

2. «Ұлы адамдар достығы» туралы бейнефильмдер көру, мәліметтер жинау, қызықты әңгімелер тыңдау және мүмкін болған жағдайда кездесулер ұйымдастыру.

3. «Менің құндылықтарға көзқарасым» тақырыбында пікірталас сұрақтарын құрастырыңыз.

4. «Адамзатты сүю Елін, жерін сүюден басталады» тақырыбында «Жас маман және XXI ғасыр адамы» тақырыбында жоба жасаңыз.

5. «Адам құндылық – өмір объектісінің жоғары санасы» тақырыбында шығармашылық жазба жұмыстарын (эссе, шығарма, өлең құрастыру және т.б.) әзірлеп, оны презентация арқылы қорғаңыз.

3-ТАРАУ. СЫНЫПТАН ТЫС ІС-ШАРАЛАРДЫ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ МҮМКІНДІКТЕРІ

3.1. Сабақтан тыс іс-шараларда «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын ұйымдастыру ерекшеліктері

Қазақтың ұлы ақыны Абай қарасөздерінің бірінде: «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады. Содан соң ғана Алла тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық, өз адамдығын бұзбай ғана ғылым-білімді үйренсе, білсе деп үміт қылмаққа болады» – десе, М.Жұмабаев: «Адамның шын мағынасымен «Адам» болуы үшін өзін сүю, жақындарын сүюмен қанағаттанбайды, жалпы адамзатты сүюі шарт», – дейді. Осы ұлы ойшылдардың ой-тұжырымдарына талдау жасай отыра, әрбір сөздің мағынасына терең үңіліп, нақты қорытынды жасауға болады.

Қазіргі ақпараттық қоғамдағы басты факторлардың бірі – адам. Адамның өзі туралы ешқандай түсінігі, айтар ой-пікірі болмаса, өзінің өмір жолын таңдап, анықтау оңай болмайды, оның осы заманда бақытты да табысты болудың жолын табу қиынға соғады. Адамның адамгершілік жағынан қалыптасуы туған кезінен отбасынан бастау алады. Мектепке дейінгі жаста балаларда алғашқы адамгершілік сезім, адамгершілік мінез-құлықтың қарапайым дағдылары қалыптасады. Адамгершілік қасиеттерін дамытуда мектеп жасындағы кезеңде тұлғаның үйлесімді дамуының негізі қаланады [17]. Рухани-адамгершілік білім, сабырлылық, адал ниет пен еңбек адамды рухани тазалыққа жеткізеді. Адамгершілік тәрбиенің ұтымды тәсілі мен құралы арнайы құрылған танымдық міндеттер екені белгілі. Оларды шешу кезінде кіші жастағы оқушылар қылықтарын қарастыруды, жағдаяттарды талқылауды, оларға өздерінің жеке қатынасын білдіруде өздеріне таныс адамгершілік ұғымдарды қолданады. Сүйіспеншілік пен кешірім, айналаңа қызмет ету – адамның саналы ғұмырының мақсаты. Мектеп балаларды жоғары адамгершілік көзқарас рухында тәрбиелеп, жан-жақты жетілдіреді, осының нәтижесінде балаларда адал ниетпен оқып, еңбек ету, ұжымдық сияқты болымды қасиеттер қалыптасады. Аталған тәрбиені жүзеге асыруда мектептерде жүргізіліп жатқан «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының орны ерекше. 1-11 сыныптар аралығында жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі: ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, тыныштық, қиянат жасамау болып белгіленді. «Өзін-өзі тану» сабақтарын оқытудың әдістемелік ерекшелігі – алған білімін функционалдық және шығармашылық қолдану; сыни ойлау; зерттеу жұмыстарын жүргізу; ақпараттық-коммуникативтік дағдыларды пайдалану; әртүрлі коммуникация тәсілдерін пайдалану; топта және жеке жұмыс істеу дағдысы; оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасу мақсатында білім беру кеңістігін құру.

Өзін-өзі тану сабағының өмірлік ұстанымы («Дәйексөз»), танымдық қызығушылық арқылы («Әңгімелесу»), сахналау, ойын, топтарда атқарылатын жұмыс коллаж және суреттер арқылы шығармашылық қабілеттерін арттыруға («Шығармашылық іс-әрекет, топпен жұмыс»)

ұсынылған ақпаратын түйсігіне жеткізу үшін ақпаратты өзі іздестіру мүмкіндігіне ие. Эмоциональдық саланы дамытуға («Музыка, топпен ән айту»), тұрақты рухани-адамгершілік құндылықтарды, жағымды ойлауды дамытуға бағытталған («Жағымды көңіл-күйге келу») сабақтарының әдіс-тәсілдері ықпал етеді [16].

3.1- сурет. Адамгершіліктің қасиеттері

Адамгершіліктің қасиеттері: ақылдылық, сәлемдесу, сыйласу, құрметтеу, кішіпейілділік, ізеттілік, мейірімділік түсіндірме ретінде ұсынылды (3.1-сурет). Жас ұрпақты рухани-адамгершілік рухында тәрбиелеу үшін олардың ең алдымен өзін және басқа адамдарды қадірлей, сыйлай білуге үйреткен жөн. Мәдениеттіліктің басты белгісі – жанашырлық, тілектестік, мейірімділік, сыпайылық, кішіпейілділік, адамдарды құрметтеу. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының мақсаты – мінез-құлқында мәңгілік рухани-адамгершілік құндылықтар қалыптасқан, ойы, сөзі мен ісі бір жерден шығатын нағыз адамның мінез-құлқын қалыптастыру. «Өзін-өзі тану» пәні – Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңгі азаматтары болатын, бүгінгі жас буынға рухани-адамгершілік тұрғыдан бағыт-бағдар беру міндетін атқарады. Кіші мектеп жасындағы балалардың қызығушылығы тұрақсыз болатындықтан, оларға сыныптан тыс жұмыстар кезінде қызығушылығын арттыратын істерді баса ұйымдастыру қажет. Білім беру үрдісіндегі интеграция әртүрлі пәндер арасындағы тұрақты байланыстарды нығайту және мектептен тыс іс-шараларды бұрын алған білімдерін байланыстыру мақсатымен жүйелі түрде жүзеге асырылатын үрдіс.

Жеке адамды дамытудағы басты факторлардың бірі – тәрбие. Тәрбие балалардың жас және дербес ерекшеліктеріне, дайындығы мен даму дәрежесіне лайық іске асырылады. Тәрбиенің бастауы өзін-өзі тану сабақтарынан басталып, басқа пәндердің мазмұнынан жалпыадамзаттық құндылықтарды жарыққа шығару, сыныптан тыс жүргізілетін іс-әрекеттердің өзегі рухани-адамгершілік тақырыбында болуы, әлеуметтік орта арқылы

жүзеге асырылады. Тәрбие жүйесінде сыныпта және сыныптан тыс тәрбие жұмысы ерекшелігі балалардың тұлғалық және жас ерекшелігіне сай анықталады [18]. Бүгінгі таңда үлкендерге балалардың ынтасы мен назарын өзіне аударуға қол жеткізу оңайға соқпайды. Тәрбие барлық уақыт пен барлық жерде жүзеге асырылады. Оны белгілі бір сағатпен, сабақпен шектей алмаймыз. Оқушылардың санасы мен мінез-құлқын қалыптастыруға, олардың сезімдерін дамытуға деген бейтарап уақыт жоқ. Баланың рухани-адамгершілік тағылымына кері әсер ететін факторлар: жат қылықты жариялайтын фильмдер, бейнетаспалар, компьютерлік ойындар. Сондықтан сыныптан тыс сабақтарды ұйымдастыруда мұғалім барынша тапқырлық танытқаны жөн. Спорт, табиғатқа серуен, мектептен тыс кездесулер кезіндегі пікірталас, әсерлі әңгімелер, мұражайға саяхат – осының бәрі рухани-адамгершілік тәрбие үшін қажетті құралдар.

3.2 - сурет. Адамгершіліктің тәрбиелік өлшемдері

Адамгершілік тәрбиелік өлшемдерін әр мектеп балалардың жас және дербес ерекшеліктерін есепке ала отырып, талаптарға орай анықтауына болады. Ол талаптар әр сатыда түрлі болатынын ұмытпау қажет (3.2 - сурет).

Бастауыш саты оқушысына қойылатын талаптар үлгісі:

– Отанын, туған жер рәміздерін білуі керек;

– Өзіне-өзі қызмет етуді;

– Отанын, ата-анасын, мектебін сүюі, еңбексүйгіш, жақсылық жасағанды ұнатуы;

– Өз айналасындағылардың бәрімен жолдас болуы, өзіне шынайы дос таңдай білуі;

– Өз бойындағы жалқаулықпен, кемшіліктерімен, жолдастарының жағымсыз қылықтарымен күресуі;

– Туған өлке табиғатын қорғауы;

– Үлкендерге, қарттарға, кішілерге, мүгедектерге оқуда, еңбекте көмектесуі тиіс [19].

Білім беру жүйесінің ажырамас бөлігі – оқушылармен жүйелі түрде сыныптан тыс іс-шараларды ұйымдастыру. Сыныптан тыс іс-шаралардың негізгі ұйымдастырушысы – мұғалім, сынып жетекшісі, пән мұғалімдері, ата-аналар. Міндеті – мектеп оқушыларын қоғамның белсенді және саналы азаматтары етіп тәрбиелеуге ықпал жасау. Ол оқушылар үшін тәлімгер және шабыт көзі болып адами құндылықтар негізінде өмірде кездесетін кез-келген жағдайларды адамгершілікпен шеше білуге көмектеседі. Айтылған сөз іс-әрекет арқылы орындалып, әңгіме моральды-адамгершілік тақырыбында жүргізіліп отырса, онда айтылған тәрбиелі сөздер бала санасында өшпей,

есінде қалады. Өз «менін» бекітуге, алға қойған мақсаттарын жүзеге асыруға, көшбасшылық іскерліктерін шыңдауға т.б. мүмкіндік береді.

Сыныптан тыс іс-шаралар – жас ұрпақтың бойында рухани-адамгершілік қайнарын сіңіріп, жалпыадамзаттық құндылықтарды негізін қалауға бағытталған. Олар жан-жақты дамытуға, бос уақытты тиімді ұйымдастыруға септігін тигізеді. Сыныптан тыс оқу-тәрбие жұмыстары қоғамдық өмірге бейімдейтін, жұмыс тәжірибесін жинақтайтын, жаңа жағдайдағы қарым-қатынасқа үйретететін, қызығушылықтар мен талаптарды іске асыратын әлеуметтік ортаның бір бөлігі. Қазіргі қоғамдық өзгерістерге орай адамдарды еркін тәрбиелеу, әр жеке тұлғаның өзіндік қасиетімен икемділігін ашуға мүмкіндік беру, адамдардың өзін-өзі тәрбиелеуге ерекше көңіл бөлу қажет. Ізгілік ұстазы В.А.Сухомлинскийдің пікірінше, оқушыларды еліктетіп, жігерлендірмейінше, тәрбиенің нағыз өз мәнінде болуы мүмкін емес.

Іс-шаралар – бұл оқушыларға тікелей тәрбиелік ықпал ету мақсатында педагогтің ұйымдастыруымен болатын оқиға, оқу, ұжымдағы жағдаят. Қосымша сыныптан тыс іс-шараларды, үйірмелерді, секциялар мен факультативтерді ұйымдастырудың мәні – баланың дарындылығын ерте анықтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту, оның қызығушылықтарының жан-жақтылығын ашу, кәсіби өзін-өзі анықтауына көмектесу. Сыныптан тыс жұмыстар төменде берілген іс-шаралар арқылы жүзеге асады (3.3 - сурет):

3.3 - сурет. Сыныптан тыс жұмыстар бойынша іс-шаралар

Сыныптан тыс жұмыс оқушылардың бос уақыттарын ұйымдастыруды, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде мектеп оқушыларын рухани-адамгершілікке тәрбиелеуді, оның дамуын және әлеуметтенуін біріктіреді. Сабақтан тыс уақытта, сенбі күні балалардың бос уақытын толық қамту мақсатында пән мұғалімдерінің әлеуеттерін дұрыс пайдаланған жөн. Пән мұғалімдері қызығушылықтарына қарай үйірмелерді, секцияларды, клубтарды, сондай-ақ өз бейіндері бойынша сабақтан тыс уақытта танымдық, байқау, ойын-сауық бағдарламаларын, экскурсияларды және т.б. ұйымдастырады. Мұғалімнің сыныптан тыс жүргізілетін тәрбие жұмысын

тиімді жоспарлау жұмыстың дұрыс, әрі мазмұнды ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді. Жыл бойына жоспарланған шараларды дұрыс ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Жоспар жеңіл түрде жасалмай, атқарылатын шараларға сәйкес көзделіп, бағытталғанда бір нәтижеге жетеді.

Рухани-адамгершілік бағытында сыныптан тыс формалары мен әдістерінің тізбесі:

- ✓ әңгімелесу, еркін талқылау, аңыз-әңгімелерді оқу;
- ✓ бейнеүзінділер мен мультфильмдерді көру, талқылау;
- ✓ ұлттық ойындар;
- ✓ ұлттық-мәдениетті мерекелерді ұйымдастыру;
- ✓ көркем көрмелер; саяхаттар, кинофильмдер көру;
- ✓ қайырымдылық істерге қатысу;
- ✓ табиғатқа жанашырлық.

3.4 - сурет. Бос уақытты қамтуды ұйымдастырудың бағыттары

Білім кеңістігін ізгілендірудегі біздің ең басты құралымыз сүйіспеншіліктен жасалған барлық дұрыс әрекеттер болып табылады. Оқушыларды жаман қылықтардан сақтандыру үшін олардың бос уақыт бағыттарын анықтап, сабақтан тыс іс-шаралар арқылы рухани-адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіргеніміз дұрыс (3.4 - сурет).

Балалар мектепте сыныптан тыс уақытта қоғамдық пайдалы еңбекке қатысады. Жиындарда кездеседі, бірлесіп ойнайды, серуендеуге шығады, спорттық ұйымдарға, компьютерлік орталықтарға, кинотеатрларға барады. Оқушы сыныптан тыс уақытының барынша көп бөлігін мектепте өткізетіні белгілі.

Бірнеше сыныптан тыс қызмет үдерісі кезінде балалардың арасында олардың әрқайсының жеке бас ерекшеліктеріне орай қарым-қатынаста қалыптасатын болады. Сол қарым-қатынас арқылы олардың жеке басының одан әрі даму бағыты анықталады.

Мектеп оқушыларын рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудың негізгі мақсаттары:

– оқушыларды саналы тәртіпке және адамгершілік мәдениетке тәрбиелеу;

– оқушылардың сөйлеу мәдениетін, логикалық ойлауын дамыту;

– оқушылардың практикалық дағдалары мен білімдерін кеңейту;

– оқушылардың мәдениетті болуына, әрі қарай дамуына көмектесу;

– еңбексүйгіштікке және ұйымшылдыққа тәрбиелеу;

– үлкенді және кішіні сыйлау, құрметтеу адамгершілік құнды қасиеттерін дамыту.

Өзін-өзі танудың алғашқы қадамы: өзін-өзі тану, өзінің істеген ісінің салдарын білу, оны саналы түсіну. Пән ойды,істі, өзгелермен қарым-қатынасты саналы түсінуден басталады. «Өзін-өзі тану» пәні арқылы жеке тұлғаның бойында рухани-адамгершілік қасиеттердің қалыптасып, адамзаттың табиғатпен үйлесімділікпен дамуын сезіндірумен айқындалады.

Сыныптан тыс ұйымдастырылған жұмыстар тәрбие ісімен ғана шектелмейді. Оқушылардың бос уақыттарындағы іс-әрекеттерін ойластырып ұйымдастырған сыныптан тыс жұмыстар олардың ойындағы танымдық күш және қабілеттерін арттыруға, білімін кеңейтуге, білімге деген ынтасын арттыруға, мәдениеттілігі мен адамгершілігіне зор ықпал етеді.

Сыныптан тыс ұйымдастырылған жұмыстар – педагогикалық үрдістің маңызды бөлігі. Олар жеке тұлғаны тәрбиелеуде, оқыту барысында бірін-бірі толықтырады, байытады. Сыныптан тыс ұйымдастырылған жұмыстардың бірінде сабақ өткізу, атап айтқандай, оқушылардың оқу-танымдық мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін ұйымдастырылған шараларды жоспарлағанда, бір-бірімен қарым-қатынас жасай білуге, өзін қоршаған ортаны тани алуға, сабақта алған білімдерін тәжірбие жүзінде іске асыра білуге үйрету қажет.

Рухани-адамгершілік бағытта жүргізілетін сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және оны өткізудің әдістемелік негіздері:

1. Сыныптан тыс жұмысты оқушылардың сабақта алған білімдері мен дағдылары негізінде ұйымдастыру қажет;
2. Сыныптан тыс жұмыс оқушы бастамасынан басталып, олардың жеке қажеттіліктерін өтейтіндей бағытта жүргізілуі тиіс;
3. Сыныптан тыс жұмыс белгілі бір оқу-тәрбие мақсатын көздеуі тиіс.



3.5 - сурет. Талап түрлері

Сыныптан тыс жұмысқа қойылатын талаптарды анықтап, орындау үшін, жоғарыдағы талап түрлерін 3.5 - суретте ұсынамыз.

Сыныптан тыс іс-шаралардағы танымдық міндеттердің нәтижесі:

1. Әртүрлі іске қызығушылығын және қабілеттерін, шеберліктері мен дағдыларын тәрбиелеу;
2. Қоғамдық істерге жауапкершілікті, мінез-құлықтарды және іс-әрекеттерді дұрыс тәрбиелеу;
3. Өзіндік білім деңгейлерін көтеруге тәрбиелеу, бос уақыттарын тиімді пайдалану және қызықты ұйымдастыруға әдеттендіру;
4. Оқушылардың бос уақыттарындағы іс-әрекеттері мен сабақтан тыс жұмыстардың түрлерін біріктіріп сәйкестендіру, сабақта алған білімдерімен байланыста жүргізу [20].

Оқушылардың практикалық қызметін ұйымдастыру жұмыстары баланы қызықтыратын, мінез-құлқының әдептеріне сай келетін, өздері саналы іс-әрекет жасайтындай жұмыс ұйымдастырылуы қажет.

Мектеп оқушыларының мұғалімдермен бірлесе отырып экскурсиялар мен жорықтарды даярлауы, өздері қамқорлыққа алған балалармен жол қауіпсіздігі ережелері туралы автобустарда және басқа көліктерде мінез-құлық мәдениеті мен саналы іс-әрекет тәртібі туралы әңгімелер өткізеді.

Мұғалім сыныптан тыс ұйымдастыратын жұмыстардағы бұл тақырыптар жыл мезгілі, мерекелік кештерде, айына бір рет не екі рет оқушылармен серуенге, бір кездесуге шыққанда ұйымдастыруға болады. Ал төменгі сынып оқушыларымен екі айда бір рет өткізуге болады. Мұғалім оқушылармен адамгершілікке тәрбиелеу бағытында күнбе-күн жұмысты арттырып отырады. Сыныптан тыс ұйымдастырылатын жұмыстарда жалпыадамзаттық құндылықтарды (Ақиқат, Дұрыс әрекет, Тыныштық, Сүйіспеншілік, Қиянат жасамау) басшылыққа алуға үйретуді көздейді.

Бастауыш сынып оқушыларын сыныптан тыс ұйымдастырылған жұмыстарда адамгершілікке тәрбиелеу өте маңызды. Олардың назарынан басқалардың іс-әрекеті мен сыртқы жағдайларға, ақыл-ой әрекетінен гөрі іс-қимыл әрекеттеріне қызығушылығы байқалады. Сол себепті балаларды сыныптан тыс жұмыстарға қатыстыру ондағы мұғалім мен отбасы оның

өмірінде жол көрсетушісі, қоғамдық орындарда және қоршаған ортада саналы әрекет етуге, мәдениетті болуына жауапкершілік танытады.

Оқудан тыс сабақтар:

– Оқу-тәрбие жұмысы өмірімен байланысты арттырады;

– Оқушылардың сыныпта алған білімін одан әрі тереңдетуге, ең маңыздысы, олардың сегіз қырлы, бір сырлы, білімді де, парасатты, адамгершілігі жоғары азаматтар болып өсуіне жағдай жасайды оқудан тыс осындай сан-саналы жұмыстарды тартымды да, қызықты, әсерлі етіп ұйымдастырған мұғалім, тек жақсы оқитын оқушыларды ғана емес, үлгерімі төмен, тәртібі нашар оқушылардың да талабын оятпақ. Өйткені онда ұстаз бен оқушы арасында көзге көрінерлік шекара болмайды. Мұғалім шәкіртімен бірге тыныстайды, бірге ойлайды, істі бірге істеп, бірге шешеді.

Оқудан тыс шара міндеттері:

- Оқушылардың бойына ізгі қасиеттерді дамыту;
- Балалардың қоғамдағы әлеуметтік-мәдени ортамен үйлесімді байланысын қалыптастыру;
- Балаларды мәдениетті адамдарға тән адамгершілік нормалармен таныстыру;
- Жеке тұлға ретінде әр оқушының жеке ой-пікірімен санасып, шығармашылық іс-әрекеттер арқылы өзін-өзі айқындауға басышылық жасау;
- Табиғат, қоғам байлықтарына жауапкершілікпен қарайтын тұлға қалыптастыру;
- Оқушылардың патриоттық қасиеттерін арттырып, Отанын, отбасын, достарын, мектебін сүюге тәрбиелеу [9].

Оқудан тыс іс-шаралардың маңызы:

1. Оқушылардың бойына ізгі қасиеттерді дамытады;
2. Балалардың қоғамдағы әлеуметтік-мәдени ортамен үйлесімді байланысын қалыптастырады;
3. Балаларды мәдениетті адамдарға тән адамгершілік нормалармен таныстырады;
4. Жеке тұлға ретінде әр оқушының жеке ой пікірімен санасып, шығармашылық іс-әрекеттер арқылы өзін-өзі айқындауға басшылық жасайды;
5. Табиғат байлықтарына жауапкершілікпен қарайтын тұлға қалыптастырады;
6. Оқушылардың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырып, отбасын, достарын, мектебін сүюге тәрбиелейді;
7. Оқудан тыс шаралар арқылы құндылықтарды енгізеді;
8. Спорт арқылы ұжымға, бірлікке, қамқорлыққа үйренеді;
9. Дискуссия – дұрыс шешім қабылдау, татулыққа, сыйлауға, тыңдай білуге баулиды;

10. Кез келген құндылықты ала отырып, драмалық үйірмелерде оқушыларға жазуға, рөлдерге бөлуде ішкі сұлулығын көрсетуге ықпал етеді;

11. Мейірімділік акциясы;

12. Клубтар (сурет, қолөнер) ұйымдастыру. Жасалған бұйымдарды сыйлық ретінде сүйіспеншілікпен сыйлауға үйретеді.

Сабақтан тыс қызмет оқушылар үшін өз шығармашылығын, танымын, дене белсенділігін дамыта алатын, өзінің ең жақсы тұлғалық қасиеттерін жүзеге асыратын кеңістікті кеңейтеді (3.1 - кесте).

3.1 - кесте

Сабақтан тыс қызмет арқылы оқушы тұлғасын дамыту бағыттары

Тұлғаны дамыту бағыттары	**Сабақтан тыс қызмет бағыттары**	**Сабақтан тыс қызмет түрлері**	**Сабақтан тыс қызметті ұйымдастыру формалары**
1	**2**	**3**	**4**
РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК	*Әскери-патриоттық*	Бос уақытта көңіл көтеру қызметі (бос уақыттағы қарым-қатынас) Ойын қызметі	Үйірме Шығармашылық бірлестік Концерттер Спектакльдер Көрмелер Зияткерлік ойындар Дөңгелек үстел Пікірталастар Конференциялар
	Ғылыми-танымдық *Көркем-эстетикалық*		
	Әскери-патриоттық	Проблемалы-құндылықты қарым-қатынас Туристік-өлкетану қызметі	
	Қоғамдық-пайдалы қызмет	Әлеуметтік шығармашылық (әлеуметтік жаңартатын ерікті қызмет)	
	Жобалау қызметі	Еңбек (өндірістік) қызметі	

Балалар әр сынып сайын адамгершіліктің негізгі компоненттерін (жеке бас гигиенасы, әдептілік, сөйлеу мәдениеті және т.б.) үйрене бастайды.

Олардың келесі сыныпта игеретін әдептерінің талаптары ұлғая түседі, оқушылар жеңілден күрделі ережелерге ауысады. Бастауыш сынып оқушыларының өмірі нақты ережелерге сай ұйымдастырылады. Балалардың өмірін ережелерге сәйкес ұйымдастыру оны неғұрлым жақсы игеруге көмектеседі. Олардың күнбе-күнгі өмірінде олар бір-біріне көмек көрсетіп, педагогикалық тұрғыдан ойластырылған жағдаяттар жеткілікті болуы тиіс. Ережелерді олармен бірге тұжырымдасып, балаларды өздерінің қорытындылар жасайтын болуына бірте-бірте жақындату керек. Балалар ережелердің кейбіреулерін жақсы игеріп, оларды қолдана бастағаннан кейін басқаларын түсіндіруге көшу керек.

Балаларға арналған ереже үлгілері.

Топта жұмыс істеу ережелері:

1. Әр қатысушы өз пікірін айта алады;
2. Бір-бірінің құндылықтары мен көзқарастарын онымен келіспесе де құрметтейді;
3. Адамдар емес, олар тұжырымдаған идеялар мен ұсыныстар талқыланады;
4. Барлық қатысушылар ескертпелерді қысқа әрі нақты түрде айтады;
5. Барлық қатысушылар ашық, іскер және достық жағдайды құруға ұмтылады.

Достық ережелері:

1. Жолдасыңа көмектес: бір нәрсені істей алсаң, оны жолдасыңа да үйрет; жолдасың қиыншылыққа тап болса, оған қолыңнан келгенше көмектес.
2. Жолдастарыңмен ортақтас: егер қызықты ойыншықтарың, кітаптарың болса, мұндай ойыншықтары мен кітаптары жоқ балалармен бөліс. Жолдастарыңмен ойнағанда және бірге жұмыс істегенде ең жақсының бәрін өзіңе алушы болма.
3. Егер жолдастарың бір жаманшылық істеп бара жатса, онысын тоқтат. Жақсы дос болу дегеннің мәні – бір-біріне тек шындықты ғана айту деген сөз, егер досың кейбір кезде теріс кетсе, оған мұнысы жайлы айт.
4. Басқа балалардың көмегін, ескертуін қабылдай біл.
5. Жолдастарыңның жетістігіне қуан.

Ұйымдасқан жұмыс ережелері:

1. Жұмыстың жоспары мен оны орындаудың мерзімі туралы жолдастарыңмен анықтап келісіп ал;
2. Жұмысты кімнің не істейтінін дәл білетіндей етіп бөлісіңдер. Кімнің нені істегісі келетінін және нені істей білетінін ескеріңдер;
3. Әркім өз жұмысын мерзімінде және мүмкіндігінше жақсы етіп орындайды. Жұмыстың тек өзің атқаратын бөлігін ғана емес, сонымен қатар бүкіл жұмысты да ұмытпауың керек;
4. Әркім ар-ұятымен жұмыс істеуге тиіс;
5. Жұмысы ілгері баспағандарға көмектес, кеңес бер, үйрет, өзің де басқалардың көмегін пайдалана білуге үйрен;

Әдептілік ережелері:

1. Әдепті бол. Әдептілік – бұл өзіңді басқалар сүйсінетіндей етіп ұстай білу;

2. Әрқашан әдепті бол: кездескенде амандас, көмек көрсетіп, қамқорлық жасағандарға алғысыңды айт, кетіп бара жатсаң қоштасуды ұмытпа;

3. Трамвай, троллейбус, автобус ішінде, поезд вагонында, көшедегі орындықта жасы үлкендерге, науқас және шаршаған адамдарға орын бер, мұны адамдардың көзіне түсетіндей етіп жасама, сенен орын беруді өтінулерін күтпе.

4. Еш жерге ешқашан да кешікпе. Әрқашан да белгіленген уақытта, сол минутында кел – өзге адамдардың уақытын сақта;

5. Қыңыр мінез көрсетпе. Сенің қыңыр мінезің басқалардың көңіл-күйін бұзып, мазасын кетіруі мүмкін.

Біздің қоғамымыз дұрыс болу қажеттілігін ескере келе, Ақиқат, Дұрыс әрекет, Сүйіспеншілік, Қиянат жасамау, Тыныштық құндылықтарын білу тұлғаның рухын, сезімін ояту, адамгершілікке үнемі бағыттауымыз қажет.

Ендеше, рухани-адамгершілік білімді тек «Өзін-өзі тану» сабағымен шектеп қоймай, сыныптан тыс шаралармен де интеграциялау қажеттілігі туындайды. Адамгершілік тәрбие мектеп оқушыларының қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүруіне, өз денсаулығын сақтауына ықпалын тигізеді.

Қазіргі таңда заманның талабына сай, материалдық қажеттіліктерді өтеудің бірден-бір жолы ретінде білім басты орынға қойылады. Алайда, ол білімді игерген адамның адами қасиеттері өзгелерге адамшылық танытуға жетпейтін болса, таудай алып білімнің өзге түгіл өзіне де сыйлар жылуы болмай қалатындығы сөзсіз ғой!

«Өзін-өзі тану» – қазіргі заман талабы бойынша құрылған білім беру бағдарламасы, баланың ішкі жан дүниесін және ойын байытатын, тұлғаның жалпы дамуына мүмкіндік жасайтын, адамгершілікке бағытталған бағдарлама. Жеке тұлғаның үйлесімді дамуына мүмкіндік беретін, білім ордаларында жоғары ізгілік мұраттардың ең құндысы рухани-адамгершілік тәрбие берудің ошағы – «Өзін-өзі тану» пәні.

Рухани-адамгершілік білім беру – еліміздің ертеңгі болашағы, яғни қазіргі жас ұрпаққа жол сілтеуші міндетін атқаруы тиіс. Берілген жауапты міндет жүктелген ұстаздар мен баланың қарым-қатынасында ешқандай кедергі болмауы керек. Олардың өзара түсіністігі, сыйластығы, алға қойған мақсатқа жетудің бірі болмақ.

Сұрақтар:

1. Қоғамда рухани-адамгершілік тәрбие қандай рөл атқарады?

2. Рухани-адамгершілік бағытында сыныптан тыс іс-шаралардың формалары мен әдістерінің тізбесін атаңыз?

3. «Адамгершілік», «тәрбие» ұғымдарына сипаттама беріңіз.

4 Сыныптан тыс жұмыстарды тәрбиелеу жұмысының бағыттары қандай?

5. Адамгершілік тәрбиелеудегі қолданылатын ережелер түрлерін атаңыз?

Тапсырмалар:

1. «Адамгершілік – ар-ұят» тақырыбына мәнжазба дайындаңыз.
2. Адамгершілік қасиеттерді қамтитын әңгімелер жинағын құрастырыңыз.
3. Машықтану кезінде сыныптан тыс іс-шаралардың бір жоспарын талдаңыз.
4. Қазына картасы. Көзіңізді жұмып, өзіңізден сұраңыз: менің қазынам қайда жасырылған? Менің қандай ашылмаған қабілеттерім бар? Өз қазынаңызды көз алдыңызға келтіріп көріңіз. Өз қазынаңыздың суретін салыңыз. Содан кейін өз қазынаңызға апаратын аяқ жол, ол сіздің өміріңіз деп ойлаңыз. Қазынаға жетер алдында кездескен бөгеттерді және оны табуға көмектескен не екенін көрсетіңіз. Өз ой-толғанысыңызды қағаз бетіне түсіріңіз.
5. Ойын-жағдаят: «Мен және менің рөлім». Қоршаған ортаға кім болып табылатындарыңызды жазыңыздар. Рөл түрлері: оқушы, бала, балалар ұйымының мүшесі, жолаушы, жаяу жүруші. Әр рөлді орындағанда, қандай міндеттерді атқаруымыз керек? Осы жағдайларды ойнап көрейік – дүкенде, кітапханада, далада, мектепте, мұражайда және т.б. Мақсаты – әрбір рөлдің өз жауапкершілігі бар екендігіне көз жеткізу.

3.2. Үйірме, клуб және т.б. жұмыстарды рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасымен интеграциялау жолдары

Мектеп оқушыларын рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, олардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыру мақсатында сыныптан тыс жұмыстың көптеген түрлері пайдаланылады. Сабақтан тыс іс-әрекет – білім беру ұйымындағы біртұтас оқу-тәрбие процесінің құраушы бөлігі, үлгілік оқу жоспарында айқындалған оқу жүктемесінен тыс іске асырылатын білім алушылардың бос уақытын ұйымдастырудың нысаны. Балаларға әлеуметтік-педагогикалық, көркем-эстетикалық, музыкалық, ғылыми техникалық, туристік-өлкетану, экологиялық-биологиялық, әскери-патриоттық, спорттық-сауықтыру, жобалық-зерттеу және басқа да бағыттары бойынша қамтамасыз етіледі.

Мектептерде сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда пәндік үйірмелер мен секциялар маңызды орын алады. Бұл – бір жағынан пән бойынша сабақтан тыс жұмыс, ал екінші жағынан – қосымша білімнің бөлігі. Демек, мектеп оқушыларының сыныптан тыс өмірі мен іс-әрекеттері көп салада – отбасында, мектепте, мектептен тыс тәрбие мекемелерінде, көшелерде, қарым-қатынастың кең орын алған жерлерінде өтіп жатады.

Сонымен рухани-адамгершілік білім мен тәрбие беруде негізгі ұстанымдарды ескерген жөн:

✓ Рухани-адамгершілік оқу материалдарын бір жүйелілікпен үздіксіз жүргізу;

✓ Сабақтан тыс жұмыстарда рухани-адамгершілік білім мен тәрбие беруде пәнаралық байланыстардың болуы.

Сыныптан тыс іс-шараларды, үйірмелерді, секциялар мен факультативтерді ұйымдастыру барысында баланың дарындылығын ерте анықтау, оның қызығушылықтарының жан-жақтылығын қалыптастыру, кәсіби өзін-өзі анықтауына көмек бола алады. Оқушыларға сапалы қызмет көрсету үшін мектеп әкімшілігі, білім алушылар мен олардың ата-аналары арасындағы өзара қарым-қатынасты ретке келтіру тиіс. Барлық тараптардың тиімді өзара әрекеттестігі ғана қосымша үйірмелерді, секцияларды, іс-шараларды ұйымдастыруды мүмкін етеді. 3.2 - кестеде көрсетілгендей, адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы тәрбиелеудің міндеттері ұсынылды.

3.2 - кесте

Адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы тәрбиелеу

Бағыты	Міндеттері
Адамгершілік сезімдер мен этикалық сананы тәрбиелеу	Ұлттық құндылықтарды білу, насихаттау;
	Жақсы мен жаманды айыра білу, салыстыру
	Мектепте, үйде, көшеде, елді мекендерде, қоғамдық орындарда, табиғатта тәртіп ережелерін сақтау;
	Ата-аналарға, құрдастарға, үлкен-кішілерге дұрыс қарым-қатынас орнату;
	Ұжымда достық қарым-қатынас орнату, көмек және өзара қолдау көрсету;
	Әдептілік норма ережелерін, сөйлеу мәдениетін сақтау;
	Жаман қылықтардан өзін аулақ ұстау, өз ісіне жауапкершілікпен қарауға үйрену.

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріне бес күндік оқу аптасының енгізілуіне байланысты, алтыншы күннің (сенбі) сабақтан тыс бос уақыттағы тәрбие процесіне ерекше көңіл бөлінеді, ол білім беру жүйесінің барлық деңгейдегі тұтас педагогикалық процестің бөлігіне айналуы тиіс.

5 күндік оқу аптасына көшкен кезде білім алушының бос уақыты көбейеді. Мұнда аптаның алтыншы күнінде немесе мәдени мекемелермен келісім-шартта көрсетілген уақытта; өлкетану сабақтар, факультативтік сабақтар, үйірмелер, секциялар, мәдени-бұқаралық, спорттық іс-шаралар сияқты негізгі және қосымша білім беру мүмкіндігін ұтымды пайдалану қажет. Жалпыұлттық қоғамдық сананы жаңғыртудың ауқымды идеялары мен тұжырымдамалық тәсілдерін жүзеге асыру аясындағы экскурсия, туристік-өлкетанулық экспедициялар тәрбие процесінде баланың таным көкжиегі мен мәдениетін кеңейтеді, патриот азаматты қалыптастырады, тұлғаны өзін-өзін танытуға ықпал ететін педагогикалық күш-қуат, әлеует болып табылады. Мектептерде сыныптан тыс жұмыстарды сапалы жүргізуде оқушыларға, мұғалімдерге мектеп кітапханасының тигізер пайдасы мол [21].

Сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстардың түрлері де көздеген мақсаттарына қарай: үйірмелер, секциялар, студиялар, клубтар, сондай-ақ өз бейіндері бойынша сабақтан тыс уақытта танымдық, байқау, ойын-сауық бағдарламалары, экскурсиялар болып бөлінеді. Жүргізілетін үйірме, клуб және т.б. балалар бірлестігінің жұмысының сапалы болуы, алдымен ұйымдастырушының шеберлік қабілетіне байланысты. Қазіргі таңда осы сала негізінде мамандар даярланады. Үйірмелердегі сабақтар баяндама, тәжірибелер, зертханалық, тәжірибелік жұмыстар жасау түрінде де ұйымдастыруға болады. Сабақтағы пән тақырыптары үйірмелерде қайталанбау қажет. Осыған байланысты балаларға мектептегі сабақтан тыс уақытта балаларды өнерге баулу, танымдық қызығушылығын ояту, бос уақытын тиімді өткізу өзекті мәселенің біріне айналуда. Баланың бос уақыты әртүрлі қызығушылық түрін – ағарту, шығармашылық, зияткерлік, спорттық әрекетті қанағаттандыратындай жан-жақты болу қажет. Мақсаты – адам өзінің алдына қойған мақсаты мен қызығушылығын жүзеге асыру.

3.6 - сурет. Сыныптан тыс жұмыстар түрлері

Сыныптан тыс жұмыстардың әдістемелік негіздері мен мақсаттары анықталғаннан кейін, оқушылар ұжымымен жүргізілетін жұмыстың түрлері іріктеледі (3.6 - сурет). Оны сынып ұсынысы, материалдың көлемі, оқушылардың қатысымдылығы сияқты негіздермен анықтайды. Сабақтан тыс бос уақыттағы жұмыстың қорытындысы директордың немесе директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының қатысуымен өтетін жиналыстарда апта сайын қарастырылады. Жүйелі, үнемі өткізілетін жағдайда сыныптан тыс жұмыстардың тиімділігі едәуір артады. Мектептерде оқылатын ғана емес, сыныптан тыс сабақтардың да кестесі болғаны дұрыс. Сабақ кестесінде күндері және сағат сандары көрсетіледі. Сыныптан тыс жұмыс мазмұнының, формалары мен әдістерінің оқушылардың даму деңгейіне сәйкес келуі – педагогикалық талаптардың бірі. Оқушылар үйірме сабақтарына, клубтарға ықыласпен барулары үшін онда жаңашылдық болғаны жөн. Оқушы тұлғасын, оқушылардың игерген білім, біліктіліктерін, қабілеттерін өмірде қолдану дайындығын дамыту, практикалық міндеттерді шешу үшін пәндер бойынша үйірме жұмыстары ұйымдастырылады.

Оқушылар үйірмелер мен секцияларға белсене қатыса отырып, жетекшінің жеке жұмысының арқасында өз құрдастарының ортасына бейімделіп, қарым-қатынасқа түсіп, материалды терең түсіну мүмкіндігіне ие

болады. Сабақтар кезінде мұғалім балалардың рухани дамуында үлкен рөл атқаратын ұйымдастырушылық, шығармашылық, музыкалық қабілеттерін ашуға тырысады.

Енді сыныптан тыс ұйымдастырылатын жұмыс түрлеріне тоқталайық.

Үйірме. Ол – оқушылардың білім мен тәрбие жүйесінде негізгі бөлімдердің бірі. Мақсаты – білім беру мекемесі кеңістігінде рухани-адамгершілік тәрбие мәселелерін шешу үшін іс-шаралар кешенін қамтамасыз ету. Бала түрлі құбылыстың сырына қызығып, әр нәрсеге әуестене, жауап іздеуге тырысады, оларды бірнеше әрекетке тартудың, қоғамдық жұмыстарға баулудың аса маңызды формасы. Осы мақсатты ашуға, ой-өрісін бағыттап, ашуға үйірмеде қарастырылатын жұмыс түрлері жауапты. Әр оқушының мақсатын қанағаттандыруға, шығармашылық қабілетін дамытуға көмектеседі. Сабақтар әдістемесі бірнеше, жеке жұмыс, лабораториялық және практикалық жұмыстар жасау, әңгіме, баяндамалар түрінде де өткізіледі. Мектеп оқушыларына кәсіптік бағдар беру жұмыстары үйірме сабақтарымен де тығыз байланысты. Үйірмеде рухани-адамгершілікке бағытталған жұмыстар арқылы салыстыру, талдау, тұжырым, қорытынды жасауға үйренеді. Кез келген үйірменің оқушылар үшін белсенді жұмыс істеуі оқушылардың еңбексүйгіштікке, қабілеттерін ашуға, ұжым намысын қорғауға баулимыз. Көбінесе, осы қасиеттер бірлесіп көрнекіліктерді, ресурстарды жасауда, саяхатқа барғанда, жарыстарды ұйымдастырғанда анық байқалады. Үйірменің жартыжылдық және бір жылдық жоспары жасалады, арнайы бекітіледі. Әрбір үлгі бағдарлама танымдық және теориялық мәліметтердің белгілі түрлерін көздейді. Үйірме жұмысына әр оқушы өз еркімен қатысады, оқушылар саны 10-15 болғаны қолайлы. Оқушылар үйірмеде өздерінің ашық пікірін білдіріп, адамгершілікке бағытталған жұмыстарын талқылайды, яғни жүргізілетін іс-шаралардың оқу-тәрбиелік сипатын мұғалім күні бұрын ойластырады. Материалдарды таңдауда пәнаралық байланыстар да ескеріледі. Үйірме сабақтары оқушылардың мектеп бағдарламасына қосымша ой өрісін кеңейтуді ғылыми көпшілік әдебиетке ынтасы мен сүйіспеншілігін қалыптастырып оны пайдалана білуді үйретуі тиіс. Үйірмеде оқушылар үшін ережелерді, тәртіпті сақтау мәдени дағдыларды тәрбиелеу міндетті. Оқушылардың өз беттерінше жұмыс істей білуі, өз ісіне жауапкершілікпен қарауы тәрбиелік мақсатқа қызмет етеді. Үйірмеде қарастырылған тапсырмалар жарыстарда ұсынылады. «Мен не білдім?» тақырыбы бойынша жыл бойындағы материалдарды мұғалім қайталайды. Үйірме мүшелері өзара пікір алмасып, білімдерін толықтырып, өзін-өзі тану онкүндігіне дайындыққа, яғни презентация жасауға, кеш ұйымдастырып оны өткізуге қатыстырылады. Әр үйірменің жылдық есебі, оқушылардың жеткен нәтижесі әдістемелік көрме, әдеби кеш, конференция ретінде жүргізуге болады. Ұйымдастырылған жұмыстар бірнеше әдіс-тәсілдер арқылы қорытындысы жасалады. Оқушылардың үйірмеге деген ықыласын арттыра отырып, ұлтымыздың ой-парасатын нығайту мақсатында үйірмелерге қамтумен қатар жасөспірімдердің ішінен дарынды балаларды анықтап, олардың қабілетін дамытуға адамгершілік

тәрбие беріп, қайырымдылыққа, тазалыққа үйретуде үйірменің қызметі аса маңызды. Қорыта келгенде, үйірмедегі сабақтар оқушының сабақ үлгеріміне, өз дамуының нәтижесін көруге игі ықпалын тигізеді.

Мысалы: «60 секунд» әдісі. Тақтаға таймер орнатыңыз. Оқушыларды тақырып қорытындысын алпыс секунд ішінде жасауға ынталандырыңыз. Содан соң оқушылар жауаптарын дәптерлеріне жазып, оқиды, осылайша бірнеше оқушыны тыңдай отырып, толықтай қорытындылауға болады.

«Сиқырлы әлем» қуыршақ үйірмесінің жобасы

«Сиқырлы әлем» қуыршақ үйірмесінің мақсаты: оқушылардың бойында әртістік қабілеттерін ашу, театрландырылған қойылымдар арқылы балалардың тілін дамыту, рухани-адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу.

Міндеттері:

- кейіпкерлердің іс-әрекеттері мен дауыс ырғақтарын сәйкестендіре дұрыс сөйлеуге баулу;
- байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру, рөлдерді түсініп ойнауға үйрету.

Әдіс-тәсілдер:

- балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты материалдарды жинақтау;
- қойылымдарға қажетті театр түрлерін іріктеп, дайындау;
- қойылымдарға қажетті көрнекіліктер мен ресурстарды дайындау (ширма, атрибуттар, костюмдер);
- ата-аналармен жұмыс: қойылымдарға ата-аналарды қатыстыру, газеттер, қажетті жабдықтарды дайындауға көмектесу.

Қысқа сахналық қойылымдар көрсетуді қолдану кезеңдері:

- балалар ұжым болып, ертегі мәтінін ауызша айтады;
- ертегінің барлық кейіпкерлерін ойнап шығу барлық балаларға ғана ұсынылады;
- балалар бірнеше шығармашылық тапсырмалар орындайды (қуаныш, қорқыныш сезімдерін көрсету және т.б.)
- рөлдерге бөлініп, ертегіні сахналау арқылы жүзеге асырылады (3.7 - сурет).

3.7 -сурет. «Сиқырлы әлем» қуыршақ үйірмесінен көріністер

Қойылым көрсету: оқушылар рөлдерді дұрыс орындауды үйрену қажет. Топтың құрамы 4-6 оқушыдан құралып, әрқайсысының белсенділік танытуға мүмкіндік береді. Барлық топтар кезекпен өз қойылымдарын көрсетеді, қалған оқушылар қарап, тыңдап, көрермен ретінде отырады. Көрсетілген қойылымдарды, іс-әрекеттерді үйірме мүшелерімен талдаған пайдалы. Кейіннен олар оны меңгеріп болған соң олардың өздері ойлап тапқанын ойнап көруді ұсынуға болады.

Клуб. Клубтық үлгідегі сабақтар – оқушыларға адамгершілік тәрбие беру міндетін мұғалімнің ойдағыдай шешуіне мүмкіндік беретін сыныптан тыс жұмыстың кең тараған бір түрі. Мақсаты – адамгершілік-рухани тұлғаны қалыптастыруға ықпал ету, баланың зияткерлік-шығармашылық әлеуетін арттыру. Олар сабақ үстінде айналысатын ісін, жұмысын еркін, өзінің қалауымен таңдай алады. Бұған қоса оқушылар бірлесіп қызмет істеу үшін шағын топтарға біріге алады. Берілген бір тапсырманы орындау мақсатында өз жолдастарымен бірігуге болады, бірақ кейбір топтар құрамы өзгеріп отырады. Бұл мұғалімге балалардың қызметін қызықты, белсенді, жаңаша формада ұйымдастыруға, ал балаларға сыныппен жақын араласуға мүмкіндік туады. Клуб жұмыстарының сапалы, нәтижелігі: іс-әрекет формаларының алуан түрлілігі және белгілі мақсаттарға бағытталуы, белсенділердің қызметі, жағымды әлеуметтік-психологиялық ахуалдың болуы, дәстүрлердің қалыптасуы, әрбір клуб мүшесінің қызығушылықтарының, белсенділіктерінің, мүддесінің ескертуіне байланысты.

Клубтық сабақтарға мектеп оқушыларының өздігінен атқаратын істері ғана емес, сонымен бірге мұғалімнің балалармен тікелей жүргізетін жүйелі жұмысы да жатады. Бұл жұмыстың барысында бірлесіп жұмыс істеу, ортақ шешімге келу, достық ынтымақ дамып нығаяды. Сабақты оқу жылының бірінші жартыжылдығынан бастаған жөн. Мұғалім клубтық жұмыстарды өткізу кезінде бөлмені таңдауға көңіл бөледі; бөлменің ыңғайсыздығы оқушылардың көңіл-күйлеріне кері әсерін тигізеді.

Клуб жұмысына ата-аналар да қатысады. Олардың бірге жұмыс істеу формалары: ертеңгіліктерді ұйымдастыру, бірге саяхатқа шығу және т.б.

Мұғалімнің қандай бағыт-бағдар беретінін, адамгершілік ережелер бойынша талаптарын, олардың қарым-қатынасының қалай бағаланатынын ата-аналардың білуі маңызды. Клуб жұмысы мектеп оқушыларының белсенділігін арттыруға, қолдау көрсетуге, бағыт-бағдар беруге нақты мүмкіндіктер береді. Мұғалім сыныптағы оқу кезінде оқушының бойында ашыла алмаған қабілеттерін, бейімділігін ашады. Балалардың бос кеңістікте өмір сүрмейтіні белгілі. Олардың қалыптасуы мен дамуы үлкен ересек адамдармен, ең алдымен ата-аналармен тығыз араласуы және өзара қарым-қатынасы арқылы өтіп жатады. Олардың қарым-қатынасының сипаты балалардың санасы мен мінез-құлқында жақсы із қалдырады.

Әңгімелерді талқылау. Жүргізілетін жұмыстар адамгершілік тақырыптарды талқылауда, әңгімелесуде, пікірлесуде, көңілді ойнауға қолайлы болғаны дұрыс. Бала бойында өмірлік құндылықтар мен

адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру, дамыту бағытына қарай топтастырып, жүйелі қолданудың нәтижесінде рухани дамуы үшін жас балаға ертегі тым қымбат нәрсе екеніне, сондықтан да баланың ертегіні жан-дүниесімен тыңдайтынына, баланың өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін де ертегіден алатынына көз жеткіздік. Мысалы, қайырымдылыққа баулып, жанашырлық, аяушылық сезімін туғызатын тақырыптағы ертегілер мыналар: «Ат пен есек», «Қасқыр мен кірпі», «Үй мен жер», «Мақтаншақ қоян», «Мейірімді қыз», «Шымшық пен көгершін» және т.б. Ал ізеттілікке, кішіпейілділікке, имандылыққа баулып, сүйіспеншілік сезімін туғызатын тақырыптағы ертегілер: «Ең қасиетті жеміс», «Үш ұл», «Екі жолаушының олжасы», «Құмырсқа мен бидай дәні» және т.б. Әңгімелесу барысында жандану, рөлдік үлгілер, пайымдауға, ойындар түріне үйрене отыра, адамгершілік жолымен жүру тәрбиесіне ие болады. Ертегілер адамның бойындағы адамгершілік құндылықтарды анықтау үшін маңызы зор. «Өзін-өзі тану» пәні бойынша мазмұнды әңгімелер мен аңыздар берілсе де, мұғалімде рухани-адамгершілік тақырыбында әдебиеттер қоры болғаны дұрыс.

Осы орайда, кешегі Халық қаһарманы Бауыржан Момышұлының: «Менің үш қорқынышым бар. Біріншісі – осы заманғы бесік жырын айта алмайтын келіндердің көбейіп бара жатқандығынан қорқамын. Екіншісі – балалары мен немерелеріне ертегі айтып бере алмайтын әжелердің көбейіп бара жатқандығы. Үшіншісі – дәстүрін сыйламайтын ұрпақтардың өсіп келе жатқандығынан қорқамын», – деген жанды сөзі ойға түседі [26]. Ертегінің рухани тәрбиелік маңызы зор. Алайда, қоғамда ертегі айту қолданыстан шығып, оның орнын адам санасына кері әсерін тигізетін технологиялар басуда. Иә, ертегінің бүлдіршіндерімізге берері мол екендігін ескеретін ата-аналарымыз саусақпен санарлық. Әңгімелерді талқылау, іріктеу Ақиқат, Сүйіспеншілік, Дұрыс әрекет, Тыныштық, Қиянат жасамаудың мәнін ашу мақсатында меңгеріледі.

Бейнефильмдер көру. Рухани құндылықтарға негізделген кино, мультфильмдер ақиқат және мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарға бағытталады. Клуб жоспарына «Сиқырлы кино әлемі» апталығын қосуға болады. Кинофильмдер: «Көксерек», «Алты жасар Алпамыс», «Менің атым Қожа», «Сүйрік» және «Ауылым Көктөбенің бөктерінде» т.б. көрсетуге болады. Кино, мульфильмдерді көргеннен кейін мұғалім: «Сендерге қай кейіпкерлердің іс-әрекеті естеріңде жақсы сақталып қалды?», «Оның орнында сен болсаң не істер едің?», «Сүйікті кейіпкеріңнің қандай қасиеті саған ұнайды?» деген үлгіде сұрақтар қойылады. Олар өзінің сүйікті ісі, қабілеті, ұнайтын киносы, сүйікті кейіпкері туралы әңгімелейді. 3.8 - суретте көрсетілгендей, фильм презентациясын жасау мақсатында тапсырма беруге болады.

3.8 - сурет. Кинофильмнен үзінділер

Ұжым болып көру және талқылау үшін бейнефильмдерді, театр қойылымдарын дұрыс таңдап алудың да маңызы зор. Олардың ойға қорек болып, балаларға адамдардың ойы мен сезімдерін түсінуге көмектескені өте жақсы. Ең негізгісі, тақырыпқа сай талқыланатын құндылықтар жүйесіне, рухани-адамгершілікке бағытталуын ескерген жөн. Тамаша адамдардың еңбегі туралы фильмдерді көреді және талдау жасайды.

Ойындар. Клуб сабағында ойындар ұйымдастырылады. Мақсаты – ойын арқылы балалардың бір-бірімен жақын араласуына, байланыс орнатуына мүмкіндік беру. Баланың бірінші әрекеті – ойын, сондықтан да оның мән-мәнісі ерекше. Ойын – адамның өмірге қадам басардағы алғашқы адымы. Қазақ халқының ұлы ойшылы Абайдың: «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?» деп айтқандай, баланың өмірінде ойын ерекше орын алады. Ойын балаларға ақыл-ой, адамгершілік, эстетикалық тәрбие берудің маңызды тетігі деуге болады. Балалардың барлығы бірдей белсенді болмайды, сондықтан мұны ескермеске болмайды. Енжар, тұйық, жүрексінгіш балалар бар. Мұндай жағдайда мұғалім тарапынан үлкен ептілік қажет. Ондай балалар ойынды ұйымдастырушының рөлін бірден меңгеріп әкете алмайды. Ұжымдық ойындар балаларды топтастырады, олардың арасында жолдастық қарым-қатынастың қалыптасуына көмектеседі. Балалардың ойындары рөлдерді бөлісуден басталады. Бір рөлдер қызықтырақ, ал енді біреулерінің қызығы аздау болады. Заттар ойнаушылардың санынан аз болатыны да кездеседі, сондықтан әркім өз кезегін күтуі тиіс. Балалардың адамгершілік тәрбиесі міне, осы арада айқындалады. Ойын барысында достардың жақсы-жаманын айыру туралы түсінік анықталады. Балалар арасында дұрыс өзара қатынас тууы үшін ойындардың мазмұнын да, дұрыс ұйымдастырылуының да мәні бар. Ойындардың мазмұны адамгершілікке негізделуі тиіс, яғни өмірден, адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасынан мысалдар алынады. Мұғалімнің міндеті – ойын барысында балаларды мұқият қадағалап, олардың бір-бірімен қарым-қатынастары қандай жағдайда екенін білу.

Балалар ойын кезінде:

1) еркіндікті сезінеді,

2) тапқырлық іс-әрекетті байқатады,

3) қиялдау, сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою сияқты түрлі психикалық түйсік пен сезім әлеміне сүңгиді. Балалар ойындар мен жаттығулар нәтижесінде жолдастары, сыныптастарымен жағымды қарым-қатынас жасау дағдыларына ие болады, өмірлік дағдыларды меңгереді.

Клуб сабағында ұйымдастыруға болатын бірнеше ойындардан мысал келтірейік.

«Досыңмен татусың ба?». Ойын тәртібі: балалар орындарында отырады, бастаушы келіп, бір оқушыдан «Досыңмен татусың ба?» – деп сұрайды. Ол «татумын» десе, өнер көрсетіп, досымен тату екенін көрсетеді. Ал егер, «тату емеспін» десе, «кімнің досын қалайсың?» деп сұрайды. «Жанардың досын қалаймын?» деп басқа досты қаласа, ал ол досын бергісі келмесе, ол да өз өнерін көрсетеді. Оның бұл әрекеті достығының беріктігін дәлелдейді.

«Бес қадам» ойыны. Ойын тәртібі: ортаға табан іздері салынады. Топта барлық оқушыларды қатыстыруға болады. Сыныптан 5 оқушы ойынға қатысады. Әр оқушыға кез келген тақырып бойынша бір сұрақ қойылады. Оқушы берілген табан іздерін баса отырып, жылдам жауап беруі тиіс [22].

Сұрақ үлгілері:

- Рухани құндылықтарды ата.
- Адам бойындағы ізгі қасиеттерді ата.
- Ең жақын достарыңды ата.
- Ұлттық тағамдарды ата.
- Өзіңе қатысты 5 қасиетті айт.

Бұл ойындарды клуб жұмысында ғана емес, үзіліс кезінде де өткізуге болады.

Ойындардың пайдасы:

- ✓ қызықтыру, сергіту;
- ✓ босаң күйге келу;
- ✓ өзгелермен әрекеттесу;
- ✓ өзін-өзі тану;
- ✓ ойын тұрақтандандыру.

Клуб жұмысының мазмұны балаларды мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтарымызды қастерлейтін жеке тұлғаны қалыптастыруды көздейтін бірыңғай *«Жас Ұлан», «Жас Қыран»* балалар мен жасөспірімдер ұйымы Республикалық Қоғамдық бірлестігінің қатарына қабылдаумен тығыз байланысты. Қазақстандағы балалар мен жасөспірімдер қозғалысы рухани-адамгершілік құндылықтарды, азаматтылықты, патриотизм рухында, ұлттық танымды, көшбасшылық қасиетті қалыптастыруда, заманауи жастардың жеке бастамасын ұсынып, жүзеге асыру мүмкіндіктерін қарастыруда едәуір ықпал етеді. 2011 жылы 11 ақпанда Тұңғыш Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Жас Ұлан» біртұтас қозғалысын және «Жас Қыран» балалар ұйымының жаңа жүйесін құру арқылы еліміздің жастарын біріктіру қажеттілігін атап өтті.

«Жас Ұлан» жас ерекшеліктері принциптеріне сай екі деңгей бойынша құрылған. 1-4 сынып білім алушылары (6-10 жас) «Жас Қыран» мүшелері, 5-10 сынып білім алушылары (11-16 жас) «Жас Ұлан» мүшелері болып бөлінеді. Балалардың жан-жақты дамуына, олардың рухани, адамгершілік қасиеттерінің қоғамдық өмірде көрініс табуына ерекше мән беріп, жас жеткіншектердің тұлғалық әрі шығармашылық қабілетін шыңдау мақсатында

игі істер атқарып, белсенділік танытып жүрген жоғарыда аталған ұйымдар барлық мектептерде алғашқы қадамдарын бастады.

Жас ұрпақты заманауи өмірге даярлауда барлық мектептерде жүргізілетін тәрбие жұмыстарының маңызы өте зор. Атап айтсақ, тәрбие тұжырымдамадағы басым 8 бағыттан бөлек, балалардың ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие жоспарында олардың бос уақытын қамту, тақырыптық сынып сағаттарын өткізу, ұлттық сана-сезімін көтеретін іс-шараларға қатыстыру, қоғамдық пайдалы еңбекті ұйымдастыру қарастырылады. «Рухани жаңғыру» аясында өлкетану бағыты бойынша әртүрлі іс-шаралар жүзеге асады.

Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Мәңгілік ел – бұл барлық қазақстандықтарды біріктіретін жалпыұлттық құндылықтар және еліміздің болашағының іргетасын құрайды» – деп көрсетілген.

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы құндылықтары негізінде білім беру ұйымдарында көпмәдениеттілік ортаны құру:

бастауыш мектепте:

- білім алушылардың ой-өрісін кеңейту;

- мәдениет сабақтастығы өзара байланысты көру қабілетінің өнімділігі, әртүрлі халықтардың тарихи, ғылыми, мәдени дамуындағы ортақтығы мен айырмашылықтарын анықтау; этномәдениеттің өзіндік құндылықтарын түсіну;

- жеке тұлғаны бейбітшілік рухында түрлі этноәлеумет өкілдері арасындағы өзара түсіністік пен өзара сыйластыққа тәрбиелеу;

негізгі мектепте:

- әлеуметтік процестер мен құбылыстарды талдай және салыстыра білу көзқарастарын қалыптастыру;

- өзара іс-қимыл және қарым-қатынастың сындарлы дағдыларын дамыту;

- жеке тұлға құрылымында рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру.

орта мектепте:

- ұлттық салт-дәстүр, қазақстандық және әлемдік мәдениет құндылықтары негізінде этномәдени және азаматтық өзін-өзі анықтау және шығармашылық өзін-өзі дамытуға қабілетті үйлесімді дамыған тұлғаны қалыптастыру;

- Қазақстанның әлеуметтік-саяси көп түрлілігі, көп ұлтты Қазақстан халқының көпмәдениеттілігі мен полилингвалдығы жағдайында дамыған тұлғаның қазақстандық азаматтық бірегейлігін қалыптастыру;

- қазіргі өркениет жағдайында мектеп түлектерінің әлеуметтік өсу, өмір сүру сапасын арттыруда өмірге тиімді дайындау, өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерін кеңейту.

Тәрбиелік жұмыстар деңгейінде: сынып сағаттары, сыныптың тәрбие істері, білім алушыларды тестілеу, үйірмелерге, клубтарға, секцияларға

қатысуы арқылы азаматтық жауапкершілігін, құқықтық дербестігін, руханиятын қалыптастыру.

Рухани-адамгершілік тәрбиені жүзеге асыруға байланысты жүргізілетін сыныптан тыс тәрбие сабақтарының үлгі тақырыптары:

1. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.
2. Ұқыптылық деген не?
3. Отбасындағы қарым-қатынас.
4. Қарапайымдылық – асыл қасиет.

«Мәңгілік Ел» идеясын білім беру мен тәрбиелеуде іске асыру тетіктері

Жалпыұлттық идеяның миссиясы мен құндылықтары оқу-тәрбие жұмысының барлық түрлері арқылы кешенді түрде жүзеге асырылды. Білім беру үдерісін ұйымдастырудың басты ерекшелігі білім беру мен тәрбиенің бірлігі болып табылады. «Мәңгілік Ел» идеясын білім беру мен тәрбиелеуде іске асыру тетіктеріне білім беру құндылықтарын, қазақстандық патриотизм және азаттық жауапкершілікті, ашықтық пен ынтымақтастықты қалыптастыру, өмір бойы білім алу және т.б. жатады. Қазақстан халқын біріктіретін «Мәңгілік ел», «Қазақстан – ортақ мекеніміз», «Қазақстан – менің Отаным» жалпыұлттық идеяларын жүзеге асыруда мектептердің рөлі аса маңызды болып табылады [23].

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының білім беру мазмұны арқылы жүзеге асырылуы

Жалпыұлттық идеяның құндылықтарын білім беру мазмұны арқылы жүзеге асыруда оқу пәні, сыныптан тыс жұмыстар бойынша бөлімдер мен тараулардың мазмұны, оқу мақсаттары мен оқу жаттығулары назарға алынады [24].

Төмендегі кестеде 1-11 сынып аралығында оқушылармен бірге талқылауға болатын бейнефильмдер түрлерін ұсынамыз (3.3 - кесте):

3.3-кесте

Ұсынылатын бейнефильм түрлері

Сыныптар	**Тақырыптар**
1-4 сыныптар:	«Отбасылық ағаш деген не?», «Мемлекеттік рәміздер»;
1-11 сыныптар:	«Біз біргеміз»; «Демократия деген не?»;
5-11 сыныптар:	«Қазақстан халқы Ассамблеясы»;
5-7 сыныптар:	«Қазақстан – біздің ортақ үйіміз»,
8-11 сыныптар:	«Ұлттық идея»;
10-11 сыныптар:	«Отбасы не үшін қажет»

Кеш ұйымдастыру. Сыныптан тыс жұмыстардың тағы бір жұмыс түрі – кеш. Кештерді өткізуде дайындықтың өзі оқушылардың сана-сезіміне, мінез-құлқына әсер етіп, оларды ойлы іске жұмылдырары сөзсіз. Кешке ата-аналарды, мұғалімдерді шақыруға болады.

Үйірме мүшелері бірнеше тапсырмалар дайындайды. Мысалы:

- кешті ұйымдастыру;

- командаларға тапсырма;
- ойын; әртүрлі жағдаяттар;
- командалардың бір-біріне сұрақтары;
- үй тапсырмасы; қорытынды.

Осындай кештерді жартыжылдық қорытынды ретінде жүргізуге болады.

Тестілеу. Тестілеудің мақсаты – балалардың бір-біріне деген дұрыс көзқарасын қалыптастыру, жағымсыз әрекеттерге бой алдырмауға бағыт беру. Тестілеу арқылы балалардың бір-біріне деген дұрыс көзқарасын жетілдіруге көмектесу, бала бойында адами құндылықтардың қалыптасуы, айналадағы адамдарға деген қатынасын анықтау, адамгершілік ұғымдар айқындалады. Қазақтың жазушысы Ж.Аймауытовтың: «Баланы бұзуға, түзеуге себеп болатын бір шарт – жас күнде көрген өнеге», – деп бекер айтылмаған. Өзін-өзі тәрбиелеу – мінезді қалыптастыруға бастайтын жол, өз бойындағы асыл адамшылық қасиеттерді саналы түрде дамыту. Мінездегі кемшіліктерді жойып, жақсы сипаттарды жетілдірмейінше, өзін-өзі тәрбиелеу мүмкін емес. Сыныптан тыс жұмыстардың белгілі бір нәтижеге қол жеткенін білу мақсатында сауалнамалар ұйымдастыруға болады. Әңгімелесулер, сауалнамалар, жаттығулар арқылы баланың негізгі құндылықтарын зерттеу жүргізіледі. Сауалнаманың көмегі арқылы зерттеу тәрбиемен, адамгершілік тұрғыдан білім берумен ұштастырылады. Алынған тест теріс, дәл емес жауаптары болса, мұғалім сауалнамада қойылған сұрақтардың мән-мағынасы бойынша әңгімелер өткізеді.

Ата-аналармен жұмыс. Ата-ана міндеті – адамгершілік және рухани мәдениеттің негізін, қоғамдағы мінез-құлық дағдыларын дарыту. Отбасында баланың адал, әрі ізгі болып өсуіне ата-анасының ықпалы зор. Баланың бойындағы мейірімділік, қайырымдылық қасиеттерін бағалап, оның үлгілі болуға ұмтылған талабын бағалап, қолдап отырған жөн.

Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс формалары:

- ✓ ата-аналар жиналысы; ата-аналар күні;
- ✓ үлгі сабақтар мен сынып сағаттар;
- ✓ үйірме, клуб, бірлескен шығармашылық істер;
- ✓ әкелер мектебі, аналар мектебі;
- ✓ ата-аналарға арналған коучингтер;
- ✓ ата-аналар конференциясы

«Мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар – отбасы тәрбиесінде» атты ата-аналар жиналысының жобасы

Топтық жұмыс тапсырмалары: тақырыпты талқылау, постер қорғау.

«Ақиқат» тобы: Отбасындағы қыз тәрбиесі

«Сүйіспеншілік»: Отбасындағы ұл тәрбиесі

«Дұрыс әрекет»: Отбасындағы ананың рөлі

«Тыныштық»: Отбасындағы әкенің рөлі

«Қиянат жасамау»: Отбасы тәрбиесінің қоғамдағы рөлі.

«Жалпыадамзаттық құндылықтар және олардың отбасындағы дамуы» тақырыбындағы ата-аналар күнін өткізу:

- «Мен және менің отбасым» көрмесі;

- «Отбасының мәдени құндылықтары және олардың бала үшін маңызы» тақырыбы бойынша құндылықтар негізінде әңгімелесу.

Төменде мектептердің тәрбие жұмысын зерттеу бағытында ата-аналардан алынатын сауалнамалар ұсынылып отыр (3.4 - кесте, сауалнама сұрақтарын өз қалауларыңыз бойынша өзгертуге болады).

3.4-кесте

«*Балаңыз бос уақытында немен айналысады?*»
ата-аналарға арналған сауалнама

Р/с	**Сұрақтар тізбегі**	**Жауаптары**
1	Аты-жөніңіз (ата-ана)	
2	Балаңыздың аты-жөні	
3	Бос уақытында немен айналысады?	
4	Балаңыздың хоббиі	
5	Сүйікті бағдарламасы	
6	Сүйікті кітабы	
7	Балаңызға тілегіңіз	

Ата-аналар өздерінің жұмыс орындары туралы да әңгімелеуге болады. Өз баласына ыңғайлы үйірмені таңдау кезінде ата-аналарға оның баласы не қызықтыратынын, мұндай қабілеттері бар ма, онымен айналысуға ынтасы бар ма деген талдаудан бастау керек. Таңдау кезінде баланың болашағын ескеру, оның ойын сұрау маңызды. «Ата-ана жұмысындағы қызықты күндер» тақырыбында бірнеше тапсырмалар беріп, талқылауға болады. Мақсаты – ата-анасының жұмыс орнымен танысу, мамандық түрлерін білу, еңбекті құрметтеуге тәрбиелеу. Мекемелерге серуен – балалардың өзін-өзі қалыптасуына, болашақта мамандық таңдауда кім болғысы келетініне, қоғамда өз орнын табуға септігін тигізеді. Мектеп оқушыларымен «Мамандық әлемінде» ойынын ұйымдастыруға болады. Шарты: ең мықты, жасыл, сулы, күлкілі, қызықты, қатал, тұзды, қатыгез, мейірімді мамандық түрлерін атау, талқылау.

Сұрақтар:

1. Жалпыадамзаттық құндылықтарды ұлттық құндылықтармен үйлестіруге бола ма?
2. Рухани-адамгершілік білім мен тәрбие берудің негізгі ұстанымдарын атаңыз.
3. *«Жас Ұлан», «Жас Қыран»* балалар мен жасөспірімдер ұйымының мақсат-міндеттеріне түсінік беріңіз.
4. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының білім беру мазмұнының жүзеге асырылу жолдары қандай?
5. Сіз отбасыңыздағы өз рөліңізді қалай түсінесіз?

***Тапсырмалар*:**

1**.** Оқуға арналған мәтіндерді мәнерлеп оқып, төмендегі сұрақтарға жауап беріңіздер.

Әдеп

(И.Паульсоннан)

Бір жұрттың бас әкімі екінші бір байға жолығысып сөйлесіп тұрғанда қасынан бір жарлы мұжық өтіп бара жатып иіліп, бас ұрып сәлем беріпті. Оған қарсы әлгі үлкен әкім төре онан да төменірек бас ұрып сәлем алады. Қасындағы бай:

– Тақсыр, осынша жұрттың үстінен қараған әкімсіз, осы бір мұжыққа неге сонша бас ұрасыз? – дейді.

Сонда әкім:

– Ешбір ілім-білім үйренбеген мұжық сонша иіліп, әдептілігін көрсеткенде, мен онан әдепсіз болып қалайын ба? – дейді.

Торғай мен адам

Өткен заманда бір саятшы тор құрып қойса, торға кішкентай бір торғай түсіп қалыпты. Торғайды адам қолына ұстап, үйіне алып келе жатса, торғай тілге келіп былай дейді:– Мен кішкене торғаймын, союға жарамаймын, қапасқа салсаң құсалықпен өлемін. Одан да еркіме қоя бер, еркін кең дүниеге жібер, екі ауыз өсиет айтайын, – депті.

– Кәне, айт әңгімеңді – депті адам.

– Жарайды, бір ауызың қолыңда, бір ауызың жерге түскенде айтайын. Өйткені қос қолдап қысып ұстап тұрғанда өкпем қысылып, ештеңе айта алмаймын, – депті торғай. Аңшы босатыпты.

– Бірінші – өткен іске өкінбе; екінші – көзбен көрмей сенбе! – депті. Торғай анадай жерге барып қонып отырып:

– Сен ештеңені білмедің, менің бөтегемде жұдырықтай гауһар бар еді, – дейді. Адам қонып отырған торғайды ұстауға ұмтылады. Торғай әр жерге ұшып-қонып ұстатпайды. Адам қуып қоймаған соң, адамға былай дейді: «Менің жаңа айтқан өсиетіме түсінбепсің, өзің ақыл салшы, менің өзім жұдырықтай жоқпын, менің бөтегеме сондай зат қалай сияды? Бұл – бір. Екінші – мен саған ұстатпаймын, қанатым бар. Сондықтан өткен іске өкінбе» – деп ұшып кетіпті.

Әңгіменің ортақ тақырыбының қандай болуы көптеген себептерге: оқушылардың жиналу себебіне, әңгімелесушілердің мәдени деңгейіне байланысты. Адамға сыйластықпен, құрметпен қарау – жақсы қарым-қатынас жасаудың негізгі белгісі болып табылады. Әңгіме барысында, мысалы: «Кешіріңіз, мен сіздің айтқаныңызбен келісе алмаймын», «Меніңше, сіздің айтқаныңыз дұрыс емес....», «Менің пікірім басқаша...» және т.с.с. деп, сыпайылықпен білдіруге болады.

Рухани-адамгершілікке негізделген әңгімелер арқылы бала өзінің мықты жақтарын басымдылыққа, ал кемшіліктері болса, түзетуге тырысады.

- ✓ Әңгіме неге «Әдеп» деп аталады?
- ✓ «Торғай мен адам» әңгімесінен қандай тұжырым жасауға болады?
- ✓ Әңгімелерден қандай адамгершілік қасиеттерді көруге болады?

2. Адамгершілік тәрбиесін қалыптастыруға байланысты жүргізілетін сыныптан тыс тәрбие сабақтарына 10 тақырып дайындаңыз.

3. А.Қарсақбаевтың «Алты жасар Алпамыс» фильмін көріңіз. Фильмді көру барысында қандай сезімде болдыңыз? Осы фильмнің желісі бойынша шағын эссе жазыңыз.

4. «Менің сүйікті қалам» тақырыбында өз қалаңыз бойынша викторина өткізу үшін материал дайындап, ойын ұйымдастырыңыз.

5. Бір сыныптың оқушыларына «Біздің сынып» тақырыбына эссе жазуды ұсыныңыз. Эссені талдау негізінде оқушылардың ынта-ықыласын, олардың өздері жазған оқиғаларға, достарына деген қарым-қатынасын сипаттап беріңіз.

6. «Менің қызықты бейнефильмім» тақырыбында өздеріңіздің жақсы көретін бейнефильмнен бір үзіндісін немесе толық фильмді қысқаша жазыңыз. Кей жерлерін суретпен де көрсетуге болады.

4-ТАРАУ. «ӨЗІН – ӨЗІ ТАНУ» РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ИНТЕГРАЦИЯЛАУ - КӘСІБИ ТӘЖІРИБЕДЕ

4.1. «Өзін – өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын интеграциялау бағытында сабақ жоспарларын құру кезеңдері мен үлгілері

Білім беруді ізгілендіру, оқыту жүйесіне «Өзін – өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын интеграциялау болашақ мұғалімнің рухани-адамгершілік көзқарастарын, нанымдарын, қажеттіліктерін қалыптастыруға ықпал етеді, тек осы жағдайда ғана оның педагогикалық қызметінің мазмұны, оның құралдары, практикалық жұмысының әдістері мен тәсілдері гуманистік тұрғыда дамиды. Болашақ мұғалімдерді психологиялық-педагогикалық даярлаудың барлық компоненттері (мақсаты, міндеттері, мазмұны, әдістері, нысандары) білім беруді ізгілендіру қағидасына сәйкес іске асырылуы тиіс. Білім беруді ізгілендіру – бұл педагог пен оқушының білім беру үрдісіне, олардың тұлғасын үйлестіруге бағытталған. Ізгілендіру кезінде педагогикалық қарым-қатынас стилін демократияландыру, оқу материалын, оны оқыту және меңгеру құралдарын ашу жүзеге асырылады. Білім беру үдерісіне жалпыадамзаттық құндылықтарды енгізу тұлғаның ізгі қасиеттерінің қалыптасуына мүмкіндік туғызатындығы және адамды рухани өсуге жетелейтіндігі анық. Тұлғаның кемелденуге деген талпынысы оның ізгіліктерінің көбейгендігін көрсетеді. Яғни, оның рухани өсуіндегі және кемелденуіндегі өзгерістер адамгершілік қасиеттердің әр алуан бай әлемін құрайтын құндылықтар жүйесінде шынайы жүзеге асады. Ізгі қасиеттерді шығаруға негізделген құндылықтар жүйесі білім беру мазмұнына құндылық тұрғысында келуді жүзеге асырудың іргетасына айналуы мүмкін. Білікті ұстаз шәкіртінің білімді игеруде ішкі уәждерін жетілдірудің көптеген тетіктерін қолдануына болады. Нәтижесінде сыныпта жоғары деңгейдегі энергия мен құлшыныс қалыптасқан ахуал орын алады, осының бәрі пәнді игерудегі қызығушылығын арттырады. Ұстаз бен шәкірт арасында шабытты қарым – қатынас орнайды. Шәкіртке ізденуге жол ашады.

Болашақ ұстаздың «Өзін-өзі тану» пәнін оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерді тәжірибеде пайдалана білуі – білім сапасының қажетті деңгейіне жетуге негіз болады. Бұл пәннің өзге оқу пәндермен өзара сабақтасып, интеграциялануын қажет етеді. Соның ішінде:

1. Сыртқы интеграция – «Өзін-өзі тану» пәнінің әдіс-тәсілдерін қолдану;
2. Ішкі интеграция – Адам мен әлемді тек қана биологиялық және әлеуметтік ғана емес, сонымен қатар жоғары рухани табиғатқа ие болатындығын біртұтас әдістемелік тұрғыдан түсінуге негізделген.

Сыртқы интеграция әдістері: 5 Т ережесін қолдану; жағымды күйге келу; дәйексөз қолдану; топпен ән айту.

Ішкі интеграция әдістері: ішкі әлемді зерттеу (Мен кіммін?); практикалық маңызы (жеке тәжірибесі арқылы); әрбір адамның жүрегінде

жасырын жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау; өмір мақсатына байланысты (не үшін өмір сүру?) түйсікті дамыту.

Мақсаты: міндетті оқылатын жеке оқу пәндерінің мазмұнын рухани-адамгершілік құндылықтармен интеграциялау арқылы олардың тәрбиелік, құндылықтық мәнін күшейту.

Іске асыру жолдары:

1. Ұлы адамдардың өмірінен және ғылымның даму тарихынан шабыттандыратын мысалдар келтіру.
2. Мәңгі жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде ашылған жаңалықтарымен таныстыру.
3. Оқу бағдарламасы мазмұнынан жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтау.

Ішкі интеграцияның негізгі «құралы» – фәлсафалау және өмірдің мәнін іздеу. Сабақтың 3 компоненті:

1. Аналогия ұстанымы;
2. Балалар ғылымның тереңдігін, сұлулығын, келешегін сезінетіндей жағдайлар жасалады;
3. Атақты ғалымдардың дүниетанымдық ұстанымдарынан жеке ұстанымдары айқындалады.

Болашақ «Өзін-өзі тану» пәні мұғалімі болсын, жалпы педагог мамандығын таңдаушылардың өзіндік санасының дамуына айрықша мән берілгені жөн. Егер кез келген пәннің болашақ мұғалімі өмір құрылысы мен қызмет ету заңдарын терең түсінсе, осы заңдарға сәйкес өз өмірін өзі ұйымдастыра білсе, оқушыны пәннің мазмұнымен тәрбиелеу мүмкіндігін иеленген болар еді. Мұғалім әлемнің үйлесімдігі мен тұтастығын көріп, түсініп, оны білім алушыға жеткізе алатын болса, онда ол ұлы тәрбиеші болады. Ол үшін, ең алдымен, жоғары психологиялық функциялардың дамуының соңғы сатысы өзіндік сананың қалыптасуы екенін жете түсінгені жөн. Ол адамға сыртқы дүниені қабылдауға ғана емес, сонымен қатар өмірде өзін танып, өзінің ішкі дүниесін зерттеуге де мүмкіндік береді. Ойшыл материалист, орыс физиологиялық мектебінің іргесін қалаушы И.М.Сеченов: «Өзіндік сана адамға өз саналық актілеріне сынмен қарауға, талдауға, салыстырып, танып білуге мүмкіндік береді», – дейді, бұдан өзіндік сананың терең қоғамдық сипатқа ие екенін байқауға болады. Өзіндік сана – ең жоғары ұйымдасқан психикалық процесс. Ол басқа адамдармен жұмыс жүйесінде қарым-қатынас жасау барысында қалыптасады. Бұдан болашақ жас маманның аталған процесті игеру деңгейінің қаншалықты қажетті екенін аңғарамыз. Жас маманның өзін-өзі тәрбиелеуі деп, тұлға өзінің іс-әрекетін бақылауға үйреніп, өзінің мақсатына жету жолын таба білетін, өзінің бойындағы келеңсіз әдеттерден құтылып, жұмыс жасау қабілетін арттырып еркін шынықтырып, қиыншылыққа өзін көндіру, тығырықтан шығу жолын саналы таба білуі тиіс. Осылай өзін-өзі тәрбиелеу, кәсіпке бағыттау процесі күрделене береді. Мұның нәтижесінде маманның өзі іштей бастаған істі аяғына дейін жеткізу, өзіне деген сенім, өз күшін сезіну сияқты кәсібіне қатысты қасиеттері пайда болады.

Кәсіпке икемделгенде тұлға өз қабілеттерінің сапасына ерекше назар аударуы қажет, өйткені кәсіпке бейімделуде өте қажетті қабілеттермен қатар мінез де қалыптасады. Әрине, мұндай кезеңде ұлы ойшылдардың пікірлерін саналы ұғынып, сөз мәніне көңіл бөлу қажеттігі туындайды. Мінез-құлық туралы ұлы Абай 37 қарасөзінде: «Мен егер билік қуаты қасымда бар кісі болсам, Адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім» - дейді. Ұлы ұстаз бұл жерде адамның өмірден өз өркеш тауын, өнер, ғылым, кәсіпті меңгеруде, адамдармен қарым-қатынаста қажетті мінездің жағымды жақтарын тәрбиелеу туралы айтып отыр. Адам басына қонған бақтың тұрақты болуы мінезге байланысты деп те жатады.

Болашақ маман иесі кәсіпті меңгеріп, тұлғалық кемелденуі үшін өзін-өзі тәрбиелеудің төмендегі шарттарын негізге алғандары дұрыс:

- Өзінің жақсы және жаман жақтарын білу, тәрбиелеу;
- Ешқашан өткен, қазіргі, болған ісімен мақтанбау;
- Өзіне-өзі сенімді болу;
- Өмірлік мақсат, міндет, жоспар қоя білу;
- Мінездің жағымды жақтарын тәрбиелеу;
- Өзге адамдардың пікірімен санасу;
- Өз сырларын өзгеге сатпау;
- Сөз бен істе әділ болу;
- Артық сөйлемеу;
- Сабырлы, әдепті, кішіпейіл болу;
- Уақытын бос өткізбеу.

Студент кәсіби білім ала жүріп жұптаса, топтаса, өзара біріге, бірлесе іс-әрекет жасауы арқылы кәсіби біліктілік дағдыны санасына қалыптастырады. Сондықтан жас маман ұжым арқылы өзін-өзі тәрбиелеу дағдысын меңгеруі қажет. Ол үшін төмендегідей талаптарды да игеруі шарт:

1. Ұжымның мақсат, мүдделерімен санасу.
2. Ұжымда өзіндік есеп беруге дағдылану.
3. Қоғамдық тапсырмаларды орындау.
4. Ұжымда ашық болу, белсенділік таныту.
5. Дене шынықтыру, спортпен айналысу.
6. Ұжыммен бірлесе отырып іс-шараларды ұйымдастыру, қатысу.
7. Өз мамандығы бойынша ардагер ұстаз, өнер, мәдениет саласындағы қайраткерлермен кездесулерге қатысу.
8. Жақсы әрі болашақты тәрбиелеуге қатысты жаңалықтардың жаршысы болу және т.б.

Болашақ маман ең басты әрекеті – тәрбие мен білім беру болғандықтан, сабақтың мән-мағынасын жіті түсінуі қажет. Сабақтың өзіндік ерекшелігін, типін, құрылымын, әдіс-тәсілдер мен қолданылатын құралдарын жетік меңгергенде ғана, оны басқа пәндермен интеграциялау ісі нәтижелі болмақ.

К. Д. Ушинский: «Әрбір сабақ тәлімгер үшін ол алдын ала ойлай отырып орындауға тиіс міндет болуы тиіс: әрбір сабақта ол бір мақсатқа қол жеткізуі, әрі қарай бір қадам жасауы және бүкіл сыныпты осы қадамды жасауға мәжбүр етуі тиіс» – деген болатын. Нормативтер жүйесін әзірлеу және

нормалау объектілерін таңдау жалпы білім беру стандартының жаңа түсінігімен айқындалады, онда негізгі екпін мазмұннан білім беру нәтижелеріне ауыстырылады. Сондықтан стандарт талаптарын, сондай-ақ оны іске асыруды қамтамасыз ететін құжаттарды әзірлеу кезінде тек оқылатын оқу материалына ғана емес, сонымен қатар балалар осы оқу материалын меңгеретін оқу іс-әрекетінің негізгі тәсілдері белгіленуі тиіс. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын интеграциялау үшін аталған пәннің берілу жүйесін толық игере отырып, оны басқа пәндерге ықпалдастырудың жолдарын жетілдірген кезде нәтижеге бағытталған оқу процесі жүзеге асырылады. Бүгінгі күні «Өзін-өзі тану» пәнінің құрылымдық ерекшелігін жете түсінгенде ғана, болашақ маман иесі басқа пәндердің мазмұнына интеграциялауда қателеспейді. Олар: ұйымдастыру сәтінде оқушыларды жағымды көңіл-күйге келуді өткізу, үй тапсырмасын тексеру, дәйексөзбен жұмыс істеу, мәтінмен (бейнематериал) жұмыс, әңгімелесуді ұйымдастыру, шығармашылық іс-әрекет, топпен ән айту, үй тапсырмасын түсіндіру, сабақты қорытынды сәті. Осы аталған әдістердің «Өзін-өзі тану» пәніндегі кейбір құрылымдық-мазмұндық және әдістемелік аспектілеріне тоқталсақ:

I. Сабақтың дәйексөздері және жағымды көңіл-күй:

- сабақтың мақсаты мен міндеттері, сабақтың рухани-адамгершілік тереңдігі;
- сабақтың құрылымдық-мазмұндық компоненттері. Сабақтың құрылымдық элементтерін қолдану реті. Оқулық материалдарын сабақта қалай пайдалану керек?;
- сабақта бағалау формалары. Тестілеу, сабақтың мониторингі;
- жағымды көңіл күй (сабақтың басында және соңында). Жағымды көңіл күйді жүргізу әдістемесі. Жағымды көңіл күйдің тиімділігі;
- сабақтың дәйексөзі. Сабақта дәйексөзбен қалай жұмыс жүргізу керек?

III. Әңгіме (өсиет-әңгіме) айту оқушыларды терең рухани-адамгершілік әңгіме үрдісіне тартудың тәсілі ретінде:

- Оқытудың диалогтік әдісінің мақсаты. Тарихи оқиғаларды баяндау өнері. Оқиға айтудағы мұғалімнің міндеттері.
- Классиктер рухани-адамгершілік әңгімелеудің маңызы мен олардың артықшылықтары туралы (мысалдар)
- Әңгімелердің дереккөздері. Әңгімені таңдауда оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеру (мысалдар) [24].

III. Ән айту, музыка, шығармашылық топтық іс-әрекеттер:

- Музыканың өсімдіктерге, жан-жануарларға және адамдарға тигізетін әсері. Адам өміріндегі музыканың маңызы.
- Сабақтарға музыканы қолдану әдістері, әуеннің пайдалы қасиеттері. Хормен ән айту, оның пайдасы.
- Топтық іс-әрекет түрлері (мысалдар), олардың пайдасы. Шығармашылық жұмыс (мысалдар), оның пайдасы.

Аталған мәселелерді толық игергенде, педагогикалық шығармашылық – бұл жүйелі білім беру. Осы білім түріне «Өзін-өзі тану» пәнін басқа

пәндермен интеграциялауды жатқызуға болады. Интеграцияланған сабақты жоспарлайтын педагогтің міндеті – балаларды өз ерекшеліктеріне қарай ойлауға, жалпылама қорытындыларды нақты құбылыстармен салыстыруға үйрету. Педагог мамандардың интеграцияланған сабаққа дайындығы сабақтың толық жоспарын құрудан басталады. Сабақтың әр кезеңге жұмсалған уақыты көрсетіледі. Ұстаз сабақ барысын алдын ала ойлайды және көрнекілік пен үлестіруші материалмен байланысты барлық мүмкін болатын кідірістерді болжайды. Әдетте, интеграцияланған сабақтарда көптеген оқу жабдықтары қолданылады: интерактивтік тақта, түрлі түсті бояулар, флипчарт, түсті қағаздар, стикерлер және т.б. [25].

Әрбір педагог үнемі оқу қызметін ұйымдастырудың формалары мен әдістерін іздейді, олар ең аз жұмсалған күш-жігермен бүкіл топтың оқу нәтижелерінде оң динамикаға қол жеткізуге мүмкіндік береді. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасымен интеграцияланған сабақты неден бастауға болады? Ең болмағанда, барлық оқушылар жұмысқа бейімделуі үшін сабақты жағымды көңіл күй сыйлаудан бастаудың өзі әрі қарай сабақ мақсатын шешуге мүмкіндік береді. Оқытуда сыртқы немесе ішкі интеграциялық тәсілдің әдістемелік негізі қоршаған орта туралы білімді қалыптастыру және оның жалпы заңдылықтары, сондай-ақ ғылымды меңгеруде пәнішілік және пәнаралық байланыстарды орнату болып табылады. Пәнаралық байланысты оқушылардың туыстық пәндердегі білімін толықтыру, растау немесе толықтыру үшін пайдалануға болады.

«Өзін-өзі тану» рухани - адамгершілік білім беру бағдарламасының басты мақсаты – жас жеткіншек ұрпақтарды жалпыадамзаттық құндылық пен адамгершілік идеалдарға баулу, оқушылардың өзін оңды қабылдауын қалыптастыру, адамның жоғарғы мақсаттарын түсінуіне асыру болып табылады.

Жылма-жыл аталған білім беру бағдарламасын интеграциялау кезеңі көрсеткендей, оқыту мен тәрбие берудің дәстүрлі және жаңа әдістерінің мазмұнын қайта ұғыну болып жатыр. «Өзін-өзі тану» пәні өмірдің күрделі жағдайларын талдау, әріптестік байланыс орнату, шығармашылық, өзін және басқаларды тануда білім алушыларға көмектесетін қазіргі заманғы тәрбиеші, мұғалімнің мүлдем жаңа рөлін көрсетеді.

«Өзін-өзі тану» мұғалімі, ең алдымен, өзін-өзі тануға, өзін-өзі жүзеге асыруға, өзін-өзі анықтауға қабілетті, оқушыларына қандай тәрбие бергісі келсе, өзі де солай болуға ұмтылатын педагог болуы шарт.

«Өзін-өзі тану» бағдарламасын оқу-тәрбие үдерісіне интеграциялау» – оның мақсаты жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған тұлғаны дамыту үшін біртұтас рухани - адамгершілік кеңістік құру. «Өзін-өзі тану» пәнінің ерекшелігін ескере отырып, көбінесе интеграциялық сабақтардың дәстүрден тыс түрлері қолданылады, білім алушылармен ашық диалог, әлеуметтік-рөлдік ойындар, тренингтер, пікірталастар, өмірлік бақылаулар мен тәжірибе алмасулар жүргізіледі. Өзін-өзі тану мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің құрамы, соның ішінде оқу-тәрбие үрдісінің ақырғы нәтижесі оның кәсіби-тұлғалық қасиеттеріне байланысты. Мейірімділік, кішіпейілділік

ортасы, педагогикалық қолдауды күшейту, балаларға белсенді сенім арту – бала тұлғасының адамгершілік-рухани қалыптасуының негізін қалаушы жағдайлар екенін ескеруі қажет. Достық, адалдық, ақ жүректілік, қайырымдылық, көпшілдік, адамдарға құрмет көрсету, жауапкершілік, өзін-өзі құрметтеу сезімі де маңызды болып табылады.

Педагог – тәрбие беру басымдылықтарының негізгі жолсерігі, білім берудің негізгі көзі. Сондықтан болашақ педагогтың бойында айрықша қабілеттермен қатар кәсіби бағытта ұстанымы да болуы шарт:

- өзіндік сенім – бұл өмірдің негізі;
- ұстаздың әсері саналы стратегиялық мақсатқа бағынуы тиіс;
- кәсіби қорытынды жасау дағдысы, өзін-өзі тану және өзін-өзі дамытуға қабілеті;
- оқушының жеке ерекшелігін ескере отырып, тәрбие мен білім беру жолдарын таңдай білуі;
- сөз реакцияларының вариативтілігімен жауап беру қабілеті;
- психологиялық-педагогикалық білімдерді меңгеруі, әдістемелік шеберлікті игеруі;
- балалармен қарым-қатынас жасаудың табиғи дарыны, бала жүрегіне жол таба білуі, жан жүрегімен қызмет етуге дайын болуы және т.б.

Мамандықтың ерекшелігін ескере отырып, болашақ «Өзін-өзі тану» пәні мұғалімінің бойында болу керек қасиеттер:

- өзін-өзі тануға, өзін-өзі жеңуге және өзін-өзін өзгертуге дайын және қабілетті болуы;
- кез келген баланы сөзсіз қабылдау;
- баланың жеке тұлғасын және өмірлік тәжірибесін құрметтеу;
- педагог өзінің іс-әрекетін құпиялыққа негіздеу;
- қандай жағдайда болмасын баланы жақтау, қорғау, өйткені баланың үлкендерге қарағанда қателесу құқығы бар;
- шынайы, әділ әрі жан-жақты өзара қарым-қатынастың дамуына ықпал ету;
- баланың сырын сақтай отырып, оған қолдау жасау;
- педагогтың қоғамда мейірімді, сабырлы, шынайы бола білуі;
- үнемі шынайы, ашық жарқын көзқараспен қарап, күлімсіреуді, мақтауды, қолдауды, жылы сөздерді, ақыл айтуды пайдалану;
- кез келген уақытта баланың мәселесін шешуде басымдылық балаға берілетінін есте сақтау;
- баланың мәселені ұғынып, кей кезде жағдайдан шығуға лайықты жолдарды іздеуі үшін мүмкіндіктер жасау;
- баланың қайталанбас бірегейлігін мойындау, оның өзекті және ықтималды мүмкіншіліктерін ашуға ықпал ету;
- сезімдерді көрсету мен тәрбиешінің мінез-құлқында шынайылықты, ашықтықты, адалдықты сақтау.

Заман талабына орай жаңа форматтағы сабақтар жаңа білімді дербес зерттеуді қалыптастыруға құрылады. Мұндай сабақтар оқушының өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге толық мүмкіндік береді. Сабақтар оқушылардың ашықтық қасиетін қалыптастыруға құрылған. Қазіргі сабақтың мақсаты – білім алушыларды өз бетімен білім алуға үйрету, оқу мен оқытудың жаңа тәсілдерін игеруге көмектеседі. Ол үшін мұғалім білім беру ортасын құруы керек, ал ондай орта білім алушыларды қанаттандырып,оқу процесіне белсенді қатысуларына мүмкіндік туғызады. Кез келген пәнді «Өзін-өзі тану» пәнімен интеграциялау үшін болашақ маман пәннің жүргізілу әдістемесі мен ерекшелігін жете түсінуі шарт. Сондықтан 4.1-кестеде қазіргі «Өзін-өзі тану» сабағының құрылымы мен жоспары бере отырып, әрбір жұмыс түрінің жүргізілу барысындағы әдістемелік негіздемесі ұсынылады.

4.1- кесте

Сабақ жоспарының үлгісі мен жүйесі

Мектеп: _____
Күні _____ № _____
Тақырыбы: _____
Құндылығы: _____
Қасиеттер: _____
Педагог: _____
Сынып: _____
Оқушылар саны: _____

Мақсаты: Міндеттер:	Ресурстар: (құралдар, мәліметтер)
Сабақтың барысы: **І. Ұйымдастыру кезеңі. Жағымды көңіл-күйге келуді өткізу.** 1.Сабырлы тыныш музыка әуенімен мұғалім мәтінді оқиды, Мысалы: оймен жүрегіңе үңіліп көрейік. Елестетіп көріңізші, Сіздің жүрегіңіздің ішінде керемет бақша-сіздің жан бақшаңыз ашылды. Сүйіспеншілік пен жылулықтың сәулесі жарқырап тұр. Мейірімділік шуағы жарқырай құлпырады. Мүмкін сіз жасыл желек жабылған бөрене ағашты көресіз. Бұл – сенім, құрмет, қуаныш, адалдық ағашы. Сүйіспеншілік пен мейірімділік гүлдеріне қарап, өз жан бақшаңыздың сұлулығына тамсанып өтіңіз. Ал енді осы бір тамаша көңіл-күйімізбен сабағымызды бастайық.	**Ескерту** Музыка әуенімен айтылған ой кімге болса да жоғары деңгейдегі көңіл күй сыйлары сөзсіз. Ал мәтінді мұғалім тыңдаушысына жеткізе отырып, жүрек тілімен, эмоциясымен оқи білуі – сабақтың өн бойына нәр берері анық.

2. Балалардың сезімдерімен бөлісу сәті: - Қандай сезімде болдыңыздар? - Сіздерге ойша саяхаттау несімен ұнады? - Қандай сәттер естеріңізде қалды? - Саяхаттау барысында нені және кімді жандарыңызда елестеттіңіздер немесе болғанын қаладыңыздар?	Сабақ басындағы оңтайлы көңіл-күй сабақтың өн бойына әсер ететінін ескере отырып, мұғалім эмоция сезімін қоса отырып, сұрақтарды жүйелі әрі қызықты етіп қоюға тырысқаны жөн.
II. Үй тапсырмасын тексеру. Үй тапсырмасын тексерудің бірегей тәсілдері: **Пікірталас** Оны өткізу үшін сыныпты топтарға бөлу қажет, олардың әрқайсысы өз ұстанымын немесе мәселеге қатысты көзқарасын қорғайтын болады. Бір көзқарас оқулықта немесе анықтамалықта баяндалуы мүмкін, ал одан басқа көзқарас оқушының немесе мұғалімге тиесілі болуы мүмкін. Пікірталаста оқушылардың пікірлері мен дәлелдері маңызды, ал оның нәтижесі зерделенген құбылыстың мәнін тереңірек тану болады. **Авторға сұрақ (сұхбат түрінде)** Бұл үй тапсырмасын тексерудің ерекше және өте қызықты тәсілі. Мұғалім балаларға оның мағынасын терең білу үшін жаңалық, өнертапқыш, шығармалардың авторына бірнеше сұрақ ойлап табуды ұсынады. Сұрақтарға жан-жақты дайындалған оқушылар жауап бере алады, ал ең күрделі сұрақтарға мұғалім жауап бере алады. Мысалы, «Өзін-өзі тану» пәні бойынша үй тапсырмасын тексеру кезінде ұлы ойшылдар, Абай, Шәкәрім, Сократ сияқты ғұламаларға, химия бойынша Д.И. Менделеевке, физика бойынша – Исаак Ньютонға, геометрия бойынша – Пифагорға, әдебиет бойынша – А.Байтұрсыновқа қызықтыратын сұрақтарды бағыттап қояды. **Тақырыптық сөзжұмбақ** Көптеген балалар сөзжұмбақ шешуге араласады.Үй тапсырмасын тексеру қызықты болу үшін мұғалім тиісті тақырып бойынша сөзжұмбақ құрастырып, оны оқушыларға ұсыну керек. Әсіресе балалар интерактивті сөзжұмбақ тарды жақсы көреді.	Үй тапсырмасын тексеруде оқушы белсенділігін арттыратындай тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана білу – оқушылардың жүйелі әрі іздене дайындалуларына жол ашады. Сондықтан үй тапсырмасына тыңғылықты дайындалуын талап ететін ұстаз, оның тексеру жолына да шығармашылықпен қарайды. Белсенді әрі қызықты әдіс-тәсілдер бар, дегенмен шебер ұстаз өз сыныбының ерекшелігін, жасын, қызығушылық деңгейін ескере отырып, таңдау жасауы қажет.

Тыныш сауалнама Мұғалім бір немесе бірнеше оқушымен сыбырласа сөйлеседі, ал қалған сынып оқушылары басқа тапсырманы орындайды. **Сауалнама тізбегі** Сауалнаманың мұндай тәсілін толық және логикалық байланыста жауап алу үшін қолдану ұсынылады. Бұл ретте бір оқушы жауапты бастайды, мұғалім кез келген жерде оны үзеді және басқа оқушыға ойды жалғастыруды ұсынады. *Бастауыш сыныптарда үй тапсырмасын тексеру қызықты әдістері:* **«Жауабын бейнелейміз немесе саламыз» ойыны** Мұғалім өткен тақырып бойынша сұрақтар қояды, жауаптарын балалар тез, әрі оңай жолмен қағаз бетіне бейнелейді. Балалар жауаптарды дыбыстамай, қағазда бейнелеу керек екендігі ескертілуі тиіс. **«Жеті түс» ойыны** Педагог команда саны бойынша жеті түрлі-түсті жапырақтары бар қағаз гүлдерін алдын ала дайындау қажет. Өткен тақырып бойынша дұрыс жауап үшін команда бір жапырақшаны алады. Командалардың бірі толығымен гүл жинағанға дейін ойнайды.	
Жағымды немесе оң көңіл-күй (сабақтың басында және соңында ішкі жағымды көңіл-күй). «Жағымды көңіл-күй» әдістемелік тәсілі эмоциялық жағдайды, оқушының интеллектуалдық немесе физикалық жүктемелерден кейінгі шектен тыс белсенділікті (гиперактивтілікті) жеңуге бағытталған (мысалы, егер оқушылар «Өзін-өзі тану» сабағына математикадан немесе дене шынықтырудан кейін келсе, оларды тыныштандырып, позитивті жағдайға келтіру қажет). Осы әдістемені қолдану кезінде зейінін шоғырландыру қажіттігі туындайды. Оқушы жаттығу барысында шындықты дұрыс қабылдауға 2-ден 5 минутқа дейін уақыт бөлінеді. Осы уақыт ішінде жақсы ойларға көңіл бөлуге, ақылын тыныштандыруға, оны айқындай түсуге болады. Оң көңіл-күй	«Өзін-өзі тану» сабақтарында позитивті ойлаудың рөлі ерекше болып келеді.

тәсілдері кейде белгілі бір тақырыпты ұсыну үшін де қолданылады, мысалы, «маған жақсы және жайлы орын». Бұл бейнелі ойлауды, қиялды, сондай-ақ баланың шығармашылығын дамытады. Осы қабылдауды өткізу үшін мәтін жазылған музыкалық релаксациялық техниканың көрнекі қатарын қолдануға болады. Мұғалімге осы релаксациялық жаттығуларды таңдау кезінде өзіндік шығармашылық білігін көрсету ұсынылады. Сабақтың басында жағымды көңіл-күй сыйлау маңызды, өйткені ол оқушыларға сабақ барысында өзін жақсы ұстау және ақыл-ойын дамытып, сабақ барысында шынайы жүрегінен жауап беруге мүмкіндік береді.	
III. Дәйексөзбен жұмыс істеу 1. Біздің сабақтың дәйексөзі… 2. Дәйексөз мазмұны бойынша әңгіме Жағымды ойлау тәжірибесі үшін сабақта қолданылатын дәйексөздер де маңызды, олар құндылықтарды меңгеру үшін әдістемелік тәсіл ретінде қызмет етеді. Дәйексөз жағымды көңіл-күйден кейін де, әңгімелер айтқанға дейін де немесе кейін де болуы мүмкін. Дәйексөз өзін-өзі тану сабағының ажырамас бөлігі болуы керек, тек сабақта жеке әдіс ретінде ғана емес, сонымен қатар оқушының күнделікті өмірінің бір бөлігі болатын әдет ретінде қолданылуы шарт. Дұрыс таңдалған дәйексөздердің оң әсері келесі: 1. Эмоционалдық жағдайды жақсартады. 2. Шабыттың ішкі көзіне сенуді дамытуға көмектеседі. 3. Өзіне деген сенімділікті дамытуға көмектеседі. Өзін-өзі бағалауды арттырады. 4. Қауіпсіздік пен әл-ауқат сезімін береді. 5. Ойларды белгілі бір пәнге шоғырландыруға көмектеседі. 6. Оң ойлауға түрткі береді. 7. Қарапайымдылықты дамытады. 8. Қорқынышты жоюға көмектеседі. 9. Даналық пен адалдықты дамытады. 10.Түйсікті ынталандырады. Өзін-өзі тану сабақтарында ең қолайлы болып оқушылардың жас талаптарына жауап беретін қарапайым адамгершілік дәйексөздер табылады. Әр тақырып үшін бір дәйексөз	Әр алынған құндылық дәйексөз мазмұнымен ұштасып жатуы шарт. Мысалы Ақиқат – Ақиқатты ренжітсең, Ар түбіне жетеді (Мұқағали); Ақиқат тереңде (Демокрит); Дұрыс әрекет – кез келген сыртқы әрекеттің ішкі негізі болады. (И.Гете) т.б.

ұсынылады. 1-сыныпқа арналған оқулықта әлем халықтарының мақал-мәтелдері дәйексөздер болып қолданылады. Оларды бірінші сабақта да, екінші сабақта да қолдануға болады. Мұғалім өзінің сабаққа деген көзқарасына сәйкес келетін өз дәйексөзін таңдауда шығармашылық қабілетін таныта алады.	
IY. Оқиғаларды әңгімелеу (сұхбат) немесе әңгімелесу ұйымдастыру Мұғалімнің тарихи, қызықты оқиғаларды баяндап беру әдістемелік тәсілі – бұл мұғалімнің ерекше сыйы. Барлық бала тарих пен ертегілерді қызыға тыңдайды. Бұл – заңдылық, өйткені бала бесікте жатқан кезде-ақ, оны қоршаған әртүрлі дыбыстарды тыңдайды. Бұл ана мен әженің – бесік жыры, оны қоректендіретін және қолдайтын мейірімді сөздер. Мұғалім баяндайтын дана және құнды әңгімелер – оқушының дамуы үшін маңызды мәнге ие. Мұғалімнің сыйы оқушылар үшін қызықты, әсерлі, танымдық жағы басым, жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі және сабақтың құндылығын ашуы қажет. Мұғалім алдын ала баланың жалпы адамзаттық құндылықтарын ашуға мүмкіндік беретін диалог құру үшін оқушыларға қойылатын бірқатар сұрақтарды дайындайды.	Аңыз әңгімелер, қызықты оқиғалар, шығармалардан үзінділердің терең мағыналық әрі тәлімдік мәні болуы шарт.
Y. Шығармашылық іс-әрекет, топтық жұмыс Шығармашылық іс-әрекет, топтық жұмыс – «Өзін-өзі тану» сабағының тағы бір маңызды әдісі. Адам ұжымдық, ол қоғамда және қоғам үшін өмір сүреді және жұмыс істейді. Өзін-өзі тану сабағында шығармашылық іс-әрекетті өткізуде топшаларға бөлу маңызды. Әрбір сабақта осы әдіс өте маңызды. Жалпыадамзаттық құндылықтарды оқушыларда жалпы топтық ойындар, қойылымдар мен шығармашылық жұмыстар арқылы дамытуға болады. Шығармашылық іс - әрекет үдерісінде оқушылар сабақта ашылған құндылықтарды тек белгілі бір іс-әрекет арқылы ғана бекітеді (ойын, көрініс, тест, сөзжұмбақтарды шешу, өлең шығару және т.б.).	Шығармашылық іс-әрекетті ұйымдастыру мұғалімнің кәсіби шығармашылық деңгейімен анықталады.

YI. Топпен ән айту Сабақта қолданылатын келесі әдістемелік қабылдау – топпен ән айту. Барлық балалар ән айтуды жақсы көреді, оны әр мұғалім білу маңызды. Мұғалім үшін бұл балалардың тамаша, рухани дүниесіне жанасуын қосудың бір жолы. Мұғалім осы әннің сөздерінде сабақта айтылған құндылықтар мен қасиеттер көрініс табатындай етіп таңдайды. Яғни, бұл құндылықтар мен қасиеттерді баланың санасына сіңіру, түсінуге бағыттау.	
YII. Үй тапсырмасы (тапсырма шығармашылық бағытта болуы да мүмкін)	
YIII. Сабақтың соңғы тыныштық сәті Сабақтың соңғы сәті - тыныштық сәті. Бұл сабақтың өзіндік қорытындысы, мұғалім сабақты түйіндейді. Сабақтың осы кезеңіне оқушыларды және мұғалімнің өзіне арнау міндетті, өйткені бүгінгі сабақта айтылғанды есте сақтау және оқушылардың санасында сабақтың жарқын жағын, жылылығын және жақсылығын еске түсіру маңызды.	

«Өзін-өзі тану» пәнінің құрылымын игеріп, оны тәжірибеде кеңінен қолдана білген білім алушы аталған пәнді басқа пәндермен интеграциялау бағытында да жетістіктерге жету бағытында іздену талап етіледі. Кез келген пәнді интеграциялау үшін білім беру бағдарламасының басты мақсатын, мазмұны мен ерекшелігін толық меңгеру қажеттігі туындайды. [24].

4.2-кесте бойынша «Өзін-өзі тану» пәнімен интеграцияланған сабақ жоспарының сызбасы беріліп, интеграциялаудың түрлері көрсетілді. Әр пәннің білім бағдарламасы бойынша қалыптастырылатын құзыреттілігімен қатар берілетін мәліметті рухани-адамгершілікке бағыттай отырып, оқу-тәрбие үдерісінің біртұтастығын түсіну мұғалімнен шығармашылық қабілетті қажет етеді.

4.2-кесте

«Өзін-өзі тану» пәнімен интеграцияланған сабақ жоспарының сызбасы

Мектеп: _____
Күні _____ № _____
Тақырыбы: _____
Құндылығы: _____
Қасиеттер: _____
Педагог: _____
Сынып: _____
Оқушылар саны: _____

Сабақтың мақсаты: Сабақтың міндеттері: 1. 2. 3.	Ресурстар (материалдар, дерек көздері)
Сабақтың барысы: Сыртқы интеграция (Өзін-өзі тану сабағының әдістемелік тәсілдерін қолдану)	Ескерту
Ішкі интеграция (Жалпыадамзаттық құндылықтарды сабақ мазмұнына интеграциялау)	
Үй тапсырмасы	
Сабақтың қорытынды сәті	

«Өзін-өзі тану» пәнімен интеграцияланған сабақты талдау

1. Мұғалім стилі (авторитарлы, либералды, ізгілікті)
2. Сабақта ішкі (рухани-адамгершілік) білімнің берілу тәсілдері
3. Сыртқы (зияткерлік) білімнің берілу тәсілдері. Жанды білім негізі
4. Пәнге интеграциялаудың мәні мен түрлері
5. Интеграциялаудың жолдары
6. Гуманитарлық пәндерді интеграциялау барысындағы таңдалған мысалдардың сабақтағы жарыққа шығарылатын құндылыққа қатысы
7. Жаратылыстану бағытындағы пәндерді интеграциялау барысындағы таңдалған мысалдардың сабақтағы жарыққа шығарылатын құндылыққа қатысы
8. Сабақ барысындағы қалыптастырылатын қасиеттердің көрініс табу деңгейі

Барлық жеке пәннің де, интеграцияланған сабақ түрінде де мұғалім сабақта қолданатын оқытудың әдістері мен тәсілдерін талдауға мән беріп отыру қажеттігі туындайды.

Педагог пайдаланатын оқушылардың белсенділік және дербестік деңгейін көрсететін әдістерді бағалауға арналған сараптама картасы

Оқыту әдістері	**Пайдаланылмайды**	**Мерзімді қолданылады**	**Басымдылыққа ие**
Түсініктеме және иллюстрациялық			
Репродуктивті			
Проблемалық баяндау әдісі			
Ішінара-іздеу (эвристикалық) әдісі			
Зерттеу әдісі			

Берілген кесте бойынша сараптама картасы пәнді интеграциялауда және оқытудың белсенділігін арттыруды сараптай отырып, жетілдіру мақсатында оң көмегін тигізетін кестелердің бірі.

Пилоттық білім беру ұйымдарының тәжірибесіне сүйене отыра, түрлі білім беру жүйесіндегі сыныптан тыс іс-шаралардың бірқатарына тоқталып өтуді жөн көрдік.

Кәсіби білім берілетін колледждерде жүйелі *«Ғылыми-шығармашылық орталықтары»* жұмыс жасайды. Орталық әр мамандық ерекшелігіне орай ұйымдастырылып, аталған бағдарламамен интеграциялау оң нәтижесін беріп отыр. «Ақтөбе сазы», «Мұрагер», «Жасыл желек», «Әбіш тағылымы» және т.б. ҒШО өз алдарына нақты мақсат қоя отырып, жылма-жыл өз жұмыстарының нәтижесін рухани-адамгершілік бағытта дамытып келе жатқандықтарын көрсете білді. Мысалы, болашақ музыка пәнінің мұғалімі «Ақтөбе сазы» орталығы арқылы біршама ғылыми бағытта өз жерлестерінің әуені, сөзімен танысып, жерлес композиторларымызды үлгі тұтуға, олардың еңбектерін насихаттап болашақ жеткіншектерге таныстыруға байланысты нәтижелі жұмыстар атқарды.

«Атадан қалған асыл сөз» клубы арқылы лингвистикалық, әдебиет бағытындағы сыныптан тыс іс-шараларды интеграциялау жұмысы болашақ маман иелеріне білім берумен қатар кәсіби іздену, зерттеу, пайымдау, талқылау, сын айту және т.б. қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Білім алушылардың кәсіби талантын аша отырып, көпшілігінің болашағына жол ашады, өйткені аталы сөздің мән-мағынасын терең талдай отыра, рухани қазына туралы мәліметтер алып, кейбір студенттер журналистика, кейбір білім алушылардың ақындық қабілеттерін дамытуға жағдайлар жасалынды. Нәтижесінде көптеген білім алушылардың рухани-адамгершілік бағытта шығармашылық туындылары пайда болып, бейнелі ойлау, тіл байлықтарының дамуына зор әсері болды. Болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері аталған тәжірибе түрін мектеп қабырғасында жалғастырып жатыр. Білім алушылардың туындыларынан терең ой, сөз бен істің бірлігі, адамзатқа деген сүйіспеншілік, адамгершілік бағытындағы ойларын өлеңмен

өре отырып, тыңдарманына жеткізе білуі - «Өзін-өзі тану» пәнінің интеграциясының нәтижесі. Бүгінгі күні «Жыр жазамын жүрегімнен», 1, 2-бөлімдерден құралған *«Кәусар бұлақ»* жинақтары жарық көрді.

Сыныптан тыс іс-шараларға ата-аналарды тарту, оларды рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасымен етене таныстыру оң нәтиже беріп отыр. Нәтижесінде *«Бұлақ көзі» ата-аналар клубы* жұмысы жанданды. Бала тәрбиесіне үштік одақты тарту мақсатында жоспарланған жұмыстар арқылы қыз бала тәрбиесі мен ер бала тәрбиесінің ерекшеліктеріне мән беру, қоғамдағы келеңсіз жағдайларға ұшыраудан қорғау, өмірге бейімдеу, бала бойындағы мейірімділік, ата-анаға деген сүйіспеншілік, құрмет, ізет көрсету сияқты қасиеттерді дарыту мүмкіндігіне қол жетті.

Білім алушыларға кәсіби білім, құзыреттіліктерін дамыту үшін «Өзін-өзі тану» пәнінің және интеграцияланған сабақ жоспарларын талапқа сай құру үшін, ең алдымен, оның құрылымын меңгергені жөн. Сабақтың құрылымына орай, жұмыс түрлерін және интеграция түрлерін жетілдіріп отыру мұғалімнен шығармашылық ізденісті талап етеді. Сондықтан маман иесі заманауи талаптарды ескере отырып, озық үлгідегі сабақ жоспарларымен танысып, өзінің әдістемелік деңгейін көтеру бағытында жұмыстануы қажет.

Сұрақтар:

1. Сабақтағы берілетін білім нәтижесін қандай құжат түрлеріне сүйеніп анықтаймыз? Нақты мысалдармен дәлелдеңіз.
2. Білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру қандай құжат түрлері арқылы жүзеге асырылады? Олардың ерекшеліктеріне тоқталыңыз.
3. Интеграциялаудың мәні неде деп ойлайсыз?
4. Өз қалауыңыз бойынша кез келген пәннің қысқа мерзімді сабақ жоспарын алып,ішкі интеграцияны қалай жасар едіңіз?
5. Сабақтан күтілетін нәтиже дегенді тарқатып айтыңыз.

Тапсырмалар:

1. МЖМББС бойынша «Өзін-өзі тану» пәніндегі білім мазмұнына талдау жасаңыз.
2. «Өзін-өзі тану» пәні бойынша бастауыш жүйесіне арналған ұзақ мерзімді сабақ жоспарларын құрастырыңыздар.
3. Өз таңдауыңыз бойынша 2 пәнге интеграциялау мақсатына орай сұрақтар ойластырыңыз.
4. Сырттай интеграция жасалған сабақтың жоспар-конспектісін талдаңыз.

4.2. Білім беру ұйымдарында «Өзін-өзі тану» пәні бойынша мониторинг жүргізудің жолдары

Мониторинг – «Өзін-өзі тану» пәнін енгізу бойынша тұтас жүйенің ажырамас компоненті. Мониторинг оқу процесін бақылау жүйесін білдіреді, олардың негізінде бірқатар зерттеулерді жүзеге асыруға болады. Атап айтар

болсақ, «Өзін-өзі тану» пәнін оқыту нәтижелерінің бағдарламалық мақсаттарына қол жеткізуді бағалау; педагогикалық шеберлікті үнемі жетілдіру үшін талдау жасау; оқушылардың жеке қасиеттерінің өзгерістерін болжау және т.б.

Адамгершілік-рухани тәрбие үрдісінің мониторингі – бұл бала тұлғасының қалыптасу және өмірлік маңызы бар негізгі, базалық құзыреттіліктерді меңгеру үрдісін үнемі бақылап отыру.

Мониторинг мақсаттары.

1. Тұлғаның тәрбиелік деңгейін, адамзаттың адамгершілік нормаларына сәйкестігін зерделеу.

2. Тәрбие жүйесі іс-әрекетінің оның ақырғы нәтижелеріне сәйкестігін айқындау.

4. Мониторинг мақсаттар мен жоспарларды жүзеге асыруды бағалаумен байланысты. Мониторинг міндеті – күтілетін нәтиже мен қол жеткен нәтиженің арасын азайту.

5. Тәрбие беру сапасының, шұғыл талдаудың, тәрбие іс-әрекетін болжаудың қарқыны бақыланады.

Мониторингтің өзектілігі:

Білім берудің әртүрлі деңгейлеріндегі «Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқушылардың дайындығының міндетті (ең төменгі) деңгейіне қойылатын талаптар.

1-11 сынып оқушыларының білім мазмұнының базалық деңгейі шеңберіндегі жетістіктері әр жарты жылдықтан кейін өзін-өзі бағалау және шығармашылық тапсырмалар жүйесі арқылы бағаланады. Ал бұл жүйені басқа пәндерді оқыту барысында енгізу – заман талабы. Өйткені оқушы бастауыш, тіпті мектепке дейінгі ұйым қабырғасынан зерттеушілік қабілетін дамыту қажеттігі білім стандартында нақты көрсетілген. Зерттеушілік қабілет мектепте өз деңгейінде дамытылса, болашақ маман да осы қабілетті шығармашылық бағытта өрбіте алатыны анық.

Оқушылардың жетістіктері «сынақ/есептеме» жүйесі бойынша бағаланады, қорытынды бағалар негізгі орта және жалпы орта білім берудің аттестаттау құжаттарында қойылады.

Кәсіби тұрғыда ұйымдастырылған мониторинг – арнайы жүйеленген, әдістемелік тұрғыдан негізделген, дидактикалық жағы жетілдірілген, жан-жақты ойластырылған, оқу бағдарламасына сәйкестендіріліген, барлық талаптарға жауап беретін оқу-әдістемелік кешеніне жүйелі бақылау жасау. Ағымдағы оқу үрдісіндегі оқушылардың жетістіктері туралы ақпарат және әрбір оқу жылынан кейінгі қорытынды нәтижелер бойынша портфолио жинақталады. Мониторинг сынақтан өткізу, енгізу, эксперимент, талдау, сараптау, жетілдіру компоненттерінен тұрады.

Мониторинг жүргізу барысында оқушылардың зерттелетін негізгі көрсеткіш өлшемдері төмендегідей:

– Тілдік қарым-қатынасқа тез түсе білуі;

– Мейірімділік;

– Жанашырлық;
– Тұлғаның өзін-өзі дамытуға дайындығы;
– Өзін-өзі бағалау.

Мониторинг жүргізу пән мазмұнын игерумен қатар, тәрбие жұмысында да өзінің тиімділігін тәжірибеде дәлелдей білді. Оқушының психологиялық тұрғыдан дамуын бақылау мақсатында төмендегідей тест түрлерін жүргізуді ұсынамыз.

1. Сынып ұжымының психологиялық климатын анықтау әдістемесіне тоқталсақ (В. С. Ивашкин, В.В.Онуфриева):

1. Өлшемі: психологиялық климат: эмоциялық, моральдық, іскерлік.

Тест мақсаты: әдістеме психологиялық климатты үш критерий бойынша анықтауға бағытталған – эмоциялық, моральдық және іскерлік.

Өткізу барысы

Сыналушыларға үш сұрақ ұсынылады:

1. Сіздің сыныптастарыңыздың оқудағы жетістіктері мен сәтсіздіктері үнемі мазалайды ма?

2. Сіздің сынып оқушылары бір-біріне оқуда көмек көрсетеді ме?

3. Сіздің сынып оқушылары оқуға жауапкершілікпен қарайды ма?

Нұсқаулық:

«Әр сұрақ бойынша бес баллдық өлшемді пайдалана отырып, өз сыныбыңызды бағалаңыз».

- Үнемі уайымдайды - 5.
- Жиі уайымдайды-4.

3 жағдайлардың жартысын толғандырады •

- Жиі мазасызданбайды-2.
- Мүлдем уайымдамайды-1.

Тест нәтижелерін өңдеу және түсіндіру

Топтың орташа балы есептеледі:

Х=(А+Б+В)/3П; мұнда

А, Б, В-сұрақтар бойынша баллдық бағалар;

П-сыналушылардың саны

Тест нәтижелерін түсіндіру

* Х > = 4,5 балл, психологиялық климат көрсеткіші жоғары, 3 балл бағасы.

* 3,5 < Х < 4,5-психологиялық климат көрсеткіші орташа, 2 балл бағасы.

* Басқа жағдайларда психологиялық климат көрсеткіші төмен, бағасы 1 балл.

Хаттама үлгісі

Сыныптық ұжымның психологиялық ахуалы
(В.С.Ивашкин, В.В.Онуфриева)
Баланың жеке қорытындысы

	Оқушының аты-жөні	Балл саны		
		1 (а)	2 (б)	3 (в)
	Барлығы			

Сыныптық ұжымның психологиялық ахуалы
(В.С.Ивашкин, В.В.Онуфриева)
жалпы қорытындысы

мектеп атауы
_____
1 - сынып оқушылар саны
_____
2-сынып оқушылар саны
_____
3- сынып оқушылар саны
_____
4- сынып оқушылар саны
_____

№	Білім беру ұйымының атауы	Сыныптар	Білім алушы саны	Психологиялық ахуал деңгейі
1				
2				
3				

2. Балалар мен жасөспірімдерге арналған жанашырлық (эмпатия) сынағы БРАЙАНТ эмоциялық-мінез-құлық аспектісі

Тесттің мақсаты: төменде ұсынылған әдістеме жанашырлықты (эмпатияны) зерттеу үшін табысты қолданылады, яғни өзін басқа адамның орнына қоя білу және басқа адамдардың уайымдауына еркін эмоционалдықжауап алу қабілетін анықтау.

Тестке нұсқаулық: Сізге 22 тұжырымнан тұратын тізім ұсынылды. Қабылданған, бекітулердің мазмұнымен келіскен жағдайда оның нөмірінің жанында «+» белгісін қою қажет, бекітулердің мазмұнымен келіспеген жағдайда «-» белгісін қою қажет. Барлық пункттерге жауап беру керек.

Оқушы портфолиосы мониторинг түрі ретінде

Оқушының портфолиосы: күтілетін оқу нәтижелерін бағалаудың тиімді түрі. Портфолио тағайындау – оқушының танымдық белсенділігі мен дербестігін ынталандыру, рефлексивті-бағалау қызметінің дағдыларын дамыту.

Портфолио – бұл оқушының өзін-өзі тану процесіндегі жетістіктерін бейнелейтін шығармашылық жұмыстарының жиынтығы. Шығармашылық жұмыстар жеке, топтық немесе ұжымдық сипатта болуы мүмкін.

Портфолио енгізу мақсаты:

- жоғары оқу мотивациясын қолдау және ынталандыру
- оқушылардың рефлексивті және бағалау (өзін-өзі бағалау) қызметінің дағдыларын дамыту, олардың одан әрі табысты әлеуметтенуіне жәрдемдесу.

Портфолио сапасын талдау өзін-өзі тану бойынша білім беру үдерісін жетілдіруге және дамытуға, сабақта мұғалім мен оқушылардың қызметінің тиімділігін арттыру үшін дер кезінде шешім қабылдауға мүмкіндік береді және оқушылардың танымдық қызметін бағалау тәсілдерінің бірі болып табылады.

«Өзін-өзі тану» пәнін интеграциялау барысында әр құндылықты ашатын қасиеттерді білу міндеті туындайды:

- **Сүйіспеншілік** – адам жанының асыл қасиеті, асқақ мұраты, таным тұғыры, риясыз, ынтық, нәзік сезімі.
- **Дұрыс әрекет** – ол жүректе туындайды, сонан соң сөз түрінде беріледі және іс жүзіне асырылады. Дұрыс әрекет ету қағидасы – өзіңе де, басқа адамдарға да, жалпы адамзатқа да, табиғатқа да зиян келтірмеу.
- **Қиянат жасамау** – ақиқатпен өмір сүру, мінез-құлық пен жан тыныштығы да сүйіспеншілікке арналған, яғни тәтті жеміс. «Рақымдылық, мейірбандық, әртүрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойланғандай оларға да болса игі еді демек, бұлар-жүрек ісі. Абай
- **Ішкі тыныштық –** адамның ішкі жан дүниесі тынышталса, оның отбасында да, жүйкесінде де тыныштық болады. Ал отбасында тыныштық болса, қоғамда да тыныштық болады. Қоғамда тыныштық болса, мемлекетте тыныштық болады. Жүйкедегі тыныштық тікелей адамның денсаулығының көрсеткіші болып табылады.
- **Ақиқат –** рухани кәусар бұлақ көзіне жолды іздеп табу - бұл әрбір жеке адамның, нақ осы қазір өмір сүріп жатқан барлығымыздың және өмірге жаңа қадам басқан адамдардың міндетінің ішіндегі міндеті.

3. Бастауыш сынып оқушыларының бойындағы компетенцияның деңгейін анықтау.

Нұсқау. Әрбір сыналушыға мұғалім жеке зерттеу хаттамасын толтырады.

Анықтайтын сипаттар	**Анықтайтын сипаттарды бағалау (ұпай)**				
1. Өз сезімін дұрыс ұға біледі.	10	20	30	40	50
2. Өз сезімдерін бақылай алады.					
3. Адамгершілік-рухани құндылықтарды біледі.					
4. Өзінің ішкі сезімдерін бағалай біледі					
5. Өз денсаулығын нығайтатын және сақтайтын ережелерді түсінеді әрі оны орындайды (гигиена, қауіпсіздік)					
6. Сыныптағы балалармен достық қатынаста болады					
7. Қоршаған ортаға сүйіспеншілікпен қарайды					
8. Өз елінің мәдениетін сыйлап, басқа елдер мәдениетіне ықылас білдіреді					
9. Әдеп сақтайды					
10. Өзін дамыту үшін алдына мақсат қоя біледі					
Орташа ұпай және оның компетенциясына сәйкес деңгей					

Интерпретация және нәтижелерді өңдеу

Сыналушының орташа ұпайы берілген 11 сипаттама бойынша жинақталған орташа арифметикалық ұпай бойынша есептеледі. Содан кейін оның жеке компетенциясына қорытынды жасалады.

Төменгі деңгей – егер орташа 10-20 ұпайдан құралса.

Орташа деңгей – егер орташа ұпай 30-40 ұпайдан құралса.

Жоғары деңгей – егер орташа ұпай 40-50 ұпайдан құралса[25].

«Әрбір тәжірибе – сабақ, әр сабақ – бұл жеңіс» (Шри Сатья Саи Баба) – дей отыра, мониторинг жүргізу арқылы мұғалім қол жеткізген жетістіктері мен әлі де жұмыс жасау керек болатын жақтарын анықтап, үнемі ізденуіне мүмкіндік туады.

Сұрақтар:

1. Мониторинг дегеніміз не? Мониторингтің мақсат-міндеттерін атаңыз.
2. Оқушының портфолиосының маңыздылығы неде?
3. Портфолионы енгізу мақсатын анықтаңыз.
4. Мониторинг жүргізудің көрсеткіш өлшемдері қандай?
5. Өзін-өзі бағалау жолдарын атаңыз?

Тапсырмалар:

1. Еріктілер тобын құрудың ережесін жасақтаңыз. Топта қандай түрлеріне қарай білім алушыларды топтастырар едіңіз, соны тәжірибе арқылы дәлелдеңіз.

2. Курстық, дипломдық жұмыс түрлеріне рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын интеграциялау бағытында әрқайсымыз 5-10-ға дейін тақырыптар құрастырып, оны алдымен топшада, кейін топ алдында дәлелдей отыра ұсыныңыз.

3. Топ бойынша «Өміріңізге қажет ережелер» тізбесін төмендегі үлгі бойынша жалғастырыңыз:

Жаныңызға жақын өлеңді жаттап алыңыз.

Тез ойланып, жай сөйлеңіз және т.б.

ҚОРЫТЫНДЫ

Білім беру жүйесінде ұйымдастырылатын оқу-тәрбие үрдісіне қатысты барлық жұмыс жүйесін «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасымен интеграциялап өткізу, төмендегідей нәтиже береді:

- өзін-өзі тану пәнімен интеграциялап оқытуда негізгі пән бойынша ұғымдардың мәнін терең түсініп, теориялық білімдерін өмірде қолдана білуіне рухани құндылықтардың әсерін меңгеріп, сезінуі;
- жан сұлулығы мен тән сұлулығын тани білуі;
- өзін, өзгені, қоғамды, әлемді, адамзатты тануына мүмкіндіктер жасап болашақ мүмкіндігіне мақсат қоя біліп, іске асыруын бақылау;
- әрбір оқушы қайталанбайтын жеке тұлға екендігіне көз жеткізіп, өзін-өзі сыйлауына, реттеуіне, рухани құндылықтардың адам денсаулығына оң ықпалын тигізетіндігін, салауатты өмір сүруіне баулу;
- адам бойындағы негативті қасиеттер мен теріс ойлар денсаулықтың төмендеуіне әкеліп соғатындығы туралы ғылыми дәлелдермен меңгеру;
- қазақ салт-дәстүрлерін, әлем мәдениетінің жетістіктерін сабақтың тақырыбына сай пайдалану арқылы өз ұлтына деген сүйіспеншілік, басқа ұлт мәдениетінің жақсы жақтарын негізге алып, өз бойларына дарыту;
- өз ой пікірін жинақтап, сауатты, мәдениетті түрде жеткізе білуде сөйлеу шеберлігіне мән беру;
- жеке тұлға ретінде алға қойған мақсатына жетуде рухани құндылықтардың ішінде еңбекқорлықтың ролін сезіну;
- өз бойларындағы жағымсыз эмоциялардың өзінің денсаулығына, қоршаған адамдарының көңіл-күйіне теріс әсерін түсініп, өзін-өзі реттеп, тежей білуге бағыттау;
- теріс әрекеттерден аулақ болуда ортада өзін ұстау, өз пікірінде тұру, басқаның сөзіне, іс әрекетіне еліктемей өзіндік қасиеті мен құнын жоғалтпау;
- мамандық таңдауында өзіндік білімі мен талғамын, таңдауын, қызығушылығын ата-анамен, ұстазбен ынтымақтастықта шеше білу және т.б.

ГЛОССАРИЙ

Абырой – қиын жағдайларда абыройлы мінез-құлқында көрінетін тұлғаның әлеуметтік-психологиялық қасиеті.

Адам – дамудың жоғары деңгейінде тұрған тіршілік иесі, қоғамдық-тарихи іс-әрекет субъектісі.

Адамгершілік – басқа адамдарға адамгершілік қатынаста көрінетін тұлғаның моральды-психологиялық қасиеті.

Адамгершіліктік сезім – адамның басқа адамдарға, қоғамға, өмір сүру ережесі мен нормаларына деген қатынасының бастан кешірулері.

Әдептілік, биязылық, сыпайылық – адамгершілік намысын сыйлауда, өзара қарым-қатынаста, сыпайылықта, басқа адамдардың субъективтік күйін түсінуде көрініс беретін мінез қасиеті.

Білім – адамның танымдық іс-әрекетінің нәтижесі. Адамның белгілі бір жүйедегі ұғымдарының, деректері мен пайымдарының жиынтығы.

Білім бағдарламасы – барлық білім беру саласындағы белгілі бір бағыт (мамандық) бойынша жоғары білім деңгейінің мазмұнын анықтайтын құжат немесе құжаттар жиынтығы.

Білім берудегі құндылықтар – білім алушының тұлғасын қалыптастырудағы жетекші фактор болып табылатын жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген оқыту мақсаттарының жүйесін қалыптастырудағы бағдарлар.

Гуманизм – (*лат.* адамгершілік) адамның мүмкіншілігінің шексіздігіне, өзін-өзі дамыту қабілетіне деген сенімі мен ерік бостандығына, абыройын қорғау, адамның бақытқа жету жолындағы құқығына деген көзқарастардың жиынтығы.

Дағды – сананың қатысуынсыз, рационалды, тез, әрі дұрыс, физикалық және психикалық энергия шығынсыз жүзеге асырылатын, автоматтандырылған әрекет.

Достық – симпатия және өзара бауырмашылдықпен сипатталатын тұрақты жеке таңдаулы тұлғааралық қарым-қатынас түрі.

Дүниетаным – адамдар мен табиғатқа, жалпы құндылықтарға, моральдық нормаға тұлғаның жалпы қатынасын білдіретін негізгі сенім, қалып, таным немесе қоғам мүшелерімен ортақ көзқарас қалыптастырып, қоршаған ортамен қатынас қалыптастыруындағы негізгі өлшем.

Имманентті – іштен туатын; өзді-өзінде мекендейді, басқаларға ауыспайды. Теорияда имманенттік деген түсінік тәжірибенің шегінен шықпай, іште қалатын деген мағынаны білдіреді.

Интеграция – әртүрлі нысандарда жүзеге асырылатын және теориялық білімді қамтамасыз ететін ғылыми пән. Көп жағдайда интеграция бәрі ғылымның анықтамалары мен әдістерін басқа ғылымда пайдаланумен басталып, пәнаралық теориялар мен зерттеу бағыттарының пайда болуымен аяқталады.

Интерпретация – бір нәрсенің мән-мағынасын түсінікті тілде ашып көрсету, түсіндіру, талқылау.

Креативтілік – ойлаудың дәстүрлі жүйесінен бас тарта отырып, жаңа идеялар тудыру, мәселелік жағдаятарды тез шеше алу қабілеті.

Кәсібилік – кәсіби іс-әрекетті сәтті орындау үшін қажетті адамның тұлғалық қасиеттерінің жиынтығы.

Кәсіби бейімділік – кәсіптің нормасы мен талаптарына, кәсіби ортаның нақты жағдайларына маманның бейімделу процесі.

Кәсіби білім – адамда кәсіпке қажетті білім, ептіліктерді және оның таңдаған еңбек саласына деген бейімділігін және қасиетін қалыптастыруға бағытталған мамандарды дайындау жүйесі.

Кәсіби қабілетілік – басқалардан ерекшелеп тұратын және кәсіби іс-әрекеттің талаптарына жауап беретін адам тұлғасының жеке-психологиялық қасиеті.

Кәсіби құзыреттілік – маманның кәсіби талаптарға сәйкес келу деңгейінің жеке сипаттамасы.

Кәсіби маңызды қасиеттер – адамның еңбек әрекетінің негізгі сипаттамалары бойынша (өнімділік, сенімділік т.б.) жүзеге асуының тиімділігіне әсер ететін қасиеттері.

Қарым-қатынас мәдениеті – қоршаған орта адамдарымен түрлі жағдайларда дұрыс қатынас жасай алу, адамгершілікке тән ережелер мен нормаларды сақтау.

Қылық – адамгершіліктік бағаға ие болатын, әлеуметтік мәнді әрекет

Құзыреттілік – маманның кәсіби талаптарға сәйкес келу деңгейінің жеке сипаттамасы.

Құндылық – жоғары адамгершіліктік, әлеуметтік және мәдени мәнге ие, қоғамдық санада бекітілген шынайылықтағы белгілі бір құбылыс. Белгілі бір объектінің адам үшін, топ үшін, қоғам үшін қасиетті деп танылуы.

Құндылық бағдарлары – олардың субъективті мәнін өмірдің жағдайында және іс-әрекетте қабылдауға бейім материалды және рухани деп бөлінетін құндылықтар.

Мақсат – жеке адамның, адамдар тобының іс-әрекетінің болжанатын нәтижесі.

Медитация – (*лат,* ойлау) өз ойларына және сезімдеріне, өзінің психикалық күйіне өзіндік әсер ету.

Миға шабуыл – ізденіс жолдарын сынау жүзеге асырылмайтын, ізденіс барысында туындаған барлық болжамдар қамтылатын, өмірде кездесетін қиындықтарды жеңу үшін қолданылатын, сол болжамдарға талдау жасалатын пікірталас әдісі.

Мемлекеттік білім стандарты – пәндік білімдік мақсаты мен міндеттерін, бітірушілердің түсініктері мен дағдыларын, білім нәтижелерін тексеру технологиясын белгілейді, білім деңгейін айқындайтын негізгі құжат.

«Мен» (ішкі) – өзінің бейнесі. Өзін-өзі қабылдау және өзін-өзі түсіну. Әсерлер мен бастан кешірулерді есте кейінгі қалдыруларға және тануға байланысты.

«Мен-тұжырымдама» – индивидтің өзіне-өзі қатынасынан тұрады: а) өзінің даралығы туралы ойы; б) нақты қызығушылықтардың,

бейімділіктердің, құндылық бағдарының бірлігі; в) нақты өзіндік бағалау және өзіндік сыйлау.

Мониторинг – күнделікті бақылау, бағалау және болжау.

Мотив – (*лат,* қозғалысқа келтіру, итеру) іс-әрекетті ішкі оятушы, оған тұлғалық мағына беруші.

Мотивация – мақсатқа жетуге оятушы барлық мотивтердің жиынтығы.

Мұғалімнің кәсіби іс-әрекеті – оқушының жеке және жас ерекшеліктерін, сұранысын, қызығушылығын, құмарлығын, рухани әлемін ескере отырып, оған психология-педагогикалық әсер етуде көрінетін үнемі орындалатын іс-әрекет түрі.

Намыс – тұлғаның өзіне және өзгелерге деген құнды қатынасы.

Обьект – адамның, іс иесінің таным әрекетінің бағыты, әрекет құбылысы, зерттеу нысаны.

Ойын – іс-әрекеттің белгілі бір саласын жасап, шартты жағдаяттардағы іс-әрекет түрі.

Оқу бағдарламасы – әрбір оқу пәні бойынша меңгерілуге тиісті білімнің, шеберлік пен дағдылардың мазмұны мен көлемін айқындайтын құжат.

Оқу жоспары – оқу орындарында оқылатын оқу пәндерінің құрамын, оның оқу жылы бойынша өту тәртібі мен бірізділігін, әр оқу пәніне берілетін уақыт мөлшерін және оқу жылының құрылымын белгілейтін құжат.

Оқу іс-әрекеті – оқушыда оқуда мақсатқа жетуде мотивтелген белсенділіктің көрінуі**.**

Оқулық – оқу бағдарламалары мен дидактиканың талаптарына, оқыту мақсатына сай нақты оқу пәнінің мазмұны ғылыми негізде, жүйемен баяндалатын кітап.

Оқыту – қоғамдық-тарихи тәжірибені мақсатты түрде тасымалдау үдерісі; білім, білу, дағдыны қалыптастыруды ұйымдастыру.

Оқытушы тәжірибесі – оқытушының оқу-тәрбие жұмысында білім, дағды, іскерлік, әдетті игеруі.

Оқытушы іс-әрекеті – оқушыларды оқыту және тәрбиелеумен байланысты міндеттерді орындау процесі.

Оқытушы іс-әрекетінің жеке стилі – түрлі міндеттерді шешудің тұрақты, жеке-ерекше тәсілдері мен әдістерінің жүйесі.

Өзін-өзі анықтау – жеке адамның әртүрлі проблемалық ситуацияларда өз позициясын, бағыт-бағдарын белгілеу және саналы таңдау жасау.

Өзара әрекет – өзара байланысты және шарттылықты тудыратын объектілердің бір-біріне өзара әсерету процесі.

Өзін-өзі бағалау – адамның өзіне сындарлы көзқараспен қарап, өз мүмкіндігін өмір талабына сәйкес бағдарлай білуі.

Өзін-өзі бақылау – қойған мақсатына қатысты нәтижеге жету үшін адам өзінің мінез-құлқын және іс-әрекетін саналы реттеуінен көрінеді.

Өзін-өзі игеру – дұрыс ұйымдастырылмағын жағдайда іс-әрекетін жүзеге асыру қабілеті, ішкі еріктікті реттеу.

Өзіндік сана – адам санасы функцияларының ең жоғарғы көрінісі. Ол индивидтің өзі туралы, өзіне тән әлеуметтік қатынастар, қажеттіліктер, әрекет мотивтері, мәні мен мағынасын саналы түрде ұғынып, түсіну барысында көрініс береді.

Өзін-өзі сендіру – бір нәрсенің жүзеге асуы үшін өзін-өзі психологиялық дайындау (өзіне бағытталған психологиялық бағдар).

Өзін-өзі сүю – адамның өзін-өзі бағалауында көрінетін, эмоционалды қатынас.

Өзін-өзі тану – бұл процесс өзіңді, өзіңнің потенциалдық және өзекті қасиеттеріңді, жеке, интеллектуалдық ерекшеліктеріңді, мінезіңді, басқа адамдармен өз қарым-қатынасынды тану.

Өзін-өзі таңдау – қоғамдық іс-әрекет процесінде өзінің ішкі мәнін зерттеу, өзін-өзі тану процесі.

Өзін-өзі тәрбиелеу – тұлғаның өзінде жағымды қасиеттерінің қалыптасуына және жағымсыз қасиеттерін шеттетуге саналы түрде бағытталған жұмысы.

Өзін-өзі ұйымдастыру – саналатын ерік және ақыл-ой ерекшеліктерінде, мінез-құлық мотивінде іске асырылатын табиғи және әлеуметтік меңгерілген қасиеттердің жиынтығы және іс-әрекет және мінез-құлықтің реттілігімен жүзеге асады.

Өзін-өзі ұстау – тұлғаның өмірдегі шиеленісті, күрделі, қауіпті және адам әрекетін бұзатын ситуацияларда өзін-өзі реттеуге қабілетімен білінетін қасиеті.

Пікірталас – дұрыс шешімін табу мақсатында қандай-да бір сұрақтарды топтық талқылау.

Рақымдылық – басқа адамның психикалық күйін түсіне алу, адамды сүюдің көрінуінің формасы.

Рефлексия – (*лат.* бейнелеп көрсету) субъектінің психикалық акты мен күйлерді өзінше талдау және тану процесі.

Рухани тұлға – бұл сана жағдайының, дәлдеп алынған рухани қабілеттіліктермен қасиеттердің толық жиынтығы.

Сабақ – жалпы білім беретін мектептерде, оқытудың сыныптық-сабақтық жүйесінде оқу сабақтарын ұйымдастырудың негізгі нысаны.

Сабақ берудегі мақсаттылық бағдары – пән мақсатының қысқаша анықтамасы және оның маманды дайындау жүйесіндегі рөлі.

Сабақтан тыс іс-әрекет – біртұтас оқу-тәрбие процесінің құраушы бөлігі, білім алушылардың бос уақытын ұйымдастыру нысаны.

Сана асты – сана табалдырығының астынан өтетін психикалық процестер (жақсы таныс туралы ойлар, дағдылар, әдеттер, еріксіз реакциялар т.б.).

Сендіру – адамның бағалау қатынасын көрсететін тұлғалық құрылым.

Сенім – адамның ақыл-ойы, күші, ерік, қабілет және эмоционалды компоненттерден тұратын және адамның шынайылық немесе ойдағы құбылыстарға деген қатынасынан көрінетін рухани күй.

Стандарт (білімдегі) – білім беру жүйесі секілді күрделі көппрофильді, көп деңгейлі мақсатты үлгінің туралы түсінікті бекітуге шақырылған интеграцияланған пәнаралық категория.

Субьект – сыртқы ортаны нысанды танып білетін және өзінің мүдделеріне бағындыру мақсатында ықпал жасаушы.

Сыпайылық – адамдарға деген сый, қарым-қатынастың және өзара қарым-қатынас жасаудың әдеттегі құралына, күнделікті нормасына айналған тұлғаның моральды-психологиялық қасиеті.

Табандылық – қиыншылықтарға қарамастан мақсаттың жүзеге асуына бағытталған тұлғаның еріктік қасиеті.

Тәрбие – жас ұрпаққа қоғамдық-тарихи тәжірибені тасымалдау іс-әрекеті.

Тәртіптілік – тұлғаның мотивациялық, танымдық, эмоционалды жән басқа компоненттерінен тұратын тұлғаны тұрақты қасиеттері.

Толеранттылық – түрлі ойларға, адамдарды және оқиғаларды бағалауға деген шыдамдылықта көрінетін тұлғаның қасиеті.

Топтық бағалау әдісі – біріккен жұмыс бойынша бақыланушыны жақсы білетін, бағалай алатын адамдардың яғни бірнеше эксперттердің ойларының негізіндетұлға туралы неғұрлым толық ақпарат алу.

Түсінік – нақты заттардың және құбылыстардың бірдей қасиеттерін жалпылаудың нәтижесі, олардың айқын белгілерін көрсететін абстрактілі ойлаудың формасы

Тұлға – адам әлеуметтік қатынас субъектісі ретінде; қоғамдық қатынасқа енуімен анықталатын біріккен іс-әрекет және қарым-қатынаста қалыптасатын индивидтің жүйелі қасиеті.

Тұлға белсенділігі – өзгелерге және қоршаған ортаға ынталы әсер ету, оның мінез-құлқының мотиверінен, дүниеге деген көзқарасынан, құндылық бағдарынан, мінезі және темпераментіне тәуелді.

Тұлға қасиеттері – танымдық, эмоционалды, еріктік қасиеттерден тұратын тұрақты психологиялық құрылым.

Ұлттық мінез – ұлттың психикалық қалыптасуының психикалық құрылымы.

Ұялшақтық – санадан тыс дұрыс емес психологиялық бағдардың, қорқынышпен берілген және басқа да стресстік факторлардың болуы.

Ұят – субъектінің өзінің әрекеттерінің, ойларының сыртқы орта күтімдеріне сәйкес келмеуін саналы түрде ұғынуы.

Шығармашылық – адамның белсенділігінің және дербестілігінің өнімді формасы.

Іс-шаралар – бұл оқушыларға тікелей тәрбиелік ықпал ету мақсатында педагогтың ұйымдастыруымен болатын оқиға, оқу, ұжымдағы жағдаят.

Эксперимент – жалпы ғылыми танымның және жеке психологиялық зерттеудің негізгі әдістерінің бірі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Б.Қ.Құдышева., Г.Ж.Жұманова С.С.Нұркеева., Д.Е.Серовайская. Өзін-өзі тану пәніне кіріспе. – Алматы, 2007.
2. З.Л. Омарова. Адамгершілік тәрбиені қалыптастыру мәселелері. Бастауыш мектеп, № 2, 2004
3. Иманов А.К. Взаимосвязь нравственного и экологического в мировоззрении древних кочевников и ее преломление в наследии казахских просветителей второй половины XIX века // Білім. Образование. – 2006. №5
4. Есмагулова Г.Ж. Философская проблема человека в мировоззрении М. Жумабаева. – Алматы: Институт философии и политологии МОН РК, 2001-39с
5. Философия в духовном развитии человека на пороге третьего тысячелетия:нип/Науч.рук. Косиченко А.Г., институт философии и политологии МОН РК. – Алматы,2002
6. О.К. Трубецкая. Балалардың рухани-адамгершілік құндылықтарын қалай жетілдіруге болады // Сынып жетекшінің анықтамалығы №12(48) 2012
7. Пути модернизации системы воспитания на основе общечеловеческих и национальных ценностей и новаторских педагогических подходов Методическое пособие. – Астана: Национальная академия образования им.И.Алтынсарина, 2013. – 62 с.
8. ҚР-ның 2011-2020жж. арналған білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2010ж.
9. Г.А.Ерғалиева, Ә.М.Мұханбетжанова. Өзін-өзі тану ілімінің педагогикалық тарихи даму аспектілері. – Орал, 2005.
10. Р.А.Мұқажанова, Г.А.Омарова «Өзін-өзі тану» және басқа оқу пәндері: мазмұны мен әдістемін интеграциялау мүмкіндіктері. – Алматы: «Бөбек»ҰҒПББСО, 2013 ж. (аударған Р.Мұратханова)
11. 2018-2019 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хат, – Астана, 2018.
12. С.А.Назарбаева. Өмір әдебі. Әдеби эссе, толғаныстар. – Алматы: Бөбек, 2013.
13. Амонашили Ш.А. Как любить детей /Основы гуманной педагогики – М: Амрита-Русь,2012
14. «Өзін-өзі тану» курсының мониторингі. Жалпы білім беретін мектептердің 1-2 сыныптары үшін әдістемелік нұсқау. – Алматы: Бөбек РОСО, 2004
15. «Өзін-өзі тану» және басқа оқу пәндері: мазмұны мен әдістерін интеграциялау мүмкіндіктері. Мұғалімдерге арналған оқу-әдістемелік құрал./–Алматы: «Бөбек», ҰҒПББСО.
16. Р.А. Мұқажанова Мұғалімдерге арналған шығармашылық тапсырмалар. Творческие задания учителей. /Р.А.Мұқажанова, Г.А. Омарова, Р.Мұратханова. – Алматы: «Бөбек», ҰҒПББСО, 2015.

17. А.Б. Абдраимова «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының әдістемелік негіздері. – «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы «Ақмола облысы бойынша ПҚ БАИ», 2013.

18. Р.Набуова. Тәрбие жұмысының әдістемесі. – Алматы, «Нұрпресс» баспасы, 2014.

19. Б.И. Иманбекова.Тәрбиеге жетекші. – Алматы, 2004.

20. Ж. Мейір., Б.Қ.Игенбаева. Креативтік тәрбие. – Астана: Фолиант, 2009.

21. Б.Қ. Игенбаева. Мен - Адаммын, жеке тұлғаның рухани-адамгершілігін дамыту сабақтарын ұйымдастыруға арналған әдістемелік құрал, – Алматы, 2000.

22. Б.К.Умиралиева, З.А. Сапарбаева. Сабақ тиімділігін арттыратын 370 әдіс. – Шымкент: «Нұрдана- LTD» баспасы, 2017.

23. М.Жошыбаева. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар түрлері//№12, 2018.

24. А.Ж Мұрзалинова, Г.М. Ахметова, А.З. Ахметова. «Өзін-өзі тану» пәнінен оқытудағы құзыреттілік. Әдістемелік құрал. – Петропавл, 2012 ж.

25. Ж.Ж. Акимбаева Бірыңғай білім беру кеңістігінде «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік бағдарламасымен интеграцияланған тәжірибелік мектептерде сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру. – Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО, 2016.

26. Б.Мұқанова, Р.Ильясова. Этнопедагогика: Оқу құралы. 2-басылым. – Астана: Фолиант, 2014. – 280 бет.

Электрондық ресурстар:

1. http://bobek.kz Национальный научно-практический, образовательный и оздоровительный центр «Бобек»
2. https://www.cpm.kz/ru/
3. http://bilim-all.kz
4. http://smk.edu.kz/
5. http://www.orleu-almobl.kz
6. http://bilimainasy.kz
7. http://bilimsite.kz
8. http://bilimdiler.kz
9. http://ustaz.kz/kaz-tili